

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**5-9-СЫНЫПТАРДА «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ЖӘНЕ «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ»
ПӘНДЕРІНЕН ФОРМАТИВТІ ЖӘНЕ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫ
ҚОЛДАНУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Астана, 2025

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми–әдістемелік кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2025 жылғы 5 маусымдағы №2 хаттама).

5-9-сыныптарда «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерінен формативті және жиынтық бағалауды қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – 160 б.

Бұл әдістемелік ұсынымдар 5-9-сыныптарда «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерін оқытуда формативті (қалыптастырушы) және жиынтық бағалауды тиімді қолдануға арналған. Ұсынымдарда бағалаудың мақсаттары мен міндеттері, критерийлер мен дескрипторларды әзірлеу жолдары, тапсырмалардың үлгілері мен олардың орындалуын бағалау тәсілдері қарастырылған. Сондай-ақ білім алушылардың тілдік, коммуникативтік және әдеби-танымдық құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған бағалау үдерісін ұйымдастырудың әдістемелік ерекшеліктері берілген.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2025

КІРІСПЕ

Қазіргі білім беру жүйесінде бағалау – оқыту үдерісінің маңызды құрамдас бөлігі. Бағалау тек білім алушылардың жетістігін анықтап қана қоймай, олардың алдағы оқу мақсаттарына жетуіне бағыт-бағдар береді. Қазақстан мектептерінде енгізілген критериалды бағалау жүйесі оқытудың айқындығы мен әділдігін қамтамасыз етіп, білім алушының жеке ілгерілеуін тұрақты бақылауға мүмкіндік береді.

Бағалаудың білім беру жүйесінде де, білім алушылардың жеке тұлға болып қалыптасуында да орны ерекше екені белгілі. Бағалау оқыту процесінің маңызды құрамдас бөлігі әрі сабақтың ең негізгі ынталандарушы бөлімі болып саналады. Заманауи білім беру жүйесіндегі бағалау білім алушыларды ынталандыруға бағытталған.

Оқу үдерісінде бағалау әділ жүргізілуі керек. Өйткені бағалаудың дұрыс жүргізілмеуі білім алушының пәнге деген қызығушылығын азайтып, оқуға деген ынтасының құлдырауына әкеледі.

Бағалау білім алушының оқу жетістігін анықтап қана қоймай, оның білім деңгейін дамытуға, оқудағы әлсіз тұстары мен мықты тұстарын айқындауға, алдағы оқу үрдісін жетілдіруге мүмкіндік береді. Бағалау жүйесін өзгертудің мақсаты – білім алушылардың бағаларын мазмұнды, объективті және дифференциалды ету.

5-9-сыныптарда «Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті» пәндерін оқытуда қалыптастырушы (формативті) және жиынтық бағалауды тиімді қолдану – білім алушылардың тілдік, коммуникативтік және әдеби-танымдық құзыреттіліктерін дамытудың негізгі тетігі. Қалыптастырушы бағалау күнделікті сабақ барысында жүргізіліп, білім алушының оқу нәтижесін үздіксіз бақылап, жедел кері байланыс орнатуға ықпал етеді. Ал жиынтық бағалау белгілі бір бөлім немесе тоқсан соңында білім алушының жетістігін жинақтап, оқу мақсаттарына қаншалықты жеткенін анықтайды.

Әдістемелік ұсынымдарда «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерінен бағалаудың мазмұндық ерекшеліктері, оқу мақсаттарына сәйкес критерийлер мен дескрипторларды құрастыру жолдары, тапсырмалардың түрлері мен деңгейлері қарастырылған. Сонымен қатар, бағалау нәтижелерін сараптау, оқыту үдерісін жоспарлау және білім алушылардың жеке оқу траекториясын қалыптастыруға қатысты ұсыныстар берілген.

Бұл ұсынымдардың басты мақсаты – педагогтардың кәсіби құзыреттілігін жетілдіру, бағалау тәжірибесін біріздендіру және білім алушылардың оқу жетістіктерін әділ әрі айқын бағалау арқылы олардың тілдік және әдеби білімін тереңдету. Сондай-ақ құжат педагогтарға бағалау жүйесін тиімді ұйымдастыруда әдістемелік қолдау көрсетуді көздейді.

1. «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ЖӘНЕ «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» ПӘНДЕРІНЕН ФОРМАТИВТІ ЖӘНЕ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ КРИТЕРИЙЛЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ

Бүгінгі таңда кез келген ұлттың, соның ішінде қазақ халқының да халықаралық деңгейде дамуы ұлттық білім жүйесінің даму бағытына тікелей байланысты. Қазақстан Республикасының да мемлекеттік саясатының негізгі бағыттарының бірі білім беру мазмұнын жаңартуға қатысты түбегейлі шаралар болып табылады. Өйткені жаһандық өзгерістер, әлемдік трендтер қазіргі бастауыш, негізгі орта және орта білім беру мазмұнын қарқынды жаңартуды, оқыту мен оқуды үздіксіз жетілдіру мен жақсартуды талап етіп отыр. Білім беру – мемлекеттік, қоғамдық және жеке тұлғалық құндылық.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде оқу-тәрбие үдерісіне түбегейлі өзгерістер енгізу мақсатында ауқымды жаңғырулар мен реформалар жүзеге асырылуда. Білім алушыларды ХХІ ғасыр талабына сай біліммен, дағдымен және құндылықтармен қамтамасыз ету мақсатында жаңа форматтағы білім беру жүйесін әзірлеп, жаңартылған білім мазмұнын қолданысқа енгізді. Жаңартылған білім мазмұны еліміздің білім беру жүйесін әлемдік озық тәжірибелерге сәйкестендіруге бағытталған басты қадамдардың бірі болып саналады. Бұл өз кезегінде елімізде отандық білім беру жүйесінің әлемдік деңгейде дамуына және өскелең ұрпақтың әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік дағдыларын меңгеруіне ықпал етуде.

Білім мазмұнын жаңаша құрудың арқасында білім беру мазмұны оқытудың дәстүрлі репродуктивті стилінен жеке тұлғаның танымдық белсенділігі мен ойлау дербестігін қамтамасыз ете алатын білім берудің жаңа, сындарлы моделіне көшті. Орта білім беру жүйесіндегі білім мазмұны толығымен жаңарып, оқытудың жаңа технологиясы мен моделі пайда болды. Ол модельдің құрылымы дәстүрлі білім беру жүйесінен түбегейлі өзгеше.

Жаңартылған білім беру мазмұны білім алушылардың академиялық білім алып қана қоймай, алған білімін шынайы өмірде қолдана білу, сыни тұрғыдан ойлау, шығармашылықпен жұмыс жасау және коммуникативтік дағдыларын дамытуға бағытталған. Қазіргі сабақтарда білім алушылардың әрекеті танымдық, коммуникативтік, өзін-өзі басқару тұрғысында көрініс табады. Яғни, олар – білім алудың белсенді қатысушысы. Ал педагог сабақта бағыт беруші және қолдаушы рөлін атқарады. Бағдарламаның негізгі қағидаттары оқу мақсаттарын жоспарлауға, сабақты тиімді ұйымдастыруға, оқу үдерісін саралауға, оқу материалдары мен оқу ресурстарын тиімді қолдануға негізделген. Нақты оқу мақсаттары нені оқып-білу, нені бағалай алу қажеттігін көрсетеді.

Жаңартылған білім мазмұны әрбір білім алушының сыни пікірінің жүйелі қалыптасуында, сандық технологияларды меңгеруінде, сондай-ақ диалогтік қарым-қатынас негізінде танымдық іс-әрекеттерінің дамуында маңызды рөл атқарады. Әрі педагогтардың сабақ процесіне жаңаша көзқараспен қарауына түрткі болды. Белсенді сабақтарда білім алушылармен жеке, жұптық, топтық

жұмыстар жүргізуге баса мән беріледі. Оқу мақсаттарына байланысты сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтау, оқыту әдістері мен тәсілдерін таңдау, оқыту үлгілерін анықтау, оқуға жағымды атмосфера құру, сындарлы кері байланыс беру қазіргі заман педагогтан тыңғылықты дайындық пен үздіксіз ізденісті талап етеді.

Жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру, білім алушыны ынталандыру, білім алушылардың жеке және жас ерекшеліктерін ескеру де қажет. Нәтижесінде білім алушылар өздерін еркін сезінеді, педагог пен білім алушы арасында ынтымақтастық қарым-қатынас орнайды. Педагогтардың күнделікті сабақ барысында оқытудың заманауи әдіс-тәсілдер мен инновациялық технологияларды тиімді қолдана білуі оқу мен оқыту сапасының артуына әсер етеді.

Оқытудың белсенді нысандарын енгізу, білім алушыларда оқу құзыреттілігін қалыптастыру, білім алушының өз бетінше білімді игеруіне жағдай жасау, оқуды бірлескен орта жағдайында жүргізу, әрбір білім алушының қабілетіне қарай білім беру, т.б. жаңартылған білім мазмұнының артықшылығын көрсетеді. Жаңартылған білім беру бағдарламасының мақсаты – функционалдық сауаттылығы қалыптасқан, креативті және сыни ойлай білетін, өзіндік ой-пікірі мен көзқарасын білдіре алатын, бәсекелестікке қабілетті, еңбек нарығында өз орнын таба алатын тұлға қалыптастыру. Сондықтан да қазіргі жаңартылған білім беру жүйесі білім алушыларды білімді өздігінен іздену арқылы алуға бағыттайды.

Білім алушы өз бетімен білім алуға, тақырыпқа қатысты әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасауға, мәселелерді бірлесіп шешуге, ізденуге, зерттеуге үйренеді. Бұл өз кезегінде білім алушыларды ізденуге жетелейді, ойлауға үйретеді. Олардың білімге деген құштарлықтары мен өз бетімен жұмыс жасау белсенділіктері артады. Білім алушының белсенділігінің артуы оны шығармашылыққа, білім деңгейінің көтерілуіне жетелейді.

Осы орайда қазіргі таңдағы жаңартылған білім мазмұнының бірнеше ерекшеліктерін атап көрсетуге болады. Атап айтқанда, олар:

- жалпы білім беретін пәндер мазмұнының шиыршық (спиральды) қағидатына негізделуі. Яғни, білім алушыларға берілетін жаңа білім алдыңғы сыныптарда алған білімдерімен пәнішілік байланыста болып, сынып жоғарылаған сайын тақырыптардың күрделілігі артып отырады. Бұл білім алушылардың оқу материалын терең түсініп, жүйелі ойлауына мүмкіндік береді.

- оқу мақсаттарының Блум таксономиясы (білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау) бойынша құрылуы. Яғни, білім алушылардың ойлау дағдыларын түсіну және жауап беру деңгейінен жоғары деңгейге дейін қалыптастыруға негізделуі.

- білім берудің ұлттық моделі өскелең ұрпақтың сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамытуды көздеуі.

- білім алушыларды оқу сауаттылығына, математикалық, қаржылық, компьютерлік сауаттылықтарға үйрету.

– жаңа ақпараттық-компьютерлік технологиялар мен сандық білім беру ресурстарын, білім беру платформалары мен цифрлық оқулықтарды оқу процесінде пайдалану арқылы білім беру мазмұнын жетілдіру.

– жаңа форматта білім беру, білім алушыларға қолайлы білім беру ортасын құра отырып, білім сапасын арттыру.

– білім беру ұйымдарын соңғы үлгідегі модификациялық кабинеттермен жабдықтау арқылы теориялық білімді практикамен ұштастыра жүргізу.

Қазіргі таңда еліміздің білім беру ұйымдарына енгізілген жаңартылған білім мазмұны шеңберінде бағалаудың түрі де, рөлі де түбегейлі өзгерді. Ол білім алушының оқу жетістігін ашық және сапалы түрде бағалауға негізделген.

Жаңа үлгідегі бағалау жүйесі оқу үдерісі барысында үздіксіз жүргізіледі. Әр сабақта білім алушының дамуы зерделеніп, түзету жұмыстары ұйымдастырылады. Бағалаудың жаңа жүйесі оқу үшін бағалау қағидатын ұстанады. Бұрынғы дәстүрлі бағалаумен салыстыра қарағанда, жаңа жүйеде бағалау тек нәтижеге ғана емес, оқу процесіне де бағытталған. Бұл білім алушылардың жеке білім траекториясын, қабілеттері мен даму деңгейлерін ескере отырып, оқу жетістіктерін кешенді бағалауға мүмкіндік береді. Ол өз кезегінде білім беру ұйымының, педагогтардың даму бағытын, білім алушылардың біліміндегі ілгерілеушілік нәтижелерін анықтайды.


Сонымен қатар білім алушылардың күнделікті сабақ барысында оқу мақсаттарына қол жеткізген жетістіктерін зерделейді. Бірақ бағалау білім алушыны марапаттауға бағдарланбауы керек. Керісінше, нақты, сараланған бағалау критерийлеріне бағдарланады. Сондықтан педагог білім алушының ілгері басуын бағалау үшін пайдалана алатын тапсырмалар әзірлейді. Білім алушылардың тапсырманы жеке, жұппен орындау барысын қадағалап, жетістік критерийлеріне сай орындалғанын немесе орындалмағанын анықтайды.

Жаңартылған білім мазмұны аясындағы бағалау жүйесі білім алушының мотивациясын арттыруға, өзін-өзі бағалауға, жауапкершілікке үйретуге бағытталған.

Бүгінгі таңда білім алушылардың білімін, іскерлігін бақылау, бағалау дамуға бағытталуда, өзін-өзі бақылауға ұштасуда. Бұл білім алушылардың өзін-өзі бағалауын ынталандырып, білім алушыларға өздерін бағалауға мүмкіндік береді.

Білім берудің жалпыға міндетті стандартында бағалауға мынандай анықтама берілген: «Бағалау – білім алушылардың оқуда нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелермен әзірленген критерийлер негізінде салыстыру процесі.»

Жаңартылған білім мазмұнындағы бағалау жүйесі білім алушыларды жетілдіруге, олардың білім алуына қолдау көрсетуге, өмірлік дағдыларын дамытуға ықпал бағытталған. Сондықтан педагогтар бағалау принциптерін терең меңгеруі керек. Бағалау бірнеше негізгі принциптерге сүйенеді. (1-сурет).



1-сурет. Бағалаудың негізгі принциптері

Бағалау білім алушы үшін де, педагог үшін де маңызды. Біріншіден, білім алушының жеке дамуына, сыни тұрғыдан ойлауына, рефлексия жасауына ықпал етеді. Оқуын жақсарту алатынына сенімін арттырады. Екіншіден, педагогқа бағалау деректеріне талдау жасау арқылы білім алушылардың оқу қажеттіліктерін анықтауға және өзінің сабақтағы әдіс-тәсілдерін жетілдіруге көмектеседі.

Қазіргі білім беру жүйесіндегі бағалау үлгілік оқу бағдарламасымен және оқытумен тығыз байланысты. Әрі ол оқыту, оқу және бағалаудың өзара байланысына негізделген.

2016 жылдан бастап еліміздің мектептерінде білім алушылардың құзыреттілігін дамытуға және тұлғаның қалыптасуына бағытталған бағалаудың жаңа формалары әзірленіп, тәжірибеге енгізілді. Ол – критериалды бағалау. Критериалды бағалау – білім алушылардың оқу жетістіктерін білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес, ұжым талқысынан өткен, білім алушыға, ата-анаға және педагогқа түсінікті, нақты анықталған критерийлерге негізделген бағалау үдерісі.

Критериалды бағалау білім алушылардың оқу жетістіктерін объективті бағалауға және олардың оқу процесіндегі потенциалды деңгейлерін зерделеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар білім беру үрдісінің айқындылығы мен әділдігін қамтамасыз етеді. Өйткені ол нақты бағалау алгоритміне негізделген. Критериалды бағалау нәтижелері қазіргі заманауи білім беру үдерісін ұтымды жоспарлау, тиімді ұйымдастыру мақсатында пайдаланылады.

Критериалды бағалау жүйесінің өзіне тән бірнеше ерекшеліктері бар. Олар:

– білім алушының оқу жетістіктері нақты, алдын ала белгіленген критерийлер бойынша бағаланады;

– бағалауда салыстыру емес, оқу мақсаттарына жету деңгейі негізге алынады;

– бұл әділдікті, ашықтықты және білім алушыға түсініктілікті қамтамасыз етеді.

Жаңартылған білім беру мазмұнындағы бағалау жүйесінен көптеген оң нәтижелерді күтуге болады. Мысалы:

– білім алушы оқу мақсаттарын түсінеді және оны меңгеру жолдарын меңгереді;

– білім алушының өзін-өзі бағалау және рефлексия жасау қабілеті дамиды;

– олар тек баға үшін ғана емес, білім үшін оқуға дағдыланады;

– күнделікті оқу процесіне белсенділікпен қатысады, бірлескен оқу ортасы қалыптасады;

– оқу сапасы жақсарады және білім алушыға бағытталған оқыту жүзеге асырылады.

Қазіргі білім беру жүйесінде бағалаудың орны өте маңызды. Себебі бағалау білім алушылардың оқу жетістігін анықтап, оларды дамытуға бағытталған маңызды құралға айналды.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру процесінде бағалау төмендегідей нормативтік құқықтық актілер мен әдістемелік ұсынымдар негізінде жүргізіледі:

1. 2023 жылғы 1 қыркүйектегі енгізілген өзгерістерге сәйкес «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидалары» ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы;

2. 2023 жылғы 2 тамыздағы енгізілген өзгерістерге сәйкес «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығы;

3. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтындағы әдістемелік әзірлемелер:

Білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін жетілдіру бойынша әдістемелік ұсынымдар.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар.

Формативті бағалауды жүзеге асыру бойынша жалпы білім беретін мектептердің педагогтары мен басшыларына арналған нұсқаулық, т.б.

4. Назарбаев Зияткерлік мектептерінің, педагогикалық шеберлік орталықтарының бағалау бойынша әдістемелік әзірлемелері.

Жаңартылған білім мазмұны аясында бағалау жүйесі екі негізгі түрге бөлінеді: формативті бағалау және жиынтық бағалау.

1-кесте. Оқу жетістігін бағалау түрлері

Оқу жетістігін бағалау түрлері	
Формативті Бағалау	Жиынтық бағалау - Бөлім бойынша жиынтық бағалау - Токсандық жиынтық бағалау

Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында формативті бағалауға мынандай анықтама берілген:

Формативті бағалау – сыныпта күнделікті жұмыс барысында жүргізілетін бағалау түрі, білім алушылардың үлгерімінің ағымдағы көрсеткіші болып табылады, оқыту барысында білім алушылар мен педагог арасындағы жедел өзара байланысты, білім алушы мен педагог арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және білім беру процесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Формативті бағалау – оқу процесінің қозғаушы күші. Ол оқытумен бірге жоспарланады. Әрі білім алушыға бағыт беріп, сабақ бойынша қай жерде жетістікке жетіп жатқанын түсінуге көмектеседі. Сондай-ақ білім алушының белсенділігін арттырып, оларды өзін-өзі бағалауға, мақсат қоюға, жауапкершілікке үйретеді. Бағалаудың бұл түрі педагог мен білім алушы арасындағы ынтымақтастыққа негізделеді. Педагог тарапынан уақытылы, нақты берілген сындарлы кері байланыс білім алушының білімін дер кезінде түзетіп, одан әрі жетілдіре түседі.

Формативті бағалау күнделікті оқу процесін тиімді, әділ, шынайы бағалауға ықпал етеді. Бағалаудың бұл түрі күнделікті сабақ барысында жүйелі, үздіксіз жүргізіліп отырады. Формативті бағалауды тиімді жүргізу әрбір педагогтан бағалау критерийлерін нақты анықтап алуды талап етеді. Өйткені бағалау критерийлері оқу мақсатына жетуге бағытталған қадамдардың ең маңыздысы болып саналады.

Бұл өз кезегінде оқу мен оқытудың табыстылығын шынайы бағалап, білім алушылар мен педагогтар арасындағы кері байланысты қалыптастырады.

Сонымен қатар оқу процесін түзетіп отыруға, білім алушылардың жетістіктерін бағалауға және олардың білім мазмұнын меңгермеген оқы тұлғарын дер кезінде анықтауға мүмкіндік береді. Формативті бағалау да жиынтық бағалау сияқты пән бойынша үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұнына негізделеді. Формативті бағалаудың мақсаты мен міндеттері, сондай-ақ өзіне тән негізгі функциялары бар (2-кесте).

2-кесте. Формативті бағалаудың мақсаты, міндеттері, негізгі функциялары

Мақсаты	Пәнді оқытудың қиындықтарын анықтау, оқу бағдарламасының мазмұнын және білім беру стилін білу, болжау мен сұрыптау, білім алушылардың қандай жетістікке жеткендігін зерделеу.
Міндеттері	1) Оқу мақсаттарын, бағалау критерийлерін анықтау, білім алушыларға ұсыну; 2) білім алушылардың қай деңгейге жеткенін дәлелдеуге көмектестені бірлескен (коллаборативті) оқытуға арналған орта құру;

	3) білім алушыларды дамытуға жағдай жасайтын сындарлы кері байланысты қамтамасыз ету; 4) білім алушыларды бірлесе оқытудың сапалы көзі ретінде қатыстыру; 5) білім алушыларға өзінің оқуын «құрушылар/жасаушылар» ретінде жағдай жасау.
Негізгі функциялары	1) Қалыптастыру – тәжірибе жүзінде құндылықтар жүйесін белгілеу, қалыптастыру және бекіту; 2) ынталандыру – білім алушының күтілетін нәтижеге қол жеткізуі, тиімді түрде алға ілгерілеуі үшін қолайлы жағдай жасау; 3) уәждеу – білім алушылардың бойында оқуға және нәтижеге қол жеткізуге деген ынтаны ояту [2].

Формативті бағалаудың негізгі ерекшеліктері:

- күнделікті сабақ барысында үздіксіз жүргізіледі;
- педагог мен білім алушы арасындағы кері байланысты нығайтады;
- білім алушының оқу үрдісінде қай деңгейде екенін анықтап, әрі қарай жетілуге мүмкіндік береді.

Формативті бағалау оқу процесінің қозғаушы күші болса, жиынтық бағалау оқу нәтижесінің көрсеткіші болып есептеледі.

Жиынтық бағалау дегеніміз не? Жиынтық бағалау – белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан), сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді/ортақ тақырыптарды оқып аяқтағаннан кейін өткізілетін бағалау түрі.

Жиынтық бағалаудың негізгі ерекшеліктері:

- белгілі бір оқу кезеңінің соңындағы (бөлім соңында, тоқсан соңында) оқу нәтижелерін жинақтап көрсетеді;
- педагог мен ата-анаға білім алушының оқу үлгерімі туралы нақты ақпарат береді.

Жиынтық бағалау бөлім бойынша жиынтық бағалау және тоқсандық жиынтық бағалау деп екіге бөлінеді. Бөлім бойынша жиынтық бағалау оқу бағдарламасындағы белгілі бір бөлімді оқып аяқтағанда өткізілсе, ал тоқсандық жиынтық бағалау тоқсан соңында өткізіледі.

Жиынтық бағалау формативті бағалау арқылы жиналған білім мен дағдылардың қаншалықты меңгерілгенін көрсетеді. Жиынтық бағалау білім алушының белгілі бір уақыттағы білім деңгейін бағалайды, оқу жетістігі туралы мәлімет береді. Педагог жиынтық бағалау нәтижесіне сүйене отырып, білім алушылардың қай деңгейде екенін зерделеп, оқыту әдістемесін жетілдіреді, білім беру мазмұны мен әдістерін жаңғыртады. Жиынтық бағалаудың нәтижелерін оқу үдерісінің барысында ата-аналарға ақпарат беру үшін пайдаланады.

Жаңартылған білім беру мазмұнында формативті бағалау мен жиынтық бағалау бір-бірімен тығыз байланысты. Бағалаудың бұл түрлері бір-бірін толықтырып, білім алушының жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді. Формативті бағалау арқылы күнделікті оқу сапасы жақсартылса, жиынтық бағалау арқылы сол білімнің қаншалықты берік екені анықталады. Яғни, формативті бағалау – бұл жол, жиынтық бағалау – нәтиже.

Формативті бағалау мен жиынтық бағалау – білім алушылардың оқу процесін жетілдіру мен нәтижесін нақтылауға бағытталған маңызды құралдар. Педагогтар бұл бағалау түрлерін тиімді пайдалану арқылы білім алушылардың қызығушылығын арттырып, оқу сапасын көтере алады. Бағалаудың қай түрінде болмасын оқу мақсатына сәйкес бағалау критерийлерін, ойлау дағдыларының деңгейлерін дұрыс айқындау, жұмыс түрлерін дұрыс таңдау өте маңызды.

Қазіргі білім беру жүйесінде формативті және жиынтық бағалау түрлерінің үйлесімді қолданылуы – сапалы білім берудің кепілі.

Формативті бағалау білім беру саласында жаңашылдық әкелетін әдістердің бірі болып табылады. Оның ерекшелігі білім алушылардың оқу процесінің әр кезеңінде, жүйелі түрде бағаланып, өздерінің оқу жетістіктерін байқауы мен жақсартуына мүмкіндік беретінімен көрінеді. Қазақ тілі сабағында формативті бағалау білім алушылардың тілдік дағдыларын дамытып, олардың шығармашылық қабілеттерін ашуға ықпал етеді. Бұл тақырып жалпы оқу бағдарламасымен тығыз байланыста болып, әр сабақты тиімді өткізуге және білім алушылардың белсенділігін арттыруға көмектеседі.

Мақсаты: Қазақ тілі сабағында формативті бағалаудың мәнін, түрлерін және ерекшеліктерін түсіну арқылы өзіндік бағалау және өзара бағалау әдістерін тиімді қолдану, жұмыс дәптерлерінің түрлері мен үлгісін дағдыларын дамытуды қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- формативті бағалаудың негізгі ұғымдарын түсіну.
- формативті бағалаудың түрлерімен танысу.
- өзіндік бағалау әдістерін үйрену.
- өзара бағалау әдістерін зерттеу.
- жұмыс дәптерінің түрлі үлгілерін қолдану.
- формативті бағалау құралдарын жасауға үйрену.
- білім алушылардың тілдік дағдыларын бағалауда жаңа әдістерді қолдану.
- өзіндік және өзара бағалау арқылы оқу үрдісін жетілдіру.

Пәнаралық байланыс: Формативті бағалау әдістерін басқа пәндерде, мысалы, әдебиет, тарих, биология, география, физика сияқты сабақтарында қолдануға болады. Лексикалық тақырыптарды меңгерту осы пәндермен тығыз байланыста жүргізіледі. Бұл әдістер білім алушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамытуға септігін тигізеді.

Заманауи білім беру үрдісінде цифрлық технологияларды пайдалану өте маңызды. Қазақ тілі сабағында Quizlet, Kahoot, Google Classroom сияқты платформалар кеңінен қолданылуы мүмкін. Білім алушылар бұл платформалар арқылы интерактивті жаттығулар, тесттер және презентациялар жасап, білімдерін тексере алады. Мұндай құралдарды сабақ барысында кіріктіріп пайдалану білім алушылардың қызығушылығын оятып, оқу процесінің тиімділігін арттырады.

Формативті бағалауда әдістемелік құралдар ретінде түрлі жаттығулар мен шығармашылық тапсырмаларды қолдануға болады. Мысалы, білім алушылардың өзіндік бағалау жүргізуі үшін рефлексиялық журналдарды

пайдалану тиімді. Сабақтың басында білім алушыларға оқудың мақсаты мен күтілетін нәтижелері түсіндіріледі, содан кейін олар өздерінің оқу процесінде не бағындырғанын және қай жерде қиындық көргенін жазады. Жаттығуларды кезең-кезеңімен, алғашқыда неғұрлым қарапайымнан бастап, күрделендіру арқылы ұйымдастыру тиімді болады.

Оқу процесінің тиімділігін бағалау нақты көрсеткіштерге сүйенеді: білім алушылардың сабаққа деген қызығушылығының артуы, өзіндік бағалау қабілетінің қалыптасуы, оқу нәтижелерінің жақсаруы. Сонымен қатар, формативті бағалау білім алушылардың оқу мақсаттарына жету көрсеткіштеріне де оң әсер етеді, бұл олардың өзіндік сенімін артып, жауапкершілігін күшейтеді.

Тақырыпты толығымен қамту мақсатында формативті бағалау әдістерімен бірге қазақ тілі сабағында формативті бағалаудың мәнін, түрлерін және ерекшеліктерін түсіну арқылы өзіндік бағалау және өзара бағалау әдістерін тиімді қолдану, жұмыс дәптерлерінің түрлері мен үлгісін қамтыдық. Әрбір бөлім бөлімдер арасындағы логикалық байланыс арқылы сипатталып, нақты мысалдар мен теориялық негіздемелерге сүйене отырып жазылған. Бұл құжат қазақ тілі педагогтардың практикалық жұмысына нақты бағыт-бағдар беріп, олардың кәсіби дамуына жәрдемдесетіні анық.

Формативті бағалау оқу үдерісінде маңызды роль атқарады. Формативті бағалау – сыныптағы күнделікті жұмыс барысында жүргізілетін бағалау түрі білім алушылардың үлгерімінің ағымдағы көрсеткіші болып табылады, оқу барысында білім алушы мен педагог арасындағы жедел өзара байланысты, білім алушы мен педагог арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және білім беру процесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Формативті бағалау кезінде педагог сабақта кері байланысты жүзеге асырады. Педагог білім алушылардың санын, кері байланысты беру нысанын және жиілігін дербес анықтайды.


Білім алушылардың пән бойынша оқу жетістіктері екі тәсілмен бағаланады:



2-сурет. Формативті бағалау (ФБ) және жиынтық бағалау (ЖБ).

Формативті бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде жүреді. Формативті бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, білім алушылар мен педагог арасындағы кері

байланысты қамтамасыз етеді, оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Педагогтар оны білім алушылардың жетістіктерін өлшеп, алдағы сабақтарын жоспарлау үшін қолданады. Білім алушылардың оқуда жетістіктерге жетуіне және алға ілгерілеуіне тікелей ықпал етеді.



3-сурет. Формативті бағалаудың негізгі функциялары

Формативті бағалаудың мәні:

- білім алушылардың білім деңгейін үнемі бағалап, кері байланыс беру арқылы білім алуды жақсарту;
- оқыту үшін бағалау рөлін атқарады;
- педагог мен білім алушы арасындағы үздіксіз кері байланысты қамтамасыз етеді;
- білім алушының қатесін түзетуге, білімін толықтыруға мүмкіндік береді;
- мотивацияны арттырады, оқуға деген ынтасын қолдайды.


Формативті бағалау — бұл оқыту процесінде білім алушылардың білімін, дағдыларын және түсінуін үздіксіз бақылап, кері байланыс беру арқылы олардың оқу жетістіктерін жақсартуға бағытталған бағалау түрі. «Бағалау» бірінші кезекте білімнің сапасын айқындау үшін қажет.

«Сыныптағы бағалау тек қана техникалық тәсіл емес. Педагогтар жазбаша немесе ауызша түрде баға қою арқылы бағалайды. Олар қолданатын кез келген нысанның артында тек қана объективті немесе жеткілікті дәрежеде объективті емес нормалар мен стандарттар ғана емес, сондай-ақ баланың дамуы, оқуы және ынтасы туралы түсінік, сонымен қатар өзін-өзі бағалау, қабілеттілік және күш-жігер сияқты ұғымдарға қатысты құндылықтар жатады

1. Ауызша кері байланыс.	• Педагог сабақ үстінде білім алушыға ауызша түрде ескерту немесе мадақ айту арқылы қолдау көрсетеді.
2. Жазбаша кері байланыс.	• Жұмыстарға пікір жазу, нақты кеңес беру арқылы білім алушыға бағыт-бағдар ұсынады.
3. Өзін-өзі бағалау.	• Білім алушы өз жұмысын бағалап, не дұрыс, не бұрыс екенін анықтауға үйренеді.
4. Жұптық және топтық бағалау.	• Білім алушылар бір-бірінің жұмысын бағалап, талдау жасайды.
5. Бақылау парақтары мен рубрикалар.	• Бағалау критерийлері арқылы білім алушының прогресін құрылымды түрде бақылау.
6. Сауалнама	• Берілген сұрақтарға жауап беру арқылы ақпарат жинақтау.
7. Интервью	Сұрақ-жауаптар арқылы қандай да болмасын мәселені талқылау және өзіндік пікір келтіру.

4-сурет. Формативті бағалаудың түрлері

Формативті бағалау әдістемесінің ерекшелігі – ол білім алушылардың өз білімін бағалауға қатысуына назар аударады.



5-сурет. Формативті бағалаудың жүйесі

Бағалау жүйесі бойынша шетелдік тәжірибелерге сүйенсек, Сингапурда бағалау жүйесі «оқыту үшін бағалау» (assessment for learning) қағидатына негізделген. Мектептерде формативті бағалау басты орынға қойылады: педагогтар әр сабақта білім алушының ойлау қабілетін дамытуға бағытталған қысқа тапсырмалар, топтық жұмыстар және өзін-өзі бағалау әдістерін қолданады. Жиынтық бағалау білім алушылардың академиялық білімін тексерумен қатар, олардың сыни ойлау дағдысы мен өмірлік құзыреттерін бағалауға бағытталған. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда бұл тәжірибені қолдану үшін мәтінмен жұмыс жасауда «ой бөлісу», «топтық пікірталас», «кері байланыс парағы» сияқты тәсілдерді қолдану тиімді.

Жапонияда бағалау білім алушының білім нәтижесін ғана емес, оқу үдерісіндегі белсенділігін, ынтасын және дербес ойлауын да қамтиды. Қалыптастырушы бағалау көбіне педагогтың жүйелі бақылауы мен білім алушы күнделіктерін жүргізу арқылы жүзеге асады. Жиынтық бағалау кезеңдік тестілермен ғана шектелмей, жобалық жұмыстар мен шығармашылық тапсырмаларды да қамтиды. Қазақ әдебиетін оқытуда жапон тәжірибесін негізге алып, білім алушылардың әдеби күнделік жүргізуін, кейіпкер бейнесін талдауын немесе шығармаға жеке көзқарасын жүйелі жазып отыруын енгізуге болады.

Ирландияда «Assessment for Learning» және «Assessment of Learning» ұғымдары кең қолданылады. Педагогтар сабақ барысында формативті бағалауды «ауызша кері байланыс», «дәл қазіргі жетістік деңгейін көрсету» және «келесі қадамды айқындау» арқылы жүзеге асырады. Жиынтық бағалау ұлттық деңгейде стандартталған емтихандар мен жобалық жұмыстар арқылы іске асады. Қазақ тілі сабағында ирландиялық үлгіні қолдану – жазылым мен айтылым бойынша білім алушыға нақты критерийлермен бағыт-бағдар беру, эссе немесе зерттеу жобалары арқылы жиынтық бағалау жүргізу.

Канадада бағалау жүйесі білім алушының жеке оқу траекториясын ескеруге негізделген. Формативті бағалау оқу барысында «рефлексия», «өзін-өзі бағалау» және «тең құрбысын бағалау» түрінде кеңінен қолданылады. Жиынтық бағалау портфолио, жобалық жұмыс және тест түрінде жүргізіледі. Қазақ тілі мен әдебиетінде канадалық тәжірибені пайдаланып, білім алушылардың жеке портфолиосын қалыптастыруға, шығармашылық жазбаларын жинақтап бағалауға болады.

4-кесте. Формативті және жиынтық бағалауды қолданудағы шетел тәжірибесі

Ел	Формативті бағалау ерекшелігі	Жиынтық бағалау ерекшелігі	Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарына енгізу мүмкіндігі
Сингапур	«Оқыту үшін бағалау» қағидаты, әр сабақта қысқа тапсырмалар, топтық жұмыс, өзін-өзі бағалау, жедел кері байланыс	Академиялық біліммен қатар сыни ойлау дағдысын, өмірлік құзыреттерді бағалау	Мәтінмен жұмыс кезінде «ой бөлісу», пікірталас, кері байланыс парағы тәсілдерін қолдану
Жапония	Педагогтың жүйелі бақылауы, білім алушы күнделігін жүргізу, оқу белсенділігін бағалау	Тестілермен қатар жобалық жұмыс, шығармашылық тапсырмалар	Әдеби күнделік жүргізу, кейіпкер бейнесін талдау, жеке пікірді жазу
Ирландия	Ауызша кері байланыс, жетістік деңгейін көрсету, келесі қадамды айқындау	Стандартталған емтихан, зерттеу жобалары	Жазылым, айтылымға нақты критерий беру, эссе және зерттеу жобасы арқылы бағалау
Канада	Рефлексия, өзін-өзі және тең құрбысын бағалау, жеке оқу траекториясына бағытталу	Портфолио, жобалық жұмыс, тест	Білім алушы портфолиосын қалыптастыру,

			шығармашылық жазбаларды жинақтау
--	--	--	-------------------------------------

Бұл елдердің тәжірибесі көрсеткендей, формативті бағалау білім алушының оқу барысында дамуын бақылауға, ал жиынтық бағалау оның жетістігін жинақтап көрсетуге бағытталған. 5–9-сыныптарда «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерінде шетелдік тәжірибені кіріктіру білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға, әдеби шығармаларды сыни тұрғыдан талдауға, өзіндік пікір айтуға және жеке оқу жетістіктерін жүйелі түрде көрсетуге мүмкіндік береді.

Бағалау арқылы білім беру тиімділігін арттыру қазіргі білім беру стандарттарының бір бөлігі болып табылады. Нақты және айқын бағалау критерийлерін қолдану білім алушылардың өз жетістіктерін бағалауға көмектеседі. Өзара бағалау және өзіндік бағалау әдістері формативті бағалау процесінде тиімді болып табылады.

6-сурет. Бағалау критерийлері (үлгі)

****Бағалау шкаласы:****

«9-10» - Білім алушы сұрақтарға еркін жауап береді, тақырыптың мазмұнын мен идеясын жақсы түсінеді. Тапсырмаларды мұқият және толық орындайды. Өз ойын анық және сенімді жеткізіп, пікірін дәлелдей алады.

«7-8» - Білім алушы тақырыптың мазмұнын түсінеді, бірақ қателіктер жібереді. Талдау кезінде немесе ойды жеткізуде кейбір қателіктер орын алуы мүмкін, бірақ жалпы ойын түсінікті жеткізеді.

«5-6» - Тапсырмаларды орындауда белсенділік аз, бірақ кейбір жауаптары дұрыс бағытта. Қателер жиі кездеседі және ойы түсініксіз болуы мүмкін.

«3-4» - Білім алушы талдауға белсенді қатыспайды және тақырыптан ауытқуы мүмкін. Жауаптары мен талдауында айқын қателер бар.

«1-2» - Білім алушы тапсырмаларды орындау талаптарын орындамайды немесе тапсырмаларға мүлдем жауап бермейді.

Қазақ тілі сабағында өзіндік бағалау және өзара бағалаудың тиімді әдістері білім алушының сын тұрғысынан ойлау қабілетін, өз бетінше жұмыс істеу жауапкершілігін және өз оқуына деген қызығушылығын арттыруда маңызды рөл атқарады.

Өзін-өзі бағалау «өткен тәжірибені пайымдау, оқығаны және қол жеткізгені туралы нақты түсінікті алуға талпына отырып, еске алуға және түсінуге ұмтылыс жасау үдерісі» деп айқындалады.

Өзін-өзі бағалау үдерісі нәтиже беру үшін білім алушыларға белгілі бір стандарттарға сәйкес өз жұмыстары жайлы ойлануға мүмкіндік беру маңызды. Білім алушылар өз қателері мен қиындықтарын мойындаулары керек, алайда бұл кезде білім алушы өзіне деген сенімін жоғалтпас үшін педагог тарапынан жеткілікті дәрежеде қолдау көрсетілуі тиіс. Қателермен жұмыс жүргізу үшін

уақыт бөліп, білім алушыларға соңғы шешім қабылданғанға дейін түрлі шешімдердің арасынан таңдау жасау әдеттегі құбылыс екенін жеткізу керек.

«Сабақ барысында «баланың өзін еңбектендіріп, бірлестіріп, өз бетімен білім тапқандай қылса», «жұмыстайтын материалдар даяр түрінде емес, балалар тәжірибе қылып, зерттеп, өз бетімен шешкендей, тұрмыс жұмбақ түрінде берілсе» оқудың анағұрлым тиімді болатынын естен шығармаған дұрыс.

Білім алушылар өзінің жеке жұмысына немесе бір-бірінің жұмысына жай ғана баға қойғаннан гөрі, өзара бағалаудың маңызы зор. Ондағы мақсат - білім алушыларға өз жұмыстарының сапасын көтеруге қызықтыру және оларға оны жақсартудың мүмкіндіктерін талдауға көмектесу. Өзара бағалау білім алушыларға бір-бірімен өзара оқуға және бір-бірін өзара қолдайтындай, қажетті кері байланысты орнатуға көмектеседі, ол білім алушыларға сөйлесу, талқылау, түсіндіру және бір-бірін сыни бағалау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Тиімді жасалған өзара бағалау алдағы уақытта оқу кезеңінде білім алушылардың одан әрі алға ұмтылуға деген жауапкершіліктерін дамытуға көмектеседі.

Жұмысқа баға қоюмен ғана шектеліп қалмайтын білім алушыларды өзін өзі бағалауға немесе өзара бағалауға ынталандырудың көптеген тәсілдері бар. Өзін-өзі бағалау стратегияларының жалпы сипаты - белгілі бір критерийлердің болуында. Бұл - орындалған жұмысқа қатысты сабақтың табыс критерийлерін қолдану түрінде болуы мүмкін немесе таныстырылым кезінде білім алушылар бір-біріне іске қатысты сұрақ қоя алады. Білім алушылардың өздерінің сұрақтарын әзірлеп, оларға берілген жауаптарды бағалау барысында бағалаудың нақты критерийлерін негіз ретінде пайдалана алады. Атқарылған жұмысқа қолданылатын сабақтың табыс критерийлері немесе жай ғана тиісті сұрақтарды құрастыру кейін осы сұрақтарды өздігінен қоя алады. Өзіндік бағалау және өзара бағалау әдістері білім алушылардың өз қабілеттерін түсінуге және өзгелердің жұмысына баға беруге мүмкіндік береді. Бұл әдістер білім алушылардың белсенділігін арттырады және жауапкершілік сезімін дамытады.

Әрбір білім алушының сабақта қалайша жұмыс жасағандығын анықтау - педагог үшін өте күрделі мәселе. Басты сұрақ білім алушының оқу процесінде қалайша жұмыс жасап, оқу мазмұнын қандай дәрежеде игергендігімен байланысты болады. Сол себепті де білім алушылар өздерінің қалайша дамығандарын білу үшін оларға өзін-өзі бағалау жұмысын тапсырған орынды. Мынандай үлгілерде білім алушылар өз жұмысын атқарған әрекеттері арқылы бағалайды.

Өзін-өзі бағалауды төмендегідей ұйымдастыруға болады:

- педагог білім алушылармен бірлесе отырып, бағалау критерийлерін айқындап, бағалау кестесін құрастырады.

- білім алушы сабақ барысында немесе басқа да іс-әрекет қорытындысы бойынша өз жұмысын бағалайды. Бағалауда «плюс» және «минус» белгілерін немесе он баллдық жүйені қолдануға болады.

- нәтижелерді талқылау.

Педагог білім алушыларға келесі мәселелерді талқылауды ұсынады:

1) Жұмыс орындау барысында білім алушылар өздерінің қандай әрекеттерін сәтті болды деп есептейді?

2) Жұмыс орындау барысында білім алушыларда қандай қиыншылықтар пайда болды?

3) Бұл қиыншылықтарды қалай жеңуге болады?

4) Білім алушылардың бұл әрекеттері бұрынғы жұмыстармен салыстырғанда қандай деңгейде болды?

5) Жұмыс орындау барысында білім алушылар жетістіктерге қол жеткізді ме?

Жазбаша есеп беру.

Білім алушылар өз жұмысы жайлы жазбаша есеп беріп, оның тиімділігі жайлы ой толғайды.

Білім алушылардың өзін-өзі бағалауы олардың өз оқу процесіне жауапкершілік алуына және өзіндік ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Өзіндік бағалау әдістері білім алушылардың өздерінің оқу үрдісін және жетістіктерін саналы түрде түсінуіне, бағалауына және дамытуына көмектеседі.

Өзіндік бағалау түрлерін тиімді қолданудың бірнеше әдісі:

Сұрақ-жауап күнделігі: Білім алушылардан сабақтың басында белгілі бір тақырып бойынша сұрақтар жазуды және сабақ соңында сол сұрақтарға жауап беруді сұраңыз. Бұл олардың өз ойын жинақтауға және түсінгенін бағалауға көмектеседі.

Критерийлер бойынша чек-лист: Білім алушыларға орындаған тапсырмаларын белгілі бір критерийлер бойынша бағалауға мүмкіндік беріңіз.

Мұнда тілдік ережелерді дұрыс қолдану, стильдік ерекшеліктерді сақтау, сөйлем құрылымдары және т.б. ескерілуі мүмкін.

Рефлексиялық эссе: Сабақ соңында не үйренгені, қиындықтары және келесі қадамдары туралы қысқаша эссе жазуды ұсыныңыз.

Түсінү
Сабақтың материалын қаншалықты жақсы түсінгенін бағалау. Мазмұнның қиындық деңгейін бағалау.
Қатысу
Сабақтағы белсенділік деңгейін бағалау. Талқылауларға қаншалықты қатысқанын көрсету.
Тапсырмаларды орындау
Үй тапсырмаларын уақытында әрі сапалы орындауды бағалау. Тапсырмаларды орындау барысында кездескен қиындықтар.
Уақытты басқару
Уақытты тиімді пайдалану қабілетін бағалау. Орындалған жұмыстардың уақытылы аяқталуын байқау.
Жетістік пен Қиындықтар
Сабақ барысында жеткен негізгі жетістіктерін анықтау. Кездескен қиындықтар және оларды шешу жолдары.

7-сурет. Өзін-өзі бағалау критерийлері

Сыныпта ынтымақтастық ахуалын қалыптастырып, жағымды психологиялық орта қалыптастыру үшін, білім алушылардың арасында өзара қарым-қатынасты нығайтып, олардың өзіне беретін бағасын көтеріп, өзі туралы пікірін жақсарту арқылы табыстылық сезімін ұялату үшін білім алушылармен түрлі жаттығу өткізуге болады. Ойын түрінде өткізілетін жаттығулар білім алушылардың өзара араласуына және педагог мен білім алушылар арасындағы тығыз қарым-қатынастың орнауына жол ашады.

Өзіндік бағалау әдістері:

Өзара бағалау: Білім алушылар басқа білім алушылардың жұмыстарын бағалайды.

Олар анықталған критерийлер негізінде өз құрдастарының жұмысын талдайды, бұл оларға өз жұмыстарын жақсартуға деген түсінікті арттырады.

Рефлексиялық журнал: Жеке күнделік немесе журнал арқылы білім алушылар өздерінің оқу тәжірибесін талдайды. Білім алушылар өз жетістіктері мен қиындақтарды жазып отырады.

Портфолио құру: Білім алушылар өз жұмыстарын жинап, портфолио жасайды. Бұл әдіс ұзақ мерзімді жетістіктер мен дамудың көрінісін береді.





Бағалау критерийлерін құру:


Білім алушылар бағалау критерийлерін жасайды немесе олармен танысады. Бұл оларға не күтілетінін түсінуге және осы талаптарға сәйкес жұмыс істеуге көмектеседі.

Өзіндік тестілеу: Білім алушылар өздерін тексеру үшін тест сұрақтарын әзірлейді және оларға жауап береді. Бұл әдіс білімнің қаншалықты терең меңгерілгенін анықтайды.

Жетістік картасы: Білім алушылар өздерінің жетістіктері мен жақсаратын салаларын бақылау үшін жетістік картасын қолданылады. Бұл картада олардың мақсаттары мен қол жеткізген нәтижелері белгіленеді.

Бұл әдістерді пайдалану білім алушылардың өзінің оқуын басқаруына, өзіндік тәртіпке және оқу мотивациясына үлкен ықпал етеді. Педагогтар білім алушыларға бағыт беріп, қолдау көрсету үшін осы әдістерді өз сабақтарында қолдана алады.

 Оқушының аты: _____ Кері байланыс:   	 Оқушының аты: _____ Кері байланыс:   	<i>Бағалау парағы</i> Атты- жөні: _____ Пәні: _____ Сыныбы: _____
 Оқушының аты: _____ Кері байланыс:   		 Оқушының аты: _____ Кері байланыс:   




"Өзін-өзі бағалау" парағы

Бүгінгі сабақтан ұққан 3 тірек сөз

Бүгінгі сабақтан ойға түйген 2 ұғым

Бүгінгі сабаққа қатысты 1 сұрақ

Мені қызықтырғаны:

Бүгінгі сабақтан алған бағам:

Оқушы:

8-сурет. Өзін-өзі бағалау

Өзін-өзі бағалау кестелері білім алушылардың өз жетістіктерін және дамытуды қажет ететін аспектілерін анықтауға көмектеседі. Кестені құрастыруға арналған ұсыныстар:

Өзін -өзі бағалау жұмысында кестелер арқылы жүзеге асыру тиімді. Төменде білім алушылардың өзін-өзі бағалау кестелерінің бірнеше мысалы келтірілген.

5-кесте. Білім алушының өзін-өзі бағалау

Топ ішінде талқылау жұмысы

Білім алушының іс-әрекеттері	Әрқашан	Әдетте	Кейде	Ешқашан
Мен талқыланып жатқан мәселені басқа проблемалармен салыстырып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындаймын				
Мен барлық ойлар мен болжамдарымды ортаға саламын				
Мен нақты дерек көздеріне сілтеме жасап, ұсыныстарымды дәлелдеймін.				

Талқылау барысында мен басқалардың пікірлерін мұқият тыңдаймын, олардың сөздерін бөлмеймін, олармен санасамын.				
--	--	--	--	--

Жазба жұмыстарын бағалау кестелері білім алушыларға нақты және объективті кері байланыс беру үшін тиімді құрал болып табылады. Олар білім алушылардың жазу дағдыларын дамытудың қай салаларына назар аудару керектігін анықтауға көмектеседі.

Жазба жұмысын орындауда білім алушының өз әрекеттерін бағалау

Критерийлер	Әрқашан	Әдетте	Кейде	Ешқашан
Мен тақырып бойынша ақпарат көздерімен танысып, жан-жақты қарастырып, қолланамын				
Мен жаңа көзқарас пен пікірлерді келтіремін.				
Мен өз ұстанымдарымды анық және айқын түрде келтіремін.				
Мен сөздер мен сөз тіркестерін таңдаймын.				
Мен ой қорытуда мәселені жалпылама тұрғыда қарастырамын				

Жазба жұмыстарының бағалау кестесін құрастыру – бұл білім алушылардың жұмысын әділ және тиімді бағалау үшін маңызды құрал. Қалай құрастыруға болатындығы туралы ұсыныстар:




9-сурет. Бағалау критерийлері

Әрбір критерийді белгілі бір ұпайлармен бағалауға болады, мысалы:



10-сурет. Бағалау шкаласы

Өзара бағалау — білім алушылардың бір-бірінің жұмыстарын бағалау процесі, бұл әдіс оларға өз жұмысын және сыныптастардың жұмыстарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл әдістің басты мақсаты — оқу үрдісін жақсарту және білім алушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту. Өзара бағалау білім алушыларға кері байланыс беруге көмектеседі. Бір-бірінен білім алуға және бір-біріне қолдау көрсетуге, талқылауға, әңгімелесуге, түсіндіруге және бірін-бірі сынауға мүмкіндік береді. Сапалы өзара бағалау өз жұмысын бағалау сапасын жақсартуға ықпал етеді. Сабақтарда білім сапасын арттыруға бағытталған видеоматериалдарды, Онлайн платформалар: Menti, Kahoot, немесе Padlet секілді құралдарды пайдалана отырып, өзіндік және өзара бағалауды қызықтырақ етуге болады. Нәтижесінде ол білім алушылардың бойында өзінің алға дамуы үшін жауапкершілігін арттыруға бағытталады.





11-сурет. Өзара бағалау

Өзара бағалау әдісін тиімді қолдану үшін педагогтар білім алушыларды бағалаудың әдіс-тәсілдеріне, критерийлерін түсінуге және дұрыс кері байланыс беруге үйрету керек. Бұл әдіс білім алушылардың оқу тәжірибесін байытады және өз нәтижелерін жақсартуға итермелейді.

Өзара бағалау: түрлерін тиімді қолданудың бірнеше әдісі:

Жұптық немесе топтық бағалау: Білім алушыларды жұппен немесе топта біріктіріп, бір-бірінің жұмыстарын белгілі бір бөлімдер бойынша бағалауды ұйымдастырыңыз. Бұл тілдік қателерді, мазмұнды және стильді бағалауға мүмкіндік береді.

«Достық баға» әдісі: Әр білім алушы сыныптағы басқа білім алушының жұмысын қарап, кемінде үш позитивті аспектіні және бір жақсартуды қажет ететін тұсты жазады.

Нақты кері байланыс: Өзара бағалау кезінде білім алушыларды тек баға берумен ғана шектелмей, оқытушылардың жетекшілігімен толық түсіндірмелер беруге үйренеді.

Өзара бағалау әдісі топтық жұмыс кезінде белсенділік және қолдау көрсетіледі

Топтық жұмысты бағалау.

Білім алушылардың топта жұмыс жасау дағдыларын бағалау үшін тиімді бағалау кестелері өте маңызды. Мұнда топтық жұмысты бағалауға арналған бірнеше критерийлер мен идеялар ұсынылады:



12-сурет. Бағалау критерийлері

6-кесте. Топ жұмысын бағалау

Критерийлер	Топ жұмысын ұйымдастыру 2балл	Сұрақ қою 2балл	Сұрақтарға жауап беру 2балл	Тапсырмаларды орындау 2балл	Белсенді қатысу 2балл	Жалпы балл
Топ мүшелері						
Әділет	+	+	+	+	+	10
Мадияр	+	+	+	+	+	10
Малика	+	+	+	+	+	10
Құралай	+	+	+	+	+	10
Нейла	+	+	+	+	+	10
Топ бойынша						50

Мұндай кестелер білім алушылардың топ ішінде тиімді жұмыс жасаудағыларын дамытуға көмектеседі және олардың өз жұмыстарын объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Өзін-өзі және өзара бағалау әдістерін тиімді пайдалану үшін білім алушыларды бағалау критерийлерімен таныстырып, оларға конструктивті кері байланыс беру жолдарын үйрету маңызды. Бұл әдістер білім алушылардың оқу процесіндегі жауапкершілігін арттырып, сабақтарды қызықты және пайдалы етеді.

Білім алушы сабақ соңында өз түсіну деңгейін белгімен білдіреді.

<https://classroomscreen.com/app/login>



"Екі жұлдыз, бір тілек":

- Екі жақсы тұсын атап өтеді
- Бір жетілдіру қажет тұсын ұсынады



Өзара бағалау әдістері:

Бағалау парағы арқылы жұптық бағалау:

Білім алушылар бір-бірінің жұмысын арнайы кесте арқылы бағалайды.

Үлгі:

Бағалау критерийі Иә Жоқ Ескертпе

Мәтін логикалық ✓

Қате жазылған сөздер жоқ ✓

Жазба талапқа сай ✓ Қысқа болды



"Стикермен бағалау":

Білім алушылар сыныптастарының жұмысына түрлі түсті стикерлер жабыстырып, пікірін білдіреді.

Топтық кері байланыс парағы:

Топтағы әр білім алушы бір-біріне кері байланыс жазып, парақты ортақ бағалау үшін толтырады.

Бағалаудың әр әдісі білім алушылардың өз оқуын саралап, ішкі мотивациясын күшейтуге көмекші бола алады.

Жұмыс дәптерлері – білім алушылар үшін оқу материалын жүйелі ұйымдастыруға және өз бетімен оқуға арналған пайдалы құрал. Олардың әртүрлі түрлері бар және әрқайсысының өзіндік мақсаты мен құрылымы болады. Жұмыс дәптері арқылы білім алушылар тапсырмаларды орындап, өзінің жетістіктерін көре алады. Жұмыс дәптерінің әртүрлі түрлері білім алушылардың оқу дағдыларын арттыруға бағытталған.



14-сурет. Жұмыс дәптерлерінің түрлері

Тақырыптық дәптерлер: (бақылау/тренинг парағы):

Белгілі бір пәннің нақты тақырыбына арналуы мүмкін. Мысалы, қазақ тілі пәнінде «Синтаксис» немесе «Омонимдер» тақырыбындағы дәптерлер.

Тақырып бойынша тапсырмалар, өздік жұмыс, өзін-өзі тексеру беттері болады.

Әр тапсырманың соңында өзіндік немесе өзара бағалау орындалады.

Тапсырмалар дәптері:

Мақсаты: Білім алушыларға белгілі бір тақырып бойынша тапсырмалар орындауға мүмкіндік беру.

Мазмұны: Мысалы, қазақ тілі үшін грамматикалық жаттығулар.

Шығармашылық дәптер:

Мақсаты: Білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Мазмұны: Әдеби әңгімелер, эсселер жазу немесе сурет салу тапсырмалары. Эссе, әңгіме, хат, ойтолғау, ғылыми мақала немесе әңгіме мәтін жазбалары сақталады. Педагог мен білім алушының пікір алмасу алаңы.

Интеграциялық дәптерлер:

Бірнеше пәндерді біріктіріп оқытуға бағытталған. Мысалы, «Қазақ әдебиеті және тарих» дәптері тарихи шығармалар мен олардың әдеби талдауын қамтуы мүмкін.

Практикалық жаттығу дәптерлері:

Мақсаты – білім алушыларды жаттығу, қайталау және материалды бекіту.

Әр түрлі деңгейдегі тапсырмалар мен жаттығуларды қамтуы мүмкін.

Рефлексиялық дәптерлер:

Мақсаты: Өз оқу процесін және алған білімін талдауға, түсінуге көмектесу.

Мазмұны: Білім алушылар сабақтардың қалай өткені туралы өз ойларын жазады, не үйренгенін сипаттайды. Кесте, сызба, эмоция смайликтері қолданылуы мүмкін. Әр сабақтан кейін «не үйрендім, не қиын болды, неге жеттім?» деген сұрақтарға жауап жазылады.

Үлгі:

Сабақ тақырыбы Не үйрендім? Қиындықтар Келесі қадам
Етістік Мақсатты етістікті ажыраттым Үстеумен шатастырдым
Көбірек жаттығу керек

Жұмыс дәптерін дұрыс дайындау білім алушылардың білім алу процесінде маңызды рөл атқарады және оларды оқуға қызықтыруда тиімді құрал бола алады.

Жұмыс дәптердің үлгісі:

Дәптер құрылымы:

1. Мазмұны:

Бөлімдер мен тақырыптардың тізімі.

2. Кіріспе:

Тақырыптың негізгі мазмұны мен мақсаттары туралы қысқаша мәлімет.

3. Негізгі бөлімдер:

Теория:

Әр тақырыптың теориялық түсіндірмелері мен мысалдары.

Түсінік талап етілген терминдер мен анықтамалар.

Жаттығулар мен тапсырмалар:

Қиындық деңгейіне қарай әр түрлі жаттығулар.

Тапсырмалар ретімен орналасады және белгілі бір мақсатты бағындыруға бағытталады.

4. Қорытынды:

Қысқаша қорыту.

Өзіндік бағалау кестесі немесе сұрақтар.

Бет үлгісі:

1. Сабақ тақырыбы:

Жоғарғы бөлігінде сабақтың немесе тараудың атауы.

Теориялық мәліметтер:

Қысқаша және нақты теориялық материалдар.

Мысалдар:

Ізбасар мысалдар; схемалар мен суреттермен көрнекіленген. Кестелер мен диаграммалар: Ақпаратты визуализациялау үшін.

Жаттығулар:

Тапсырмалардан тұратын бөлік.

Қажеттілікке қарай бос орындар қалдырылған.

Рефлексия:

Білім алушы өз түсінігін, пікірін немесе сұрақтарын жазатын орын.

Педагогтың немесе сыныптастарының пікірлері мен кеңестері үшін.

Дәптерді Тиімді Қолдану

Дизайн: Әдемі безендірілген және жақсы құрылымданған дәптер білім алушылардың қызығушылығын арттырады.

Түсініктемелер: Әр тапсырманың алдында немесе артында қысқаша түсіндірулер жазу пайдалы.

Қосымша материалдар: Суреттер, графиктер және диаграммалар қосу, ақпаратты жақсы есте сақтауға көмектеседі.

Жұмыс дәптерлерінің мазмұнын түрлі форматтар мен визуалды элементтер арқылы байыту білім алушылардың қызығушылығын арттыруға және материалды жақсырақ түсінуге көмектеседі.

«Бағалау» термині жақын отыру дегенді білдіретін латын сөзінен шыққандығы кездейсоқ емес, себебі бағалаудың негізгі сипаты бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін - өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін немесе тәртібін мұқият бақылауы болып табылады. Бағалауды өткізу үшін білім алушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығын, сонымен қатар олар қандай қиындықтармен кездесуі мүмкін екендігін анықтау қажет (педагогқа арналған нұсқаулық 57-бет).

Қазіргі бағалау түрлі нысанда, түсінікті, психологиялық тұрғыдан жайлы, екі құрамды: жиынтық және формативті бағалау.

Жиынтық бағалаудың немесе оқытуды бағалаудың мақсаты білім алушы қазіргі уақытта не оқып білгенін жинақтау болып табылады. Оны педагог тест, емтихан т.б. түрде өткізіп, өзі бағалайды.

Формативті бағалау үшін не қажет?

Білім алушылардың оқудың мақсатын білуі және түсінуіне қажет.

Мақсат кең және сұрақ түрінде тұжырымдалу керек.

Бала қандай нәтижеге келетінін толық білу керек.

Нәтижелер нақты, бақыланатын, өлшемді мақсатқа жауап беру керек.

Білім алушылармен тиімді кері байланысты қамтамасыз ету;

Кері байланыс білім алушылар мен педагогтарға жетістіктер мен даму туралы хабарлама беру болып табылады. Педагог бала дұрыс жауап беру үшін оған уақыт беру керек. Егерде бала қателессе, жетекші сұрақтар қойып, баланы өзі дұрыс жауап табуға бағыттайды. Кері байланыс көбінесе уәж болып табылады және де ол педагог мен білім алушы арасында сенім мен сыйластық орнатады. Педагог әр білім алушының нені біліп, нені ойлап, қалай оқитыны туралы неғұрлым көп білсе, соғұрлым білім алушылардың жетістіктерін арттыру мен өзінің оқытуын жетілдіруге мүмкіндік көп.

Білім алушылардың өзіндік оқуға белсенді қатысуы; «Оқу түбі тоқу» дегендей білім алушы алған білімін қолдана білуі керек. Сондай - ақ түрлендіру, дамыту, толықтыру керек. Өртүрлі қалып пен мәнмәтінде қарастыра білу керек.

Білім алушылардың өздерін өздері бағалай алуы және өздерінің оқуын қалай жақсартуға болатындығын түсіну қажеттілігі;

Бағалау үдерісін шынайы және бәріне түсінікті болу үшін бағалау критерийлерін құру керек.

Бұл оқу процесінің нәтижелері аяқталғаннан кейін зерттелетін процесс. Оның негізгі мақсаты - білім алушылардың қаншалықты білім алғандығын тексеру, сондықтан ол ақпарат жинауға және бағалаудың сенімді әдістерін жасауға бағытталған.

Білім алушылардың білгендерін зерттеудің мақсаты - оны анықтамалық стандартпен салыстыру, педагогтар олардың білім беру жүйесі ұсынған мақсаттарға қол жеткізгендігіне көз жеткізетіндей етіп жасау. Екінші жағынан, олар алынған нәтижелер негізінде оқыту тәсілін өзгертуге де қызмет ете алады.

Ол қолданылатын білім беру жағдайында жиынтық бағалаудың маңызы өте зор. Бұл үдерістің нәтижелері, әдетте, білім алушылар оқу процесінде олардың нәтижелері бағалау түрінде көрінеді.

Жиынтық бағалау білім алушылардың алған білімдерін өлшеу процесі арқылы білім беру үдерісінің қаншалықты тиімді болғанын зерттеуге жауап береді.

Жиынтық бағалауды жүргізудің бірнеше әдісі болғанымен, олардың барлығының белгілі бір сипаттамалары бар. Әрі қарай біз ең маңыздыларын көреміз:

Өзінің ережесі бойынша өнімділікті бағалаудың бұл түрі оқу процесінде цикл соңында жасалуы керек. Бұл әр түрлі жолмен болуы мүмкін: емтихан әр тақырыптың соңында, қорытынды емтихан түрінде немесе бүкіл білім беру циклінің соңында тест арқылы (мысалы, таңдау).

Білім беру үдерісінің қаншалықты тиімді болғанын анықтау үшін жиынтық бағалауды жүргізуге жауапты адамдар осы үшін сипатталған мақсаттарға негізделуі керек.

Осы себепті барлық білім беру салаларында процестің соңында алған бірқатар құзыреттіліктер ұсынылады.

Бұл құзыреттер неғұрлым егжей-тегжейлі болса, жиынтық бағалауды жүргізу оңайырақ болады; дәл сол сияқты, егер бар болса, білім беру бағдарламасының әлсіз жақтарына назар аудару оңайырақ болады.

Жалпы, жиынтық бағалаудың пайдалылығы екі жақты. Бір жағынан, олар білім алушыларға қай салада көбірек жұмыс жасау керектігін түсінуге және педагогтарға білім алушыларының білім беру жүйесінің келесі деңгейіне өтуге дайын екендіктерін анықтауға көмектеседі.

Білім алушылардың үлгерімін бақылау тоқсанның соңында оқу материалдарының мазмұнын игеру деңгейін анықтау және тіркеп отыру үшін тақырыптық жиынтық бағалау түрінде оқытушылар жүзеге асырады.

Бөлім / өтпелі тақырыбы бойынша алынатын жиынтық бағалаудың нәтижелері бойынша (бұдан әрі - БЖБ) білім алушыларға тоқсандағы оқу жетістіктерін бағалау кезінде ескерілетін баллдар қойылады.

БЖБ тоқсанның екінші жартысында бір рет, оның аяқталуынан кемінде екі апта бұрын, тоқсанның бір бөлімін (тақырыпты) өту барысында өткізіледі. Оны екі кезеңде өткізуге рұқсат етіледі.

Екінші жағынан, осы түрді жақсы бағалау білім беру бағдарламасының жақсы жұмыс істейтінін немесе жұмыс істемейтіндігін анықтауға пайдалы болады.

Егер білім алушылардың көпшілігі ұсынылған мақсаттарға қол жеткізе алмаған болса, нәтижені жақсартқанға дейін тәсілді өзгертіп, жаңа нәрселерді байқап көру қажет болады.

Критериалды бағалау — білім алушының оқу нәтижелерін білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес келетін білім беру үдерісіне қатысушылардың барлығына алдын ала таныс, ұжым талқысынан өткен, нақты анықталған өлшемдер арқылы білім алушының оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген

үдеріс. Критериалды бағалау *қалыптастырушы* және жиынтық бағалау арқылы жүзеге асырылады.

Қалыптастырушы бағалау— оқу үдерісін дер кезінде түзетуге мүмкіндік беретін, білім алушы мен педагог арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді. Үздіксіз жүргізілетін бағалаудың түрі. Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар күнделікті сабақта орындалуға арналған. Әр тапсырманы орындағаннан кейін педагог белгілі бір оқиға немесе әрекетке жауап беру, үн қату, пікір білдіру үшін әр білім алушыға кері байланыс жасайды. Қалыптастырушы бағалауда түрлі әдістерді қолдануға болады. «Екі жұлдыз, бір тілек», «Бағалау ағашы», «Бағдаршам», «Смайликтер». Бұл әдістерді тапсырманы орындау және оқу әрекеттерін ұйымдастырудың әр кезеңінде қолдануға болады. Қалыптастырушы бағалау білім алушы бойындағы үрейленуді басады, өз ісіне баға беруге жетелейді. Сабақта қалыптастырушы бағалауды жүйелі өткізу – жиынтық бағалаудың нәтижелі, сапалы болуы.

Жиынтық бағалау — оқу бағдарламасындағы бөлімдер (ортақ тақырыптар бойынша белгілі бір оқу кезеңі (тоқсан/триместр, оқу жылы) аяқталғанда өткізілетін бағалаудың түрі. Білім алушының қабілетін есепке ала отырып, дифференциациялық оқытуды ұйымдастыру үшін қолданылатын күрделілігі түрлі деңгейдегі тапсырмалар орындалады. Бағалау барлық пән бойынша өткізіледі. Бағалау жолдары мазмұны мен түрлеріне сай әртүрлі болады. Оқу мақсатына жету дәрежелерін анықтау үшін Б.Блумның оқу мақсаттары таксономиясына сәйкес бағалау критерийлері реттеліп қарастырылады. Бағалау критерийлері оқу мақсатында не көрсетілсе, тек соны бағалайды. Педагог білім алушылардың жеке ерекшеліктерін, оқу мазмұнын ескеріп, тапсырма және оның дескрипторын белгілейді. Бір ерекшелігі күнделікті білім алушыларға баға қойылмайды. Бағалау критерийіне сүйеніп, білім алушының оқу жетістіктерін бағалайды. Бірыңғай норманы белгілеу үшін педагогтар қолданатын тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларына балл қою кестесіне сүйенеді.

Бағалаудың барлық түрлеріне жалпы сипаттамалар тән және олар төмендегілерді қамтиды:

- қадағалау;
- алынған мәліметтердің интерпретациясы;
- бұдан арғы іс-әрекетті анықтауға бағытталған қорытынды.

Сыныптағы әдеттегі іс-әрекетті, яғни білім алушылардың өзара әңгімесін тындап, тапсырма- ны орындап отырған білім алушыларды қадағалау немесе олардың орындаған сынып немесе үй жұмыстарын тексеру бірталай ақпарат беруі мүмкін, бірақ кей жағдайларда қажетті ақпарат ты алудың ерекше ойластырылған тәсілін қолдану керек болуы мүмкін. Интерпретация қызығушылық тудыратын мәселелерге, мысалы, ерекше дағдылар көзқарастар немесе оқыту түрлеріне қатысты жүргізіледі. Мұндай өлшемдерді көбінесе критерий деп атап, оларды оқу мақсаттарына немесе міндеттеріне жатқызады. Мәліметтердің интерпретациясы негізінде қорытынды жасалады, ол бағалауды көздейді.

Критериалды бағалау жүйесінің мақсаты бағалау критерийлерінің негізінде білім алушылардың оқу жетістіктері туралы шынайы ақпарат алу және оқу үдерісін жетілдіре түсу үшін оны барлық қатысушыларға ұсыну. Білім алушы жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі төменде қарастырылған міндеттерді шешеді:

- әрбір білім алушының сабақ үдерісіндегі әр кезеңіндегі дайындық деңгейін анықтау;

- білімді меңгерудің жыл аяғында ғана емес, күнделікті білім алудың даму динамикасын айқындауы;

- білім алушының сабаққа қызығушылығының, белсенділігінің артуы;

- бағаға теріс көзқарастың болмауы;

- білім алушының білімінің жүйеленуі, есте сақтауы.

- оларды табандылық пен шыдамдылыққа тәрбиелеуі;

- білім алу барысындағы қиындықты, қателікті, білім олқылықтарын және оның себептерін дер кезінде анықтауы;

- білім алушының білім алу үдерісін қадағалап, дәл және жедел түрде сапалы білім алғаны жөнінде кері байланыс ақпаратын алуы;

- білім алушының барлық жұмыс түрлерін бағалауы;

- білім алушының білімін ағымдық және қорытынды бағалау;

- баға сапасын арттыру;

- критериалды бағалау жүйесі білім алушының белсенділігін арттыруды, оқу үдерісінде жарыса, бәсекелесе білім алуға қол жеткізеді.

Критериалды бағалаудың басты ерекшелігі: алдын – ала ұсынылған бағалау шкаласы, анық, айқындылығы, бағаның әділдігі, өзін бағалауға мүмкіндіктің берілуі;

Критериалды бағалаудың тиімділігі: жеке тұлға емес, білім алушының жұмысы бағаланады, білім алушы жұмысы алдын – ала белгілі критерийлер бойынша бағаланады. Критерийлер- оқытудың міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер, білім алушылар жұмыс барысында орындайтын іс – әрекеттер тізбесі.

Критериалды бағалаудың маңыздылығы: бағалау критерийлері нақты оқу мақсаттарын айқындайды, сондықтан білім алушыларға баға оқып зерделенген материал бойынша ғана қойылады, өздерінің оқу жетістіктерінің деңгейін анықтау үшін және ата-аналарына осы ақпараттарды жеткізу үшін білім алушыға нақты бағалау алгоритмі белгілі, білім алушының оқуға және өзін-өзі бағалауға ынтасы артады.

Критериалды бағалаудың педагог үшін маңыздылығы: сапалы нәтиже алуға бағытталған критерийлер әзірлеуге, өзінің іс-әрекетін жоспарлауға және талдауға жедел түрде ақпарат алуға, білім беру сапасын арттыруға, оқудың сапасын жақсартуға, әр білім алушының жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ескеруге, бағалаудың түрлі тәсілдері мен құралдарын қолдануға, оқу бағдарламасын жетілдіруге ұсыныстар енгізуге мүмкіндік береді.

Педагог үшін бағалаудың негізгі мақсаты:

1. Оқудағы қиындықтарды анықтау: мектепте мысалы сауаттылық және арифметика саласын дағы проблемаларды анықтау үшін тестілер өткізілуі

мүмкін; одан кейін өзіндік түзету және тестілеу жұмыстарын қайта өткізуге болады.

2. Білім алушының жетістікке жеткендігін көрсететін кері байланыс (білім алушылар, педагогтар мен ата – аналар);

3. Уәж. Кері байланыс уәж түрінде көрінеді. Ынталандыру ретінде тестінің немесе емтихан ның өткізілуі кейбір білім алушылар мен педагогтарды ойларын жинақтап, әрекет етуге итермелейді. Мұндай сыртқы ынталандыру оқуға шабыттанып кірісуге түрткі болуы мүмкін;

4. Болжау және сұрыптау. Білім алушының білімі және дағдыларын бағалау арқылы педагогтар олардың болашақтағы мінез- құлқы мен дамуын болжайды. Мемлекеттік емтихан нәтижелері көбінесе сұрыптау мақсатында жоғарғы оқу орнында оқу немесе жұмысқа орнала су туралы шешім қабылдау үшін қолданылады;

5. Стандарттарды бақылау және орындау.

Критериалды бағалаудың білім алушылар үшін маңыздылығы: өзінің түсінігі мен қабілетін көрсету үшін оқытудың түрлі стильдерін және ойлау әрекетінің типтерін қолдануға, өз нәтижелерін болжау арқылы табысқа жету үшін бағалау критерийлерін білуге және түсінуге, өзінің және өз құрдастарының жетістіктерін бағалап, рефлексияға қатысуға, шынайы міндеттерді шешу үшін өз білімдерін қолдануға, түрлі көзқарастарды білдіруге, сын тұрғысынан ойлануға мүмкіндік береді.

Критериалды бағалаудың ата-аналар үшін маңыздылығы: өз баласының оқытылу деңгейі туралы объективті дәлелдер алуға, баланың оқудағы прогресін қадағалауға, оқу үдерісінде өз баласына қолдау көрсетуге, мектеп әкімшілігімен, педагогтармен кері байланыс орнатуға;

Критериалды бағалаудың артықшылығы: білім алушының жеке басы емес, тек қана жұмысы бағаланады, білім алушының жұмысын бағалау алдын – ала ұсынылған критерийлерге негізделеді, бағалау алгоритмі білім алушыларға алдын- ала белгілі, білім алушы не мақсатта жұмыс істеп отырғанын біледі, білім алушының білімділік деңгейі анық көрініп тұрады, критерий арқылы бағалау педагогтың анық біліп отыруына мүмкіндік береді, білім берудің сапасы артады;

Критериалдық бағалау жүйесін қолдану арқылы біз: білім алушының тұлғалық бағытын белсенді позицияға бағыттау, тұлғаны өзіндік жауапкершілікке, тұғырлы нәтижеге, бағытқа жеткізу, білім алушылардың дайындық деңгейі мен динамикасын кез- келген кезеңде анықтау, әртүрлі жұмыстардан алған бағаларды дифференциалдауға болады, құрылымдық бағалау мен нақтылы бағалаулар арқылы білім алушы еңбегін бағалау, білім алушының бағалау жүйесіне толық қанағаттануын білеміз;

Критериалды бағалау жүйесінің тиімділігі:

- заман талабына сай, бәсекеге қабілетті, білімді, іскер, ойлау жүйесі дамыған, логикалық тұжырым жасауға бейім, еркін ойлай алатын жеке тұлғаны қалыптастырады; жеке жұмыстар жүргізу арқылы білім дәрежесін, ой – өрісін әрі қарай дамытады;

- білім алушылардың білім сапасын арттырады;

- білім алушының тұлғалық бағытын белсенді позициясына бағыттауға мүмкіндік беретін бірден-бір бағалау жолы;
- тұлғаны өзіндік жауапкершілікке, тұғырлы нәтижеге, бағытқа жеткізетін шығармашыл бағалау жүйесі;
- бағалаудың критериалды жүйесі – білім сапасына жетудегі өзекті мәселелерді шешуде маңызы зор.

Критериалды бағалау білім алушының өз ісіне сыни көзқараспен қарай отырып, өзін – өзі дамытуға талпындырады.

Білім алушының өзіне деген сенімі артады. Критериалды бағалау жүйесіндегі ең маңызды нәрсе – оқу процесі, сол арқылы бала өзін – өзі бағалауды үйренеді, өз білімінің артықшылығы мен кемшілігін көреді, әрі қарай қалай даму керек екенін түсінеді. Критериалды бағалау әдісі арқылы білім алушылардың ең алдымен қызығушылығы оянады, белсенділігі артады, өз ойын ашық айтуға үйренеді, өз бетінше жұмыс істеуге дағдыланады. Өзінің жеке бағасын анықтай алады. Критериалды бағалаудың пайдасы нақтылық, әділдік, ынталандыру, белсенділік.

Критериалды бағалауды енгізудің мақсаты – жаңа үрдістегі оқытудың сапасын арттырады. Білім алушылардың білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру болып отыр. Бүгінгі білім алушының білім сапасын критериалды бағалау жүйесі арқылы жетілдіруге болатынына күнделікті оқу үдерісінде қолдануымыздан көз жеткізуге болады.

Жазылым – тілдік дағдылардың ішіндегі ең күрделісі әрі шығармашылықты, сын тұрғысынан ойлауды қажет ететін үдеріс. Бұл дағдыны тиімді дамыту үшін оқыту барысында білім алушыға тек соңғы нәтиже ғана емес, бүкіл жазу процесі бойынша қолдау көрсету аса маңызды. Осы тұрғыда формативті бағалау – білім алушының жазылым барысында ілгерілеуін қамтамасыз ететін негізгі құралдардың бірі болып саналады.

Формативті бағалауда:

- бағалау критерийлері мен дескрипторлар құрастыру – жазба жұмыстың талаптарын нақтылап, білім алушы не нәрсеге назар аударуы керектігін көрсетеді.
- ауызша және жазбаша кері байланыс – білім алушыға жазу барысында не дұрыс, не бұрыс екенін түсінуге көмектеседі.
- өзін-өзі бағалау және өзара бағалау – білім алушылардың метатанымдық қабілеттерін дамытып, сыни тұрғыдан ойлауына жол ашады.
- қос жазылым (алғашқы нұсқа – нұсқа – қорытынды нұсқа) – білім алушының жазба жұмысын бірнеше рет өңдеп, жетілдіруіне мүмкіндік береді.

Мысалы, поэтикалық шығарманы интерпретациялау тапсырмасында білім алушы өз алғашқы нұсқасын жазып, нақты дескрипторларға сүйене отырып, оны қайта қарастырады және қажетті түзетулер енгізеді. Бұл – «өсу үшін жазу» қағидатының көрінісі. Мұндай үдеріс білім алушының шығармашылық ойлауын дамытып қана қоймай, жазылым сапасын біртіндеп арттыруға мүмкіндік береді.

Жазылым – білім алушының тілдік және танымдық қабілетін дамытатын, өз ойын жүйелі жеткізуге дағдыландыратын маңызды әрекет. Жазылым үдерісі

бірнеше кезеңнен тұрады және әрбір кезеңнің өзіндік мақсаты мен ерекшелігі бар. Бұл кезеңдер: жазылым алды, жазылым, жазылымнан кейінгі қадамдар болып үшке бөлінеді.

1. Жазылым алды кезеңі. Бұл – жазуға дайындық кезеңі. Бұл сатыда білім алушы тақырыппен танысып, қажетті сөздік қорды жинақтап, ойын жоспарлауға мүмкіндік алады. Педагог осы кезеңде түрлі ой қозғау тапсырмаларын ұсынады, мәселен: суретпен жұмыс; тақырып бойынша сұрақтарға жауап беру; кілт сөздермен кластер құру; видеоматериал көру немесе мәтін оқу; «5W1H» әдісі арқылы жоспарлау. Мақсаты – білім алушының тақырып туралы ойлануына, не жазатынын алдын ала болжауына және идея жинақтауына жағдай жасау.

2. Жазылым кезеңі. Бұл – білім алушының нақты жазу әрекетін жүзеге асыратын сатысы. Алдыңғы кезеңде жинақталған идеялар мен жоспар негізінде білім алушы өз мәтінін құрастырады. Осы кезеңде педагог жазылым құрылымын еске салып, қажетті болған жағдайда үлгі мәтін немесе дескрипторлар ұсынуы мүмкін.

Жазылым барысында білім алушы:

- Кіріспе, негізгі бөлім, қорытындыны құрастырады;
- Ойын дәйекті, логикалық түрде жеткізеді;
- Грамматикалық және орфографиялық сауаттылыққа мән береді;
- Өз көзқарасын дәлелдермен негіздейді (мысалы, эссе жазуда).

3. Жазылымнан кейінгі кезең. Бұл – білім алушының жазған мәтінін қайта қарап, өңдеп, бағалау кезеңі. Бұл сатыда білім алушы өз жұмысын жетілдіруге, кемшіліктерді түзетуге мүмкіндік алады. Педагог бұл кезеңде келесі жұмыстарды ұйымдастырады:

- Өзін-өзі бағалау немесе өзара бағалау;
- Жазба жұмысқа кері байланыс беру;
- Бастапқы нұсқаны өңдеу (редакциялау);
- Қорытынды нұсқасын жазу.

Сонымен қатар, жазылымнан кейінгі кезеңде білім алушылар өз жазбаларын сыныпта талқылап, пікір алмасып, презентация түрінде ұсынулары да мүмкін. Бұл олардың сенімділігін арттырып, жазу дағдысын дамытуға зор әсер етеді.

Жазылымнан кейін білім алушы келесі сұрақтар арқылы өзін бағалайды:

- Мен тақырыпты толық аштым ба?
- Өз пікірімді жеткізе алдым ба?
- Мәтін логикалық, құрылымдық жағынан дұрыс па?
- Қандай тілдік құралдар қолдандым?
- Қай тұстарды жақсартуға болады?

Жазылым үдерісінің әрбір кезеңі – білім алушының тілдік және танымдық дамуына бағытталған маңызды баспалдақ. Жазылым алды кезеңі – дайындық пен идея жинақтауға, жазылым кезеңі – нақты жазу әрекетіне, ал жазылымнан кейінгі кезең – талдау мен жетілдіруге жол ашады. Педагог бұл үш кезеңді сабақта

жүйелі ұйымдастырса, білім алушының жазу машығы біртіндеп қалыптасып, дамып отырады.

Бағалау мен функционалдық сауаттылықтың өзара байланысы

Функционалдық сауаттылық – бұл білім алушының алған білімін өмірлік жағдаяттарда тиімді пайдалана алуы, өз ойын еркін жеткізуі, мәселелерді шешуде дербес шешім қабылдауы және сын тұрғысынан ойлай білу қабілеті. Бұл сауаттылық қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаттарының бірі болып отыр.

Осы тұрғыда бағалау тек білім алушының білім деңгейін сандық түрде («бестік» немесе басқа баға) көрсетумен шектелмей, оның нақты өмірлік дағдыларын, яғни ойлау, талдау, жазу, сөйлеу және пікір білдіру қабілеттерін бағалайтын құралға айналуы қажет. Бұл бағалаудың мәні білім алушыны бағалаудан гөрі, оны дамытуға бағытталуы тиіс.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні шеңберінде функционалдық сауаттылықты арттыру мен бағалауды ұштастыру жолдары мыналар:

- Мәтінмен жұмыс жасау: көркем және ғылыми мәтіндерді талдау, салыстыру, өз бетінше толықтыру арқылы білім алушының түсіну және талдау қабілеті дамиды.

- Күнделікті өмірмен байланысты тапсырмалар: өтініш, пікір, жоспар, хат жазу сияқты тапсырмалар білім алушыны нақты жағдаятта өз ойын сауатты жеткізуге үйретеді.

- Мәдени және тарихи контекстпен жұмыс: білім алушылар ұлттық болмыс пен тарихи сананы қалыптастыратын мәліметтерді меңгере отырып, мәтін мазмұнын терең түсінуге дағдыланады.

- Әдеби шығармалар арқылы тұлғалық, азаматтық және этикалық ойлауды дамыту: көркем туындыларды талдау барысында білім алушылар адамгершілік, жауапкершілік, азаматтық ұстаным сынды құндылықтарды ұғынады.

Жазылым – білім алушының тілдік дағдылары мен танымдық қабілетін дамытатын маңызды әрекет. Жазу барысында білім алушы өз ойын жүйелі түрде жеткізіп, логикалық ойлау, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін қалыптастырады. Бұл дағдыны дамытудың негізгі шарттарының бірі – дұрыс таңдалған әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану. Төменде жазылымды дамытуға арналған бірнеше тиімді әдіс-тәсілдер сипатталады.

Модельдеу әдісі (Writing scaffolding) - бұл әдіс бойынша педагог білім алушыларға жазылым құрылымын алдын ала үлгі ретінде ұсынады. Мысалы, эссе жазудың құрылымын үйретуде педагог кіріспе, негізгі бөлім және қорытындыдан тұратын үш кезеңді нақты мысалмен түсіндіреді:

- Кіріспе: Тақырыпты таныстыру, жалпы көзқарасын білдіру;
- Негізгі бөлім: 2–3 дәлел мен нақты мысал келтіру;
- Қорытынды: Қысқаша түйін жасап, өз пікірін білдіру.

Мұндай құрылымды мысал арқылы көрсету – білім алушыны логикалық ойлауға, жүйелі жазуға және жазба құрылымын дұрыс құруға баулиды.

Сократтық сұрақтар әдісі - бұл әдіс білім алушыны терең ойлауға, мәтінмен шығармашылық деңгейде жұмыс істеуге жетелейді. Әр бөлімге ой тудыратын сұрақтар қойылады:

- Автор бұл деталь арқылы нені меңзеп отыр?
- Бұл бейне қазіргі қоғаммен қалай үндеседі?
- Сен бұл жағдайда қалай әрекет етер едің?

Мұндай сұрақтар білім алушының сыни тұрғыдан ойлауын дамытып, жазбаша жауаптар арқылы өз көзқарасын дәйектеуге итермелейді.

«RAFT» әдісі (Рөлі, Аудиториясы, Формасы, Тақырыбы) – білім алушыны белгілі бір рөлге еніп, нақты аудиторияға бағытталған, белгілі формада және тақырыпта жазу арқылы шығармашылықпен жұмыс істеуге үйрететін әдіс.

Мысалы:

- Рөлі: Сұлтан («Менің атым Қожа»)
- Аудиториясы: Білім алушылар
- Формасы: Ашық хат
- Тақырыбы: *«Тәртіп – табысқа бастар жол».*

Мұндай тапсырма білім алушыны әдеби кейіпкер позициясынан жазуға ынталандырады, әрі кейіпкердің ішкі жан дүниесін сезініп, өз тілінде жеткізуге жағдай жасайды.

4. «5W1H» әдісі (Who? What? When? Where? Why? How?) - бұл әдіс мәтінді талдау мен құрылымдауға бағытталған:

- Who? – Кейіпкер кім?
- What? – Не болды?
- When? – Оқиға қашан болды?
- Where? – Қай жерде орын алды?
- Why? – Себебі неде?
- How? – Оқиға қалай өрбіді?

Осы құрылым бойынша білім алушы кез келген көркем немесе публицистикалық мәтінді шолып, ақпаратты жүйелеп, жазылым жұмысына дайындала алады. Бұл тәсіл әсіресе мазмұндама немесе оқиға желісін баяндауға арналған тапсырмаларда өте тиімді.

Жазылым дағдысын дамыту білім алушыны тек тілдік тұрғыдан ғана емес, дүниетанымдық және тұлғалық жағынан да қалыптастырады. Жоғарыда аталған әдіс-тәсілдер білім алушылардың жазу барысында шығармашылықпен жұмыс істеуіне, өз ойын еркін әрі жүйелі жеткізе білуіне ықпал етеді. Әрбір әдіс – білім алушының қызығушылығын арттырып, жазу машығын кезең-кезеңімен дамытуға бағытталған маңызды құрал.

Қазіргі заманда цифрлық технологиялардың білім беру үдерісіне белсенді түрде енуі білім алушының жазылым дағдысын дамытудың жаңа мүмкіндіктерін ұсынып отыр. Жазылым – тек грамматикалық сауаттылықты меңгеру ғана емес, өз ойын жүйелі, көркем әрі дәл жеткізе алу қабілеті. Бұл дағдыны дамытуда технологияларды дұрыс және мақсатты қолдану білім алушылардың қызығушылығын арттырып, шығармашылық пен ынтымақтастыққа жол ашады.

Төменде жазылым сапасын жақсартуға ықпал ететін бірқатар заманауи құралдарды қарастырамыз.

Padlet платформасы, идея алмасу мен пікірлесу алаңы – білім алушылардың өз жазбаларын онлайн ортада жариялап, бір-бірінің жұмысына пікір қалдыруына мүмкіндік беретін интерактивті тақта. Бұл құрал арқылы:

- Білім алушылар жеке немесе топтық жазбаларын бөліседі;
- Өзара кері байланыс беріп, пікірлеседі;
- Басқа білім алушылардың жұмыстарынан үлгі алып, жетіледі.

Мысалы, эссе немесе креативті хат жазу тапсырмасынан кейін білім алушылар жазбаларын Padlet тақтасына орналастырып, сыныптастарының ойымен салыстыра алады. Бұл – «білім алушыдан білім алушыға» кері байланысты дамытудың тиімді жолы.

Google Docs бірлескен жазылым және нақты кері байланыс – бір құжатпен бірнеше адамның бір мезгілде жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін құрал.

Жазылым жұмысын осы платформада орындау арқылы:

- Педагог білім алушы мәтініне тікелей түзету енгізіп, нақты ұсыныстар жаза алады;
- Білім алушылар бір-бірінің жұмысына комментарий қалдырып, бірлесіп редакциялауға үйренеді;
- Қара нұсқа мен қорытынды нұсқаның айырмасын көру арқылы білім алушы өзінің даму жолын бағалайды.

Бұл құрал әсіресе черновик нұсқасымен жұмыс істеу, дескриптор негізінде жетілдіру және жазылымнан кейінгі кері байланыс кезеңінде өте пайдалы.

Mentimeter және Jamboard – ой қозғау мен жоспарлау құралдары. Жазылым үдерісі жазуға дейінгі дайындықтан басталады. Mentimeter мен Jamboard – білім алушылардың ой қозғап, идея жинауына арналған интерактивті платформалар.

Mentimeter арқылы білім алушыларға ашық сұрақтар қойып, олардың пікірлерін тез жинауға болады. Мысалы, «Батырлық деген не?», «Қазіргі қоғамда әділеттілік бар ма?» деген сауалдарға жауап жинау арқылы эссе жазуға дайындық жасауға болады.

Jamboard – кластер құру, тірек сөздермен жұмыс істеу, оқиға желісін жоспарлау сияқты тапсырмаларға қолайлы. Бұл білім алушылардың визуалды және логикалық ойлауын дамытады.

Бұл құралдар жазылым алдындағы кезеңді белсенді өткізуге, білім алушыны тақырыпқа қызықтыруға мүмкіндік береді. Технологияны жазылым үдерісіне енгізу – білім алушылардың ынтасын оятып қана қоймай, олардың сыни ойлауын, өзара қарым-қатынасын және жауапкершілігін де арттырады. Padlet – ашық алаңда пікір айтуға, Google Docs – сапалы кері байланыс алуға, ал Mentimeter мен Jamboard – шығармашылық идеяны дамытуға ықпал етеді. Педагог осы құралдарды кезең-кезеңімен жүйелі қолданса, білім алушылардың жазылым сапасы мен мотивациясы айтарлықтай жақсарады.

Анализ және интерпретация бағытындағы жазылым тапсырмалары

Б.Соқпақбаев «Менің атым Қожа» повесінен үзінді. Сәйбек қарттың әңгімесі (5-сынып)

Оқу мақсаты: 5.2.4.1 – көркем шығармадан алған әсерін сипаттап, авторға хат не өлең жазу

Тапсырма. Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесіндегі Сәйбек қарттың Қожаға айтқан өсиетті әңгімесінен алған әсерінді сипаттай отырып, жазушыға (Б.Соқпақбаевқа) арналған өлең немесе авторға хат жазыңыз.

Қосымша көмек сұрақтары (ой қозғауға арналған):

Сәйбек қарт Қожаға не айтты? Бұл кеңестен қандай ой түйдің?

Өмірде осындай данагөй қарттармен жолықтың ба?

Қожа тәртіпсіз болса да, жүрегі таза деп ойлайсың ба?

Дескриптор:

-авторға хат жазады;

-алған әсерін сипаттайды;

-хат құрылымын сақтайды;

-кіріспе бөлімде хат жазу мақсатын жазады;

-кіріспе бөлімде алған әсерін сипаттап, шығармадан дәлел келтіреді;

-қорытынды бөлімде ойды түйіндейді;

-тыныс белгісін орынды қояды;

-сауаттылықты сақтайды.

Кері байланыс сұрақтары (рефлексияға арналған):

1.Өз жұмысында Сәйбек қарттың қандай сөздері немесе ойлары саған ерекше әсер етті? Неліктен?

2.Хат немесе өлең жазу кезінде өз ойыңды анық жеткізе алдым деп ойлайсың ба? Қай тұсы сәтті шықты?

3.Автор – Б. Соқпақбаевқа қандай сұрақ немесе тілек айтқың келді? Ол сенің хатыңнан немесе өлеңіңнен көрініс тапты ма?

4. Егер осы тапсырманы қайта орындау мүмкіндігің болса, не нәрсені басқаша істер едің? Нені жақсартқың келеді?

5.Бұл үзінді саған не үйретті? Қожаның әрекетіне деген көзқарасың өзгерді ме?

6. Сыныптасыңның жұмысы саған ұнаса, ол несімен әсер етті? Қандай ой қосар едің?

7. Жұмысында шығармашылық элементтер (теңеу, эпитет, эмоциялық әсер) қолдана алдың ба? Қай жерінен байқалады?

Бағалау және салыстыру бағытындағы жазылым тапсырмалары:

Оқу мақсаты: 8.3.4.1 шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазу.

Тапсырма: Дулат Исабековтің «Әпке» пьесасындағы басты көтерілген мәселеге сын көзбен қарап, берілген сыни-пікірге сүйеніп, кейіпкерлердің өмірлік ұстанымдарын қазіргі заман тұрғысынан талдап, сыни-пікір жазыңыз.

Сыни-пікір: «Дулат Исабековтің «Әпке» драмасы бүгінгі заман ағысымен ұлттық құндылықтарды жоғалта бастаған, адамгершілік, парыз, борыш ұғымдарын жете түсінбейтін жастардың бейнесін ашып көрсететін шығарма», - дейді «Үміт» әдеби клубының жетекшісі Мұхамет Жеңісұлы.

Жазылымға бағыт беретін сұрақтар:

- Берілген сыни-пікірмен келісесіз бе?
- Қамажай өз өмірінен не үшін бас тартты? Бұл әрекет құрбандық па, әлде отбасы алдындағы жауапкершілік пе?
- Егер Қамажай бүгінгі қоғамда өмір сүрсе, оның таңдауы өзгеше болар ма еді?
- Автор осы кейіпкер арқылы қандай ой айтқысы келді деп ойлайсың?
- Сен Қамажайдың орнында болсаң, қалай шешім қабылдар едің?

7-кесте. Бағалау

№	Критерий	Дескриптор
1	Мазмұнды түсіну	Шығарма мазмұнын және негізгі идеясын дұрыс жеткізеді
2	Сыни көзқарас	Кейіпкерлер іс-әрекетіне сыни тұрғыдан баға береді
3	Бүгінгі күнмен байланыс	Көтерілген мәселені қазіргі өмірмен салыстырып, байланыс жасайды
4	Логикалық құрылым	Жазба құрылымы – кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдер анық сақталған
5	Тілдік сауаттылық	Ойды нақты, сауатты, әдеби тілмен жеткізеді
6	Сыни пікірмен жұмыс	Берілген сыни пікірді дұрыс түсініп, өз ойымен байланыстырады

Жазылымнан кейін: кері байланыс сұрақтары

(Жазба жұмысын талдауға, өзін-өзі немесе жұппен бағалауға арналған сұрақтар):

1. Мақалада заманауи кейіпкер бейнесі нақты талданды ма? Қандай дәлел келтірдің?

2. Сыни көзқарас қай тұста байқалды? Өз ойыңды негіздей алдың ба?

3. Кейіпкерлерге баға беру барысында өз пікіріңді жеткізе алдың ба? Әлде автор сөзімен шектеліп қалдың ба?

4. Мақала құрылымын (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды) сақтай алдың ба? Қай бөлігі әлсіз шықты деп ойлайсың?

5. Пьесадан алған әсеріңді мақала арқылы жеткізе алдың ба? Оқырман сені түсіне алды ма деп ойлайсың ба?

6. Болашақта жазба жұмысыңды жақсарту үшін нені өзгертер едің?

Шығарма: «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы

Оқу мақсаты: 8.3.2.1 шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру;

Тапсырма. «Ғасыр үні» – үш кезеңді хат әдісі бойынша поэмадағы ананың көзімен үш түрлі уақыт кеңістігінде – кеше, бүгін, ертең – үш кезеңге арналған монолог немесе хат жазыңыз. Хатта шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беріңіз. Тақырыбы: «Ана хаты: Кешеден бүгінге, бүгіннен ертеңге».

Жазу құрылымы (үш бөлімнен тұрады):

Кеше (өткен шақ): Ана баласы ауырмай тұрған кездегі күндерді есіне алады. Табиғатпен үйлесім, аққулармен сырлас сәттері. «Аққуды ату» туралы емшінің сөзі естіле салысымен туындаған ішкі күйзеліс.

Бүгін (қазіргі сәт): Ана аққуды атуға мәжбүр болған сәттегі жан күйзелісін сипаттайды. Аққуды атқаннан кейінгі рухани қасірет, ішкі арпалыс, өкініш. Табиғат үндемейді, бірақ ана бәрін «естиді». Материалдық, рухани құндылықтарды бүгінгі күнмен байланыстырады.

Ертең (келешекке хат): Ана өз әрекетінің салдары туралы ой қозғайды. Болашақ ұрпаққа үндеу: табиғат пен аналық мейірімді қалай сақтау керек? «Аққуды атпаңдар, себебі...» деген жолмен аяқталуы мүмкін.

8-кесте. Дескриптор

№	Критерий	Дескриптор
1	Уақыт ұғымын түсінеді	«Кеше–Бүгін–Ертең» құрылымын сақтайды
2	Кейіпкердің ішкі жан дүниесін ашады	Ананың ішкі сезімін шынайы, әсерлі жеткізеді
3	Құндылықтар эволюциясын көрсетеді	Рухани, адамгершілік құндылықтардың маңызын ашады
4	Тақырыпты ашады	Поэма мазмұнымен байланысы берік сақтайды
5	Көркемдік тіл	Көркемдегіш құралдары қолданады

Шығарма: Нұрдәулет Ақыш «Нағыз әже қайда?» әңгімесі

Оқу мақсаты: 5.3.1.1 шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу

Тапсырма: Нұрдәулет Ақыштың «Нағыз әже қайда?» әңгімесіндегі кейіпкерді (қонақтағы әжені немесе Азааттың әжесін) өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазыңыз. Эссеңізде кейіпкердің мінезі, іс-әрекеті, дүниетанымы арқылы автор жеткізгісі келген ойды ашып көрсетуге тырысыңыз. Эсседе көркемдік және креативтілік элементтерін қолдану ұсынылады.

Жазылым алды сұрақтар (Ой қозғау):

1. Әжелер қандай қасиеттерімен ерекшеленеді?
2. Қазіргі қоғамда әжелердің рөлі қандай?
3. Әңгімедегі кейіпкерлердің әрекеттерінен қандай құндылықтарды байқауға болады?

9-кесте. Дескриптор

Бағалау критерийі	Дескрипторлар
1. Кейіпкердің өзіндік құндылығын анықтайды	- Кейіпкердің мінез-құлқын нақты сипаттайды - Кейіпкердің іс-әрекетін құндылықтармен байланыстырады

2. Шығарманың мазмұнын терең түсініп, өз ойымен байланыстыра жазады	- Шығарма мазмұнына сілтеме жасайды - Өз пікірін дәлелдермен жеткізеді
3. Эссе құрылымын сақтайды	- Кіріспе, негізгі бөлім, қорытындысы бар - Ой бірізділігі мен логикасы сақталған
4. Креативтілік танытады	- Қиял мен ой еркіндігі көрінеді - Авторлық көзқарас байқалады
5. Тілдік нормаларды сақтайды	- Грамматикалық, орфографиялық қателерсіз жазады - Көркем тілмен жазады

Қазіргі таңда білім беру мазмұны жаңартылып, оқыту процесінде білім алушылардың функционалдық сауаттылығы мен тілдік құзыреттілігін арттыру өзекті мәселелердің біріне айналды. Осы тұрғыда тілдік дағдылардың ішінде айтылым – білім алушының коммуникативтік қабілетін қалыптастыратын, өз ойын еркін әрі жүйелі жеткізе алуына мүмкіндік беретін маңызды компонент. Айтылым дағдысы – тіл үйренушінің қоғамда, оқу үрдісінде және күнделікті өмірде еркін қатынас жасауына ықпал ететін құрал. Дегенмен, бұл дағдыны дұрыс бағалау арқылы ғана оны тиімді дамытуға болады. Осыған байланысты критериалды бағалау жүйесі білім беру тәжірибесінде кеңінен қолданылуда.

Критериалды бағалау – білім алушылардың оқу жетістіктерін объективті, нақты және әділ түрде бағалауға мүмкіндік беретін жүйе. Бұл бағалау жүйесі білім алушының білім деңгейін бағалау барысында алдын ала белгіленген, түсінікті әрі айқын критерийлерге сүйенеді. Айтылым дағдысына қатысты критериалды бағалау – білім алушының сөйлеу барысында тілдік бірліктерді дұрыс қолдануын, ойды жүйелеуін, сөз байлығын, коммуникативтік мақсатқа жетуін, аудиториямен қарым-қатынас жасау қабілетін және сөйлеу мәнерін бағалайтын көпқырлы үдеріс.

Аталған әдістеме білім алушының тілдік дамуын жан-жақты саралап, нақты кері байланыс ұсынуға көмектеседі. Бұл өз кезегінде білім алушының өз білім деңгейін бағалауына, жетілу жолдарын анықтауына, сондай-ақ өзіне деген сенімділігін арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, педагог үшін де оқыту үдерісін тиімді ұйымдастырып, әрбір білім алушыға жеке көзқарас танытуға мүмкіндік береді.

Мақсаты: Айтылым дағдысын дамытуға бағытталған оқу әрекеттерінде критериалды бағалау әдістемесін тиімді қолдана отырып, білім алушылардың тілдік құзыреттілігін арттыру және олардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

Міндеттері:

- айтылым дағдысын бағалауға арналған өлшемді, нақты және қолжетімді критерийлер жүйесін жасау;

- педагогтердің бағалау дағдыларын жетілдіру мақсатында әдістемелік көмек көрсету;

- білім алушылардың айтылым дағдысын жетілдіруге бағытталған тиімді кері байланыс жүйесін ұйымдастыру;

- оқу үдерісінде ашық, әділ бағалау ортасын қалыптастыру арқылы білім алушы мотивациясын көтеру.

Айтылым — адамның ойын, пікірін, көзқарасын ауызша жеткізу құралы ретінде қызмет ететін негізгі тілдік әрекет түрі. Педагогтың міндеті — білім алушының осы дағдысын жүйелі түрде дамытып, оны нақты жағдайларда еркін қолдана алуына жол ашу. Алайда айтылым дағдысы өздігінен қалыптаспайды, оны мақсатты түрде ұйымдастырылған әрекеттер арқылы жүзеге асыру қажет.

Айтылым дағдысын жүзеге асыру – білім алушының ойлауын, тілдік қорын, логикасын және сөйлеу мәдениетін дамытуды көздейтін кешенді үдеріс. Бұл үдеріс бірнеше негізгі бағыттар арқылы іске асады.

Біріншіден, тиімді айтылымды қалыптастыру үшін қолайлы тілдік орта қажет. Сабақ барысында білім алушылардың еркін сөйлеуіне жағдай жасау, оларды тыңдауға, пікір айтуға және бірін-бірі қолдауға үйрету — педагог жұмысының негізі болуы тиіс. Айтылым тапсырмалары білім алушының жас ерекшелігіне, деңгейіне сай құрылып, оны қызықтыратын тақырыптарды қамтуы керек.

Екіншіден, оқытуда сөйлесім әрекетіне бағытталған әдістер мен стратегияларды қолдану маңызды. Мысалы, рөлдік ойындар, пікірталастар, сұхбат құру, презентациялар, жобалық жұмыстар — білім алушылардың сөйлеу дағдысын дамытатын тиімді әдістер. Бұл тапсырмалар білім алушыларды өз ойын ашық айтуға, ойды жүйелеуге, дәлел келтіруге, тілдік бірліктерді дұрыс қолдануға үйретеді.

Үшіншіден, айтылым үдерісінде педагогтың кері байланысы мен бағалау түрі де үлкен рөл атқарады. Критериалды бағалау жүйесін қолдану арқылы білім алушы өз деңгейін анық көре алады. Бұл бағалау тек қателікті көрсету емес, білім алушыны жетістікке жетелеу, сөйлеуге деген сенімін нығайту, тілдік кемшіліктерін нақты көрсетіп, оны түзету жолдарын ұсыну болып табылады.

Төртіншіден, айтылым дағдысын дамытуда пәнаралық байланыстың да ықпалы зор. Тарих, география, жаратылыстану сияқты пәндер мазмұнын пайдалану арқылы білім алушылар түрлі тақырыптарда сөйлеуге машықтанады, ойлау көкжиегі кеңейеді, тілдік қор байиды.

Сонымен қатар, білім алушыларды өмірлік жағдаяттарға жақын коммуникациялық тапсырмалармен жұмыс істеуге тарту — олардың шынайы тілдік қатынасқа түсу дағдысын дамытады. Бұл ретте ауызекі сөйлеу тілін, диалогтік және монологтік сөйлеу түрлерін дамытуға бағытталған жаттығулар мен мәтіндер жиынтығын тиімді қолдану ұсынылады.

Айтылым – коммуникативтік дағдыларды қалыптастыратын, білім алушыны тұлғалық дамуға жетелейтін маңызды тілдік қызмет. Оны дамыту жүйелі жұмыс жүргізуді талап етеді. Осы орайда айтылымды үш кезеңге бөліп, әр кезеңге сәйкес нақты тапсырмалар мен әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы жүзеге асыру тиімді. Олар: айтылым алдындағы тапсырмалар, айтылым кезеңіндегі тапсырмалар және айтылымнан кейінгі тапсырмалар.

1. Айтылым алды тапсырмаларды жүзеге асыру жолдары

Айтылым алдындағы кезеңнің басты мақсаты – білім алушыларды алдағы айтылым әрекетіне дайындау, тақырыпқа қызығушылық ояту және қажетті лексика мен грамматикалық құрылымдарды еске түсіру. Бұл кезеңде білім алушыда айтылымға психологиялық және тілдік дайындық қалыптасады. Оны жүзеге асыру жолдары:

- миға шабуыл білім алушылар берілген тақырып төңірегінде ойларын еркін айтып шығады;
- суретпен жұмыс: сурет немесе фотосурет негізінде білім алушылар тақырыпты болжайды;
- тақырыпқа қатысты сұрақтар қою арқылы диалогтық қатынас орнату;
- кілт сөздер мен сөз тіркестерімен жұмыс: жаңа немесе негізгі сөздерді еске түсіру, мағынасын ашу;
- сұхбат жүргізу: жұппен немесе топпен шағын сөйлесім жаттығулары арқылы қарым-қатынасқа түсу;
- кесте, диаграмма, видео, үзінді оқу арқылы ой қозғау және тақырыпқа қызықтыру.

Бұл кезең білім алушыларды еркін ой айтуға бейімдеп, өз ойын жеткізуге дайындайды.

2. Айтылым тапсырмасын жүзеге асыру жолдары

Бұл кезеңде білім алушылар белсенді сөйлеу әрекетіне түседі. Айтылым тапсырмасы – негізгі кезең, мұнда білім алушының өз ойы, көзқарасы, білімі мен тәжірибесі негізінде сөйлеуі күтіледі. Айтылым тапсырмасын жүзеге асырудың жолдары:

- рөлдік ойындар: білім алушылар берілген жағдаят бойынша рөлдерге бөлініп, диалог немесе полилог арқылы қарым-қатынас жасайды;
- пікірталас / Дебат: белгілі бір тақырып бойынша көзқарастарын дәлелдеп сөйлеу;
- диалог құру: жұппен немесе шағын топта нақты жағдаят негізінде сұхбат жүргізу;
- мәтін немесе оқиға желісі бойынша монолог айту: әңгімелеу, сипаттау, пікір білдіру;
- презентация жасау: дайын материал бойынша аудитория алдында сөйлеу;
- сюжеттік суреттермен жұмыс: суреттерге қарап оқиға құрастыру;
- жобалық жұмыс нәтижесін таныстыру: зерттеу нәтижесімен бөлісу арқылы сөйлеу;
- бейнеролик немесе фильм үзіндісіне пікір білдіру.

Бұл кезеңде педагог тыңдаушы, бағыттаушы және қолдаушы рөлінде болады. Білім алушы өз ойын еркін жеткізуге талпынады.

3. Айтылымнан кейінгі тапсырмаларды жүзеге асыру жолдары

Айтылымнан кейінгі кезең – сөйлеу әрекетін қорытындылап, түзету және рефлексия жасауға бағытталады. Бұл кезеңде білім алушылар өз және өзгенің айтылымын талдайды, кері байланыс алады. Оны жүзеге асыру жолдары:

- кері байланыс беру: педагог мен білім алушы, білім алушы мен білім алушы арасындағы пікір алмасу;
- өзіндік бағалау және өзара бағалау (критерийлер негізінде);
- қате түзету жұмысы: грамматикалық, лексикалық немесе құрылымдық қателерді талдау;
- жазбаша тапсырма беру: айтылған ойды жазу арқылы бекіту (мысалы, әңгіме жазу, эссе, пікір білдіру);
- рефлексия жүргізу: «Мен не білдім?», «Не оңай/қиын болды?», «Қалай жақсартуға болады?» деген сұрақтарға жауап беру;
- қысқаша қорытынды шығару: негізгі ойларды жинақтап, пікір түйіндеу.

Бұл кезең білім алушының айтылым дағдысын жетілдіру үшін маңызды, себебі рефлексия арқылы білім алушы өз жетістігін де, даму бағытын да анықтайды.

Айтылым дағдысын дамыту – білім алушының тілдік құзыреттілігін арттырумен қатар, оның тұлғалық дамуына да оң әсер етеді. Айтылымды тиімді ұйымдастыру үшін үш кезеңнің – айтылым алдындағы, айтылым барысындағы және айтылымнан кейінгі кезеңдердің әрқайсысы өзара байланыста, жүйелі құрылуы қажет. Әр кезеңнің өзіндік мақсаты мен міндеті бар, соған сәйкес тапсырмалар да нақты әрі қызықты болуы керек. Білім алушыларды белсенді тыңдаушыдан белсенді сөйлесушіге айналдыру — бүгінгі күннің басты мақсаты. Сондықтан айтылым дағдысын дамытуға бағытталған әрекеттерді мұқият жоспарлап, әр кезеңді дұрыс ұйымдастыру — тіл үйретудегі табыстың кілті болып табылады.

Айтылым үш кезеңін бағалау мен кері байланыстың мақсаты, мазмұны мен түрі әртүрлі болады.

1. Айтылым алды тапсырмаларды бағалау

Бұл кезеңнің мақсаты: білім алушыны тілдік, психологиялық және мазмұндық тұрғыдан дайындау, алдағы айтылымға қажетті лексика, грамматика, тақырып туралы түсінік қалыптастыру.

Бағалау түрі:

Бұл кезеңде формативті бағалау (оқыту үшін бағалау) тәсілдері қолданылады. Яғни, бұл – білім алушыны бақылап, қолдау көрсету кезеңі.

Бағалау құралдары:

Чек-парақтар (Мысалы: «Тақырыпты түсінді ме?», «Кілт сөздерді дұрыс қолдана алды ма?»);

Бағалау карточкалары (белсенділік, жауап сапасы бойынша);

Жұптық немесе топтық өзара бағалау (бір-бірінің жауаптарын тыңдау, толықтыру);

«Жетістік баспалдағы», «Бағдаршам» әдісі арқылы өз деңгейін бағалау.

Кері байланыс:

Жетелеуші сұрақтар («Тағы не айтуға болады?», «Сен қалай ойлайсың?»);

Жұмсақ түзету («Сен жақсы ой айттың, бірақ мына сөзді басқаша айтуға болар еді...»);

Қолдау білдіру («Тамаша бастама! Ойыңды әрі қарай дамытсаң, мықты болады»);

Қуаттандыру («Сен бұл тақырыпта сенімдісің!», «Келесіде нақты мысал келтірсең, одан да жақсы болады!»).

2. Айтылым тапсырмасын бағалау (Негізгі кезең)

Бұл кезеңнің мақсаты:

Білім алушының нақты сөйлеу әрекетін, мазмұн мен тілдік құралдарды дұрыс қолдануын бағалау;

Ойын жүйелі, түсінікті, нақты жеткізе алуын бақылау.

Бағалау түрі:

Критериалды бағалау – алдын ала берілген бағалау критерийлеріне сүйене отырып;

Қалыптастырушы бағалау – сөйлеу барысындағы ілеспе қолдау, бақылау, бағыттау;

Қалыпты суммативті бағалау – айтылым соңында жинақтап баға беру (педагог және өзара бағалау арқылы).

10-кесте. Бағалау критерийлеріне мысал (деңгейге қарай)

Критерий	Дескриптор
Мазмұнның толықтығы	Тақырыпқа сай сөйледі, негізгі ойды жеткізді
Сөйлеу құрылымы	Кіріспе – негізгі бөлім – қорытынды болды
Тілдік құралдарды қолдануы	Сөз тіркестері, грамматикалық формалар дұрыс
Дыбыстау, мәнерлілік	Сөзді анық айтты, екпін дұрыс қойылды
Коммуникативтік қабілет	Тыңдаушыға бағытталып сөйледі, сұрақтарға жауап берді

Кері байланыс түрлері:

- Ауызша кері байланыс:

«Сен сөйлеу барысында нақты мысал келтіргенің өте жақсы»

«Келесіде сөйлем құрылымына мұқият бол».

- Жазбаша кері байланыс:

Педагог тарапынан рефлексия бетшесіне жазылады («Сөйлеуің сенімді болды, енді логикалық байланысқа назар аудар»);

- Бақылау парағы бойынша кері байланыс:

Білім алушы өзінің немесе сыныптасының айтылымын бағалайды;

- "Екі жұлдыз, бір тілек" әдісі:

Екі жақсы қасиет және бір жақсартуға арналған ұсыныс айту.

3. Айтылымнан кейінгі тапсырмаларды бағалау

Бұл кезеңнің мақсаты:

- Айтылымда қолданған білім мен тәжірибені бекіту;

- Қателерді түзету және рефлексия жасау арқылы даму бағытын айқындау.

Бағалау түрі:

- Қалыптастырушы бағалау (рефлексия, талдау, түзету жұмысы);
- Өзін-өзі бағалау және өзара бағалау (білім алушы өзінің не үйренгенін, неге қол жеткізгенін түсінеді).

Бағалау құралдары:

- Рефлексия парақтары («Не ұнады? Не қиын болды? Не үйрендім?»);
- Қате талдау кестесі (айтылымда жіберілген қателерді түртіп жазу, түзету);
- Жетістік критерийі бойынша өзін-өзі бағалау;
- Жазбаша жұмыстар арқылы (эссе, пікір, хат) – айтылымнан кейінгі ойды жазбаша жеткізе алу қабілеті де бағаланады.

Кері байланыс жолдары:

- Даму бағытында түзету: «Сөйлеуің жақсы болды, бірақ кейбір сөйлемдер ұзақ әрі түсініксіз болды. Келесіде сөйлем құрылымын қысқа әрі нақты етуге тырыс»;
- Рефлексиялық қолдау: «Сен бүгін өзінді сенімді ұстадың. Айтылымнан кейінгі пікірің де тиянақты. Өзінді қалай бағалар едің?»;
- Жетістікті мойындау: «Қателеріңді өзін тауып, түзеткеніңе қуаныштымын. Бұл – үлкен жетістік!».

Тыңдалым – білім алушының тілдік қарым-қатынас жасау қабілетін дамытатын маңызды дағды. Тыңдау арқылы білім алушы сөйлеу тілін, дыбыстарды, интонацияны қабылдайды, сол арқылы тілдік жүйені меңгереді. Бұл процестің тиімділігі педагогтың дұрыс таңдалған әдістемесіне, мәтін мазмұнына, тапсырма түрлеріне және бағалау жүйесіне тікелей байланысты. Осы ұсынымда тыңдалым дағдысын тиімді дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдер мен практикалық ұсыныстар жүйеленіп ұсынылады.

1. Тыңдалым материалдарын іріктеу бойынша ұсынымдар

- Тыңдалым мәтіні білім алушының тілдік деңгейіне сай, түсінікті және мазмұнды болуы қажет;
- Мәтіннің фонетикалық анықтығына, сөйлеу қарқыны мен дикциясына назар аудару;
- Тақырыбы қызықты, өмірмен байланысты, өзекті болуы керек (жарнама, сұхбат, оқиға, жаңалық т.б.);
- Әртүрлі тыңдалым жанрларын (диалог, монолог, радио хабар, нұсқаулық) қолдану ұсынылады;
- Әуен, кино, подкаст, бейнебаян сияқты аутенттік материалдар тыңдалым мотивациясын арттырады.

2. Тыңдалым тапсырмаларын құрастыру бойынша ұсынымдар

- Тапсырмалар тыңдалым мақсатына сай жасалуы тиіс (негізгі ойды табу, нақты ақпаратты анықтау, салыстыру, қорытынды жасау т.б.);

- Тыңдалым үш кезеңге бөлініп (алды, барысы, кейінгі), әр кезеңге нақты тапсырма ұсынылуы қажет;
- Қарапайымнан күрделіге қарай бағытталған сатылы тапсырмалар қолданған дұрыс;
- Білім алушыларға таңдау мүмкіндігі беретін ашық тапсырмалар (мысалы, «Қай кейіпкермен келісесің? Неге?») ұсынылғаны абзал;
- Көптүрлі тапсырмалар түрлері тиімді (иә/жоқ, сәйкестендіру, кесте, сұрақ-жауап, реттеу, толықтыру т.б.);
- Тапсырма соңында рефлексия элементтері болуы ұсынылады.

Тыңдалым мәтінін меңгертудің кезеңдері мен әдіс-тәсілдері

А. Тыңдалым алды кезеңі (дайындық)

Тиімді әдіс-тәсілдер:

- «Миға шабуыл» – тақырып бойынша сөздер, суреттер арқылы болжау;
- «Болжау сұрақтары» – «Қалай ойлайсың, не туралы мәтін болуы мүмкін?»;
- Кілт сөздермен жұмыс – жаңа сөздерді мәтінге дейін таныстыру;
- Сурет, видео үзінді пайдалану – визуалды материал арқылы мазмұнға ену.

Мысал: «Сапарға шығу» тақырыбындағы тыңдалым алдында білім алушыларға чемодан, билет, көлік суреттері көрсетіліп, «Мәтінде не туралы айтылуы мүмкін?» деген сұрақ қойылады.

Ә. Тыңдалым кезіндегі кезең (негізгі әрекет)

Мақсаты: мәтінді тыңдай отырып, ақпаратты қабылдау, сараптау, нақты мәліметтерді табу.

Тиімді әдіс-тәсілдер:

- «Иә/Жоқ» әдісі – айтылған пікірлердің мәтінмен сәйкестігін анықтау;
- Сәйкестендіру – кейіпкер мен әрекетті, оқиға мен уақытты байланыстыру;
- Ақпаратты реттеу – оқиға ретін дұрыс орналастыру;
- Кесте толтыру, белгілеп отыру – негізгі және қосымша ақпаратты бөліп көрсету;
- Қате мәліметті табу – тыңдалғанмен қайшы келетін деректерді анықтау.

Мысал: Мәтінде үш кейіпкер туралы айтылса, білім алушылар олардың әрқайсысы қайда барды, не істеді деген мәліметтерді кестеге жазады.

Б. Тыңдалымнан кейінгі кезең (бекіту, талдау)

Мақсаты: тыңдалған мәтін бойынша талдау, пікір білдіру, шығармашылық жұмыс арқылы материалды бекіту.

Тиімді әдіс-тәсілдер:

- «Пікір білдіру» – мәтіндегі оймен келісу/келіспеу, себебін айту;
- «Рөлдік ойын» – тыңдалған жағдаятты сахналау;
- «Кейіпкерге хат» – білім алушының эмоционалды пікірін білдіру;
- «Оқиғаны жалғастыр» – мәтін мазмұнын дамыта баяндау;
- «Венн диаграммасы», «Т кестесі» – салыстыру, ой қорытындылау;
- Рефлексия – «Не түсіндім? Не білгім келеді?»

Мысал: Мәтіндегі басты кейіпкердің әрекетіне білім алушы өз бағасын береді: «Ол дұрыс істеді деп ойлаймын, себебі...».

3. Тыңдалым әдістерін бағалау және тиімділігін арттыру жолдары

- Тыңдалым мәтініне дұрыс таңдалған тапсырма – білім алушының түсіну дәрежесін арттырады;
- Критериалды бағалау және кері байланыс тыңдалым сапасын жақсартады;
- Білім алушылардың өзара бағалауы, жұптық/топтық талқылау дағдыларын дамытады;
- Цифрлық құралдар (LearningApps, Quizlet, видео, подкаст) – тыңдалымды қызықты әрі жандандырады;
- Тыңдалым нәтижесінде сөйлеу мен жазу дағдысын байланыстыратын тапсырмалар ұсынылуы қажет.

Сынып: 5

Сабактың тақырыбы: Көлік түрлері

Оқу мақсаты: 5.1.4.1 тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау;

Тыңдалым

Көлік – адамның өмірінде маңызды рөл атқаратын құрал. Көлік арқылы біз мектепке, жұмысқа, қалаға немесе ауылға тез әрі ыңғайлы жете аламыз. Көліктің түрлері өте көп. Олар өздерінің жүретін орнына байланысты бірнеше топқа бөлінеді: жер көлігі, әуе көлігі, су көлігі және рельс көлігі.

Жер көлігіне автомобиль, автобус, велосипед, мотоцикл жатады. Бұл көліктер жолмен жүреді. Автобус – көп адамды бір жерден екінші жерге тасымалдайды. Ол қала ішінде де, қала сыртында да жүреді. Ал автомобиль – көбіне отбасылар мен жеке адамдарға арналған. Кейбір адамдар жұмысқа мотоциклмен немесе велосипедпен барады. Бұл – қоршаған ортаға зиян келтірмейтін экологиялық көлік түрлері.

Әуе көлігіне ұшақ пен тікұшақ жатады. Олар аспанда ұшады. Ұшақ – өте жылдам көлік. Ол алыс елдерге, басқа қалаларға бірнеше сағатта жетуге мүмкіндік береді. Тікұшақ көбіне жедел жәрдем, өрт сөндіру және арнайы қызметтер үшін пайдаланылады.

Су көлігімен адамдар өзен, көл және теңіз арқылы қатынайды. Кеме, қайық, паром – су көліктері. Олар жолаушыларды да, жүк те тасымалдай алады.

Пойыз – рельспен жүретін көлік түрі. Ол теміржол бойымен қозғалады. Пойызбен алыс сапарға шығуға болады. Қазір заманауи пойыздар өте жылдам жүреді және жайлы.

Кейбір көліктер күн сайын қолданылса, кейбіреулерін тек арнайы жағдайларда ғана пайдаланамыз. Бірақ қай көлік болмасын, ол адамның өмірін жеңілдетеді, уақытын үнемдейді, алысты жақындатады.

I. Тыңдалым алды тапсырма:

«Суреттер сөйлейді»

Берілген суреттегі көлік түрлерін атаңыз. Олар қандай мақсатта қолданылатынын айтып көріңіз.



- Бұл көліктердің қайсысында сен мініп көрдің?
- Қай көлік түрі саған ыңғайлы? Неге?

II. Тыңдалым кезіндегі тапсырмалар:

Мәтінді мұқият тыңдаңыз.

№1 Берілген сөйлемдердің дұрыс-бұрысын анықтаңыз.

№	Мәлімет	Иә	Жоқ
1	Көлік тек қала ішінде жүреді.	☐	☐
2	Ұшақ пен тікұшақ су көлігіне жатады.	☐	☐
3	Автомобиль жеке адамдар үшін ыңғайлы көлік түрі.	☐	☐
4	Пойыз жақын қашықтыққа ғана жүреді.	☐	☐
5	Көлік адамның өмірін жеңілдетуге көмектеседі.	☐	☐

№2 Сәйкестіндіріңіз.

Көлік түрі	Сипаттама
Автобус	Аспанда ұшады
Ұшақ	Жолмен жүреді, көп адамды тасымалдайды
Кеме	Теңізде жүреді
Пойыз	Теміржолда жүреді, алыс жолға арналған
Қайық	Өзен мен көлде жүреді

№3. Сөйлемдерді тыңдаған мәтін бойынша аяқтаңыз.

1. Көлік – адамның _____ көмектесетін құрал.
2. Жер көлігіне _____ жатады.

3. Ұшақпен _____ баруға болады.

4. Кеме – _____ жүреді.

5. Көлік – біздің өмірімізді _____ құрал.

III. Тыңдалымнан кейінгі тапсырмалар:

№1 Пікір білдіру

Сұрақтар:

Саған қай көлік түрі көбірек ұнайды? Неліктен?

Егер сен ұшақ жасай алатын инженер болсаң, ол қандай болар еді?

Көліксіз өмір қандай болар еді?

№2: Шығармашылық тапсырма – «Менің армандаған көлігім»

Нұсқаулық:

Өзің армандайтын көлік түрін сипаттап жаз. Оның қандай ерекшеліктері бар? Ол қайда жүреді? Не үшін пайдалы?

Сынып: 6

Оқу мақсаты: 6.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, детальді ақпаратты анықтау

Тыңдалым

Қазақстан – әлемдік спорт аренасында өз орнын қалыптастырған мемлекет. Егемендік алғаннан кейін еліміздің спортшылары халықаралық жарыстарға белсенді түрде қатысып, ел намысын абыроймен қорғап келеді. Әсіресе, Олимпиада ойындарында, әлем және Азия чемпионаттарында топ жарған спортшыларымыз аз емес.

Мысалы, ауыр атлетикада Илья Ильин бірнеше мәрте әлем чемпионы атанып, Қазақстан туын биікке көтерді. Оның қажырлы еңбегі мен төзімділігі жас ұрпаққа үлгі бола білді. Сонымен қатар, боксшы Серік Сәпиев 2012 жылғы Лондон Олимпиадасында алтын медаль жеңіп алып, «ең үздік боксшы» атағын иеленді. Ал Зүлфия Ғабидуллина Паралимпиадада жеңіске жетіп, мүмкіндігі шектеулі жандарға үміт пен сенім сыйлады.

Қазақстан спорты тек жазғы спорт түрлерімен шектелмейді. Қысқы спорт түрлерінен де жетістіктер аз емес. Мәнерлеп сырғанаушы Денис Тен — халықаралық турнирлердің жүлдегері, ол өз өнерімен көптеген жанкүйерлердің жүрегін жаулап алған. Оның өнері тек спорттық шеберлікті ғана емес, мәдениетті де паш етіп, Қазақстанды әлемге танытты.

Бүгінде елімізде спортты қолдау бағытында түрлі бағдарламалар жүзеге асырылып жатыр. Жаңа спорт нысандары салынып, жастарды спортқа баулу ісі жолға қойылған. Бұл — болашақ чемпиондарды дайындаудың маңызды қадамы.

Қорытындылай келе, қазақстандық спортшылар – ел мақтанышы. Олар тек медаль жеңіп қана қоймай, жас буынға рух береді, отансүйгіштікке тәрбиелейді. Олардың жетістігі – бүкіл елдің жетістігі.

I. Тыңдалым алдындағы тапсырмасы:

- Қазақстанның қай спортшыларын білесің?
- Олар қандай жарыстарға қатысады?
- Тыңдайтын мәтін не туралы болуы мүмкін?

- Қандай спорт түрлері айтылуы мүмкін?

II. Тыңдалым кезіндегі тапсырмалар:

«Шындық/Жалған»

№1. Мәтіннің мазмұнына негізделген ақпараттардың шындық/жалған екенін анықтаңыз.

- Илья Ильин ауыр атлетикадан тек бір рет әлем чемпионы атанды. ()
- Серік Сәпиев 2012 жылы Лондон Олимпиадасында алтын медаль алды.
- Денис Тен – мәнерлеп сырғанаушы, ол Азия ойындарында бірнеше рет жеңіске жетті. ()
- Зүлфия Ғабидуллина Паралимпиадада жеңіске жеткен жоқ. ()

№2 «Мәтін кестесі»

Мәтіндегі ақпараттарды кестеге бөліп жазыңыз.

Негізгі ақпарат	
Қосымша ақпарат	
Детальді ақпарат	

Дескриптор:

- ✓ мәтіннің мазмұнын түсінеді;
- ✓ негізгі, қосымша, детальді ақпаратты анықтайды;

III. Тыңдалымнан кейінгі тапсырмасы:

«3 факт – 1 пікір»

Тыңдалым мәтінінен 3 нақты ақпарат (факт) және 1 өз пікіріңізді айтыңыз.

Сынып: 7

Оқу мақсаты: 7.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу;

Тыңдалым

«Біз - қазақ деген мал баққан елміз,
Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.
Елімізден құт-береке қашпасын деп
Жеріміздің шетін жау баспасын деп
Жылқы қылын найзасына таққан елміз.
Ешбір дұшпан басынбаған елміз,
Басымыздан сөз асырмаған елміз.
Досымызды сақтай білген елміз,

Дәм-тұзды ақтай білген елміз.
 Асқақтаған хан болса,
 Хан ордасын таптай білген елміз.
 Атадан ұл туса,
 Құл болам деп тумайды.
 Анадан қыз туса,
 Күн болам деп тумайды.
 Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз.
 Сен темір де, мен көмір – еріткелі келгенмін,
 Қазақ-қалмақ баласын теліткелі келгенмін.
 Танымайтын жат елге — танысқалы келгенмін,
 Танысуға көнбесең – шабысқалы келгенмін.
 Сен қабылан, мен арыстан – алысқалы келгенмін,
 тұтқыр сары желіммен жабысқалы келгенмін.
 Бітім берсең – жөніңді айт,
 бермесең – тұрысатын жеріңді айт».

I. Тыңдалым алдындағы тапсырмасы:

- «Билер сөзі-даналықтыі көзі» дегенді қалай түсінесіз?
- Тарихта би-шешендердің рөлі қандай болды?
- Шешен болу үшін қандай қасиеттер болу керек?
- Бүгінгі таңда би-шешендердің сөздері қаншалықты өзекті?

II. Тыңдалым кезіндегі тапсырма:

№1. Мәтінді мұқият тыңдап, берілген сөйлемдерді толықтырыңыз.

«Біз – қазақ деген _____».

«Сен темір де, мен көмір – _____».

«Бітім берсең – жөніңді айт, _____».

№2. Мәтіннен 3 факт пен 3 көзқарас тауып, әрқайсысын неге солай ойлағаныңызды дәлелдеңіз.

Үзінді	Факт/Көзқарас	Дәлел

Дескриптор:

- ✓ сөйлемдерді толықтырады;
- ✓ факт пен көзқарасты ажыратады;

III. Тыңдалымнан кейінгі тапсырма:

«3 сөйлем – 3 ой» әдісі

Тыңдалым мәтінінен түйген үш негізгі ойыңызды 3 қысқа сөйлеммен жазыңыз.

Сынып: 9

Оқу мақсаты: 9.1.2.1 қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми тақырыптарға байланысты әртүрлі жанрдағы кең көлемді мәтіндердегі (дәріс, интервью) мақсатты аудитория мен көркемдегіш құралдардың рөлін талдау;

Тыңдалым

Тәуелсіздік – қазақ халқының ең қастерлі мұраты, арманы мен мақсаты. Ол ғасырлар бойы аңсап, құрметтеп келген ұлттық еркіндіктің, бостандықтың белгісі. 1991 жылы Қазақстан тәуелсіздігін жариялап, өз тарихында жаңа дәуірге қадам басты. Бұл сәт қазақ халқына тек саяси дербестік сыйлап қана қоймай, оның рухани тәуелсіздігін, ұлттық болмысын сақтауға мүмкіндік берді.

Тәуелсіздік – тек сыртқы күштерден азат болу емес, ол елдің ішкі еркіндігі, ұлттық рухының қайта жаңғыруы. Тәуелсіздікке қол жеткізу арқылы біз өз тілімізде сөйлеп, өз тарихымызды құрметтеп, ұлттық дәстүрлерімізді жаңғыртуға жол аштық. Қазақтың мәдениеті мен өнері қайтадан өркендей бастады. Қазақ әдебиеті мен өнері әлем сахналарында орын ала бастады, ұлттық құндылықтарымыз жаңғырды.

Бұл күндердің мәні – ұлттың тарихында, мәдениетінде және жан дүниесінде қалдырған іздері мен мұраларында жатыр. Тәуелсіздік – қазақ халқы үшін ұлы жеңіс, оның болашағы үшін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін аманат. Елдің өсіп-өркендеуі, саяси тұрақтылығы, мәдени дамуында тәуелсіздік маңызды орын алады. Қазақ елі тәуелсіздігін жариялағаннан кейін, әлемнің түрлі елдерімен стратегиялық байланыстар орнатты, экономикалық дамуда қадамдар жасалды.

Тәуелсіздік – халықтың бірігуі, ортақ мақсатқа қол жеткізуі үшін негіз қалайды. Ол тек сыртқы саясатта ғана емес, ішкі даму мен азаматтық қоғамда да көрініс табады. Бүгінгі Қазақстан тәуелсіздік арқылы өз келешегін өзі қалыптастыруда, өз тағдырын өзі таңдайды.

Тәуелсіздік – біздің ең ұлы мұрамыз. Оны сақтап, нығайту біздің, келер ұрпақтың, басты міндеті. Тәуелсіздік үшін күрескен бабаларымыздың есімі тарихта мәңгі қалды, олардың ерлігі мен арманын ұрпақтар жалғастыруы тиіс.

I. Тыңдалым алдындағы тапсырмасы:

«Тәуелсіздік» сөзі сізге қандай ойлар мен сезімдер тудырады?

Тәуелсіздіктің қазақ халқы үшін қандай маңызы бар деп ойлайсыздар?

II. Тыңдалым кезіндегі тапсырма:

№1. Мәтінді мұқият тыңдап, сұрақтарға жауап беріңіз.

Мәтін кімдерге арналған?

Аудиториясы кімдер?

№2. Мәтіннен көркемдегіш құралдарды теріп жазыңыз. Бұл көркемдегіш құралдарды автор не үшін қолданды?

Дескриптор:

✓ мәтіннің мақсатты аудиториясын анықтайды;

✓ көркемдегіш құралдарды теріп жазады;

✓ автордың қолдану мақсатын түсіндіреді;

III. Тыңдалымнан кейінгі тапсырма:

«Үш тұжырым, бір түйін»

- Тыңдалым мәтінінен алынған негізгі идеяларға негізделе отырып, үш тұжырым айтыңыз. Әр тұжырым мәтіндегі маңызды мәліметтерді қамтуы тиіс.
- Үш тұжырым негізінде тыңдалым мәтінінің бір түйінін анықтаңыз.

Тыңдалым дағдысы тыңдау қабілетін ғана емес, жалпы ойлау және сөйлеу қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Бұл дағды білім алушыларға ақпаратты дұрыс қабылдау мен түсіну, басқа адамдардың пікірін тыңдай білу, өз ойларын дәлелді түрде жеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тыңдалым тапсырмалары арқылы сыни ойлау дағдыларын жетілдіруге болады. Білім алушылардың тыңдалым дағдысын дамыту, оларды жауапкершілікке, өз пікірін дәлелдеуге үйретеді.

Қазіргі таңда білім беру жүйесі заман талабына сай өзгеріп, жаңартылған мазмұн негізінде оқытуға көшті. Бұл өзгерістер педагогтан да, білім алушыдан да жаңа көзқарасты, әдістемелік дайындықты талап етеді. Оқытудың тиімділігін арттыру үшін бағалау жүйесі ерекше орын алады. Соның ішінде формативті бағалау – білім алушының оқу жетістігін үздіксіз бақылап, оны түзетіп, жетілдіріп отыруға бағытталған бағалау түрі ретінде маңызды рөл атқарады. Қазақ тілі сабағында формативті бағалаудың қолданылуы білім алушының тілді меңгеру деңгейін анықтауға, оқу мақсатына жету үдерісін нақты бақылауға мүмкіндік береді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі білім беру мазмұнының жаңаруы аясында білім алушының тілдік және коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған. Осы құзыреттіліктерді дамыту барысында бағалау жүйесінің, соның ішінде формативті бағалаудың маңызы артып отыр. Қазіргі педагог білім алушының тіл үйрену барысындағы жетістіктерін нақты және әділ бағалай отырып, оның оқу мақсатына жетуіне жол көрсетуі тиіс. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін оқу мақсаттарына сәйкес бағалау критерийлерін құрастыра білу – кәсіби біліктіліктің негізгі көрсеткіші болып табылады.

Зерттеудің мақсаты – қазақ тілі сабағында оқу мақсаттарына сәйкес бағалау критерийлерін құрастыру әдістерін анықтау, формативті бағалау түрлерін тиімді қолдану арқылы білім алушылардың оқу жетістіктерін арттыру жолдарын ұсыну.

Міндеттері:

- Формативті бағалаудың теориялық негіздерін сипаттау;
- Қазақ тілі пәні бойынша оқу мақсаттарына сай бағалау критерийлерін құрастыру жолдарын қарастыру;
- Түрлі деңгейдегі білім алушыларға арналған формативті бағалау тапсырмаларының үлгілерін әзірлеу;
- Педагогтарға арналған әдістемелік ұсыныстар әзірлеп, тәжірибеге енгізу жолдарын көрсету.

Осы бағыттағы жұмыстар педагогтың кәсіби дамуына, білім алушы жетістігін арттыруға және білім сапасын жақсартуға оң әсерін тигізеді. Әділ, жүйелі бағалау – сапалы білімнің кепілі.

Еліміздің білім беру жүйесіндегі даму іс-әрекеті — білім мазмұны мен сапасын арттыру, білім беруде жаңаша педагогикалық көзқарас қалыптастыру

.Қолдауды қажет ететін бүгінгі күннің білімінің орнына елімізді алға тартатын, жастарымызды дұрыс жолға бағыттайтын инновациялық білім керек.

Ы.Алтынсариннің айтқанындай «педагог - мектеп жүрегі» болса, оның білім алушыларды тәрбиелеу, дамытуға бағытталған сыныптағы күнделікті жұмысы оқыту үдерісі мен білім алушылардың оқу нәтижелеріне оң ықпал етеді (Barber and Mourshad, 2007). Дәстүрлі оқыту кезінде білім алушының алған білімдері механикалық түрде есте сақталынып, кейбір жерде ұтымды пайдаланылады, бірақ, мәні терең меңгерілмегендіктен білім алушылар оны өмірде тиімді пайдаланбайды. Сол себептен, білім алушылардың қалай оқу керектігіне, түсіну қабілетін дамытып, оны керек кезде пайдалана білетін, ойын нақты жеткізе алатын, көзқарасы дамыған, жігерлі тұлғаның қалыптасуын қамтамасыз ету - аталмыш теорияның негізгі мақсаты.

Қазіргі кезде тұлғаны жан-жақты білімді, ізденімпаз, ойы ұшқыр, саналы, зерек, жауапкершілігі зор, қоғам талаптарын қанағаттандыратындай етіп қалыптастыру ең маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Оны шешу үшін білім берудің мазмұнын жаңартып, озық әдіс-тәсілдерді пайдалану керек. Сол себепті білім беруді мектептен бастап, білім алушыларды өз бетінше білім іздеуге дағдыландыруымыз абзал. Соған байланысты мектеп бағдарламасындағы сабақтарды өтуде Кембридж университеті мен Назарбаев Зияткерлік мектебі арасындағы бағдарламасы ұсынып отырған жеті модульдің кіріктірілуі сөзсіз керек. Ұсынылып отырған осы бағдарламадағы модульдер бойынша білім алған білім алушы өзін еркін ұстап ойын дәл жеткізе алатын, сыни тұрғыдан ойлай алатын, тұжырым жасай білетін, бірін-бірі бағалай алатын, көшбасшы бола алатындай тұлға болып қалыптасатынына күмәніміз болмайды.

Білім алушылардың сабаққа деген құлшынысын, қызығушылығының артқанын, қала берді, ең болмағанда жаман жолға түспейтініне, сыни тұрғыдан ойлауға бет алатынын байқауға болады. Ең маңыздысы білім алушылар өз іс-әрекетін, сыныптастарының, құрбы-құрдастарының іс-әрекеттерін, жетістіктерін бағалауды және жауапкершілікке үйренеді.

Білім беру саласындағы педагогтар мен саясаткерлер ортасында зерттеу нәтижелерін таныту мақсатында 1989 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан Ұлыбритания ғалымдарынан тұратын Бағалауды реформалау Тобы (Assessment Reform Group) 1999 жылы «Оқу үшін бағалау» деген кітапша жариялады. Осы уақыттан бастап ОҰБ тұжырымдамасы кеңінен таныла бастады. Осы кітапшаның негізгі мәтіні Бағалауды реформалау Тобы ұйымдастырған Пол Блэк пен Дилан Уильямның (1998a, 1998b) зерттеулеріне шолу ретінде ұсынылған. Шолу 1987-1997 жж. аралығында білім берудің көптеген аспектілері бойынша және пәндік салалар бойынша өткізілген әлемдік зерттеулерді қарастырды.

Блэк пен Уильям 250 зерттеуге талдау жасап, оның 50 зерттеуіне айрықша назар аударған, себебі бұл зерттеулерден ОҰБ тәжірибесін пайдалануға негізделген «араласудан» кейін үлгерімнің жақсарғандығының дәлелдерін көруге болады. Бұл жетістіктер жаңағы айтылған «араласуға» дейін және одан кейін жиынтық тестілермен өлшеніп, әсер коэффициенті 0,4-тен 0,7-ге дейін жеткен. Бұл орайда 0,4-ке тең әсер мөлшері орташа білім алушының 2-ші

кезеңнің белгіленген деңгейінің ортасына дейін жылжуына ықпал еткен; ал 0,7 әсер мөлшері білім алушылардың белгіленген деңгейдің төрттен үшіне жылжуын қамтамасыз еткен. Сонымен қатар, зерттеулерде оқу үлгерімі төмен білім алушылардың көрсеткіші айтылғаннан да жоғары болған, бұл көптеген педагогдар мен саясаткерлердің ОҮБ тәсілінің өзектілігі мен маңыздылығы туралы пікірлерін өзгертіп, бұл әдіске қызығушылық білдіруіне түрткі болды.

Бүгінгі күні білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау - оқу үдерісінің маңызды да салмақты бөлігі болып табылады. Сол себептен, зерттеу іс-әрекеттерін кеңінен қолданып, білім алушылардың жетістіктерін бүгінгі күннің талабына сай жаңаша бағалау жүйесі қажет етіледі. Бұл жерде білім алушылар өзін-өзі бағалау, бірін-бірі бағалау, топтық бағалауда оқу үдерісінің белсенді қатысушысы бола алады. Өйткені, дәстүрлі бағалау процесінде педагог білім алушыға жауап бергені үшін немесе сабақ оқымағаны үшін баға қояды. Сонда білім алушы қаншалықты әділ баға алғанын білмей қалады, күмәнмен қарайды. Бағалаудың жаңа әдісінде білім алушы бағаны қандай критерийлер бойынша алғанын, келесі сабақтарда қандай критерийлерге көңіл бөлу керектігін ұғынады. Бұл жүйеде білім алушының нәтижесімен бірге іс-әрекеті де бағаланады. Одан басқа білім алушыларды бағалауда педагог түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана алады. Біріншіден, білім алушының қызығушылығы артады, екіншіден, педагогтың жұмысы да жеңілдеуі мүмкін (білім алушылар бірін бірі бағалау, топпен бағалау, топты бағалау әдістерін қолданғанда).

Бағалау - оқыту нәтижесін анықтау үшін қолданылатын тәсіл, білім алушының берілген тақырыпты меңгерудегі кемшіліктерін жоюда, оның үлгерімінің нәтижелі болуына ықпал ететін фактор. Бағалау, көбінесе, баға қоюдың синтездік түрі (1-ден 5-ке дейінгі ранг) арқылы жүзеге асады. Сондай-ақ, мектеп тәжірибесіндегі бағалау баға қоюмен ғана шектелетін тәсіл емес, ол материалды меңгеру, меңгермеу фактісімен қатар оның себептерін анықтауға мүмкіндік беретін оқытудың маңызды құрамды бөлігі болып табылады. Жоғары оқу орындарында бағалау рейтингтік әдіс арқылы жүргізіледі (Қазақ Энциклопедиясы, 1 том).

1960 жылдардан бастап формативтік (қалыптастырушы) және суммативті (жиынтық) бағалау терминдерінің арасындағы айырмашылық енгізіле бастады. Нақтырақ айтқанда, жіктеу үшін өткізілетін оқуды бағалау және оқытудың бөлігі ретінде бағалауды қолдану болатын оқыту үшін бағалау арасында. Оқытуды, әдістерді жақсарту мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған оқыту үшін бағалау (ОҮБ) дербес тұжырымдама ретінде 1999 жылдан кейін қолданысқа енді. Бағалау оқытудың алға жылжуын белгілейді және өзінің функциясы бойынша бағалау жиынтық (оқуды бағалау) болып саналады (Педагогқа арналған нұсқаулық, 56 бет).

Білім алушыны қандай мақсатта, не үшін, қалай бағалаймыз? Бағалау кезінде мынадай мақсаттар болуы мүмкін: оқытудың қиындықтарын анықтау, жетістікке жеткендегі кері байланыс, уәж, болжау, стандарттарды бақылау, бағдарламаның мазмұны мен стилін бақылау. Бұл келтірілген барлық бағалаудың түрлерінде бақылау, интерпретациялау, қорытындылауды қамтиды.

«Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау» модулі білім беру, оқыту үдерісіндегі әдіс-тәсілдердің барлық түрлерімен байланыста болады. Бұны меңгеру үшін қалған модульдердің мазмұнын игеру қажет, болжау, сұрыптау, бақылау, жоспарлау әдістерін меңгеру керек. Білім алушылардың алға қарай даму мақсатында жұмыс нәтижелерін, өз-өздерін бағалай білуі керек. Оқуды бағалаудың мақсаты -білім алушылардың оқып білгенін жинақтау. Бірақ, маңызды мәні бар тест жүйесі арқылы білім алушылардың білімін бағалау оқыту үдерісіне кері әсерін тигізуі мүмкін (Assesstment Reform Group, 2002 b.).

Педагогтың білім алушыларды бағалауы — ол оның білімін топтау, белгілі бір шаблонмен салыстыру. Педагогтың іс-әрекеттеріне қарай, шеберлігіне қарай білім алушыларды бағалауда бірнеше әдістерін қолдана алады: жеке, жұптық, топтық, жиынтық, қателер талдауын, салыстырмалы түрде, өздерін-өздері, кері байланыс, т.б. Білім алушының педагогқа деген сенімі артады, көзқарасы өзгереді.

Оқыту үшін бағалау мен оқуды бағалау модулі бағдарламаның басқа модульдерімен тығыз байланысқан. Бұл модульді пайдаланғанда барлық жаңа тәсілдердің мазмұнын дұрыс игеру керек, орынды пайдалану керек. Оқыту үшін бағалау мен оқуды бағалау модулі білім алушылардың білім деңгейін анықтауға, алдағы жұмыстарды қалай жоспарлау керектігі, алға қойған мақсатқа жету алгоритмін құру керек. Барлық модульдер бір-бірімен өте тығыз байланысқан. Сабақ беру кезінде бір модульді пайдаланға басқа модульдің міндетті түрде кірістірілетінін сеземіз. Екінші жағынан, кез келген модульді пайдаланғанда оның нәтижесін біліуіміз керек, яғни қаншалықты сабақ беру кезінде таңдап алынған модульді пайдаланғанымызды бағалауымыз тиіс.

Қазіргі кезде оқытудың көптеген жаңа технологиялары жайлы айтылып, бұқаралық ақпараттар құралдар арқылы да жарияланып келеді. Бұған көптеген материалдар бар. Оқуды бағалау тақырыбы өте күрделі және педагогтың білім алушыға қоятын бағасы өте тиянақты, әділ, маңыздылық пен дәлелділік, жариялылық пен қарапайымдылықпен сипатталатын болса, білім алушылардың да оқуға деген ынтасы артуына, қандай да бір мақсатқа жетуіне ықпал етеді деп есептейміз. Білім алушылар тапсырманы шығармашылықпен, ізденіспен орындаса, тақырып мазмұнын суреттеп берсе, ол жұмыс жоғары бағаланатынын біледі. Кез келген іс-әрекетте өзінің қиындықтары болады. Жаңа бағдарламамен жұмыс істеген педагогтардың да өздеріне лайықты жетістіктері мен кедергілерге кездесетіні болады.

Педагогтар мектеп іс-тәжірибесінде білім алушыларды формативті бағалаудың бір ғана түрін қолданады. Білім алушыларды білім алуға ынталандыруда формативті бағалаудың 12 түрін толық қолдануы оң нәтижелерін берері сөзсіз. Педагогтар білім алушыларының іс-әрекеттерін сипаттап жазған рефлексивті есептерінде қиналады. Себебі, педагогтардың өздерін бүкіл курс барысында біз тренер ретінде бағалайтынымызды сезбейді. Оларды курс барысында басынан соңына дейін біз формативті бағалаймыз. Курстың соңғы айында толығымен рефлексия жүргізіледі. Олар мектептегі іс-тәжірибе кезінде

орындаған жұмыстарын екінші бетпе-бетте осында келіп толығымен бағалану үдерісіне түседі.

Критериалды бағалау - бұл білім алушылардың оқу жетістіктерін сабақтың мақсаттарына сәйкес келетін, процестің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі, нақты анықталған, ұжымдық түрде әзірленген критерийлермен салыстыруға негізделген процесс.

Критерий — бір нәрсені қойылған талаптарға сәйкестігін бағалау туралы шешім қабылдаудың белгісі, негізі, ережесі. Критерийлер дескрипторлармен шешіледі, онда (әрбір нақты жұмыс үшін) оқу тапсырмасын орындау нәтижесі қандай болуы керектігі туралы нақты түсінік беріледі, ал дескрипторға сәйкес бағалау білім алушының берілген мақсатқа жақындау дәрежесін анықтау болып табылады.

Дескриптор – білім алушының ең жақсы нәтижеге жету жолындағы барлық қадамдарын дәйекті түрде көрсететін белгілі бір баллға жету деңгейлерінің сипаттамасы, әрбір деңгей белгілі бір балл санымен бағаланады: жетістік неғұрлым жоғары болса, соғұрлым жоғары балл осы критерий бойынша.

Критерийлер - білім алушының іс-әрекетінің әртүрлі түрлерінің тізімі.

Дескрипторлар – қандай да бір критерийге қол жеткізу деңгейлері, олар әр критерий бойынша ең жақсы нәтижеге жету үшін білім алушының барлық қадамдарын дәйекті түрде көрсетеді және оларды белгілі бір балл санымен бағалайды.

Айдарлар, олар баланың не үшін оқитынын көрсетеді, критерийлер оның не істеу керектігін көрсетеді, ал дескрипторлар оның мұны қалай істей алатынын көрсетеді.

Сараланған тапсырмаларды әзірлеу кезінде педагогтар функционалдық сауаттылық дағдыларын дамытуды қарастыратын бағалау критерийлерін әзірлейді.

Салт-дәстүрлер. Қазақтардың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері" Педагог "Шай қоспасы" рецептін құрастыру және жарнамалау" тапсырмасының критерийлерін әзірледі.

1. Қоспаның құрамын ойластырады.
2. Шайдың қоспасын құрастырады.
3. Шай қоспасының алынған рецептін жарнамалайды.

Тапсырмаларды әзірлеу кезінде критерийлерге қосымша талаптар қойылады: олар критерийлерде дескрипторлардың аспектілері ретінде пайда болатын пәндік міндеттерге сәйкес келетін іс-әрекеттерді білдіріп қана қоймай, сонымен қатар әр түрлі, соның ішінде жетістіктердің ең жоғары деңгейлерін көрсетуге мүмкіндік беруі керек.

Критерийлер Дескрипторлар

А (мақ 5)

Білімді білу, түсіну және пайдалану.

Білім алушы синтаксистің негізгі бірліктерінің мағынасын, олардың ерекшеліктерін біледі және түсінеді, ҚҚ, ҚҚ және ҚҚ арасындағы

айырмашылықтарды, құрмалас сөйлем түрлерінің семантикасының ерекшеліктерін, құрмалас сөйлемде тыныс белгілерін қою ережелерін біледі.

Жылы (мақ 8)

Іскерліктер мен дағдыларды қолдану

Білім алушы күрделі сөйлемнің мүшелерін таниды, сызба құрастыра біледі, құрмалас сөйлемдегі сабақтас сөздер мен жалғаулықтарды, құрмалас сөйлемдегі жалғаулықтардың категорияларын анықтайды, құрмалас сөйлемді күрделі жай сөйлемнен ажырата біледі, ажыратады. күрделі сөйлемдердің әр түрінің мағыналық мағыналары, үйренген тыныс белгілерінің ережелерін қолданады.

Бірге (мақ 12)

Ақпаратты ұйымдастыру және коммуникация

Білім алушы тілдік фактілерді бағалай және салыстыра алады, күрделі сөйлемдерге синтаксистік талдау жасай алады, сөйлеммен берілген мағыналық мағынаны сипаттай алады, көрсетілген мағынадағы сөйлемдер құрастыра алады, сонымен қатар берілген үлгі бойынша күрделі сөйлемдер құрастыра алады, сөйлемде қолдана алады. күрделі конструкциялардың сөйлемдері.

Рубрикатор (бағалау жөніндегі нұсқаулық) – әрбір критерий бойынша білім алушылардың жетістік деңгейлерінің егжей-тегжейлі сипаттамасы және оларға сәйкес балл саны.

Дескриптор – белгілі бір баллға жету деңгейлерінің сипаттамасы, ол білім алушының ең жақсы нәтижеге жету жолындағы барлық қадамдарын дәйекті түрде көрсетеді, әрбір деңгей белгілі бір балл санымен бағаланады: жетістік неғұрлым жоғары болса, берілген критерий бойынша балл соғұрлым жоғары болады. «Балалардың бойында ұлы мүмкіншіліктердің бәрі бар» деп Т.Фуляр айтқандай бала бойындағы дарындылық, ғылымилық қабілетін ашу, жақсы танымдық қасиеттерін зерттеу – бүгінгі заманның талабы. Бүгінде барлық салалар жоғары қарқынмен даму үстінде. Адам құндылығын дамыту арқылы әлем елдері ғылым мен білімге аса көңіл бөлуде.

Білім алушыларды шығармашылыққа баулуға, өз еңбегінің нәтижесін көруге, оны бағалауға бағыттау – өте күрделі үрдіс. Білім алушылардың шығармашылық мүмкіндігі оның жеке тұлға ретінде қалыптасу үрдісінде пайда болады.

Алдыменен педагог түрлі стратегияларды қолдануға қабілетті болуы керек. Білім алушының дамуын жақсарту үшін педагог оқыту үдерісінде жана әдіс-тәсілдерді өз тәжірибесіне енгізе білуі тиіс. Педагог білім алушының сын тұрғысынан ойлауын туғызу арқылы өзі де дамиды және танымдық қабілеттерін арттыру арқылы шығармашылық деңгейге жеткізеді.

Мақсаты: Оқыту үрдісінде және бағалауда Блум таксономиясын қолдану арқылы сыни тұрғыдан ойлау, ой жүгірту, тұжырым жасау, проблеманы шешу, танымдық қабілеттерін дамыту.

Блум таксономиясының құрылымы танымдық үрдістің бір деңгейінен екінші деңгейіне, яғни қарапайымнан күрделіге біртіндеп өтеді деп саналады. Топта осындай сұрақтар қою арқылы білім алушылар үйреніп қана қоймайды,

сондай орта қалыптастырады, шығармашылық деңгейге көтеріледі. Блум таксономиясы – жеке тұлғаға бағытталған шығармашылығын дамытушы және білімді толық меңгерудің әдісі болып табылады. Блум таксономиясының 6 деңгейі:

1. Білім;
2. Түсіну;
3. Қолдану;
4. Талдау;
5. Жинақтау;
6. Бағалау

Блум таксономиясының әр деңгейіне тоқталып, оларға сипаттама бере кетейік:

1. Білім. Қайталау немесе тану арқылы мәліметтердің есте қалай сақталғанын тексеру, мағлұмат пен деректерді еске түсіру арқылы жүзеге асырылатын категория. Бұл деңгейде тестілеу, қалдырып кеткен белгілерді орнына қою, анықтамалар мен атауларды жаттау немесе қайталау, процестердің өрбуі немесе орын алу тәртібін қайталау сияқты тапсырмалар қолданылады. Оларды орындағанда білім алушылар оқу материалын оқулықта берілген күйде бұлжытпай қайталап беруге тырысады. Олардың басты мақсаты – ақпаратты жадында сақтау және іздеу болып табылады.

«Білім» деңгейі – таным мен ойлаудың басқа деңгейінің негізін құрайды. Өйткені онсыз қалғандарының болуы, жүзеге асырылуы екіталай. Мәселен, көбейту кестесін немесе қажетті формуланы жатқа білмей, есеп шығара алмайды. Абайдың өлеңін білмей оның көркем ерекшеліктері мен оқырманның ішкі жан дүниесінде қандай сезімдер тудыратындығы туралы ой толғап немесе шығарма жазу мүмкін емес.

Зерттеушілердің айтуы бойынша, орташа есеппен алғанда сабақтың 80% есте сақтау мен жаттау, қайталау мен тану тапсырмалары құрайды екен. Ал бұл жәйт келесі проблемаларды алып келді:

1. Қайталау және жаттау тапсырмалары негізінен үйренушілерден белсенді әрекеттерді талап етпей, олардың сабақтағы бәсеңдігіне (пассивтігіне) жол береді.

2. Үйренушілер сабақ тақырыбына ынта мен қызығушылық танытпайды, демек олар сабақтың нәтижелеріне де құлықсыз болады. Сол арқылы олар өз біліміне, өздерінің парасаттық дамуына деген жауапкершілікті көрсетпейді.

3. Бұл деңгейдегі сұрақтардың бір ғана дұрыс жауабы болғандықтан білім алушылардан пікірталасты, ой толғауды қажет етпейді. Бұл жәйттің білім алушының ойлау қабілеті мен коммуникативтік дамуына кері әсер келтіретіндігі сөзсіз.

4. Бұл деңгейде берілген тапсырмаларды орындау қайталауға негізделгендіктен білім алушылар өзіндік ой мен идея, пікір мен көзқарас, тұжырым мен дәлелдерді ізденуге ұмтылмайды. Ал өз кезегінде бұл жәйт олардың жеке тұлға ретінде дамуына қолғабыс тигізбейді.

5. Сол себепті «Білім» үйренушілердің құзырында болуы қажет, ал педагог бұл деңгейге әдейі тоқтамай, шәкірттерін танымның және ойлаудың бұдан жоғары деңгейлеріне бағыттауы керек.

6. Түсіну дегеніміз – мәліметті таныс, анық күйге ауыстыру арқылы өзіндік түсінік қалыптастыру. Бұл деңгейде білім алушылар мағлұматты тек есте сақтамайды, олар оның ауқымы мен көлемін ұлғайтпаса да, сол берілген мөлшерде басқаша қылып көрсетеді. Олар мәліметтерді басқа таныс жүйеге түрлендіреді, есте сақталған мағлұматты басқаларға жеткізу жолдарын айқындайды, ұқсастық пен айырмашылықтарды анықтайды, салыстырады, нәтижелерді суреттейді. Мәселен, мектепте жиі қолданылатын «Шығарманы (анықтаманы, ережені) өз сөзіңізбен айтып түсіндіріп беріңіз» тапсырмасы түсінік деңгейін көрсетеді.

Бұл деңгейдегі тапсырмалар «Білім» деңгейімен салыстырғанда білім алушылардан белсенділікті талап етеді. Олар ақпаратты өздеріне таныс жүйеге көшіріп, түрлендіреді де сол арқылы оны есте сақтауды едәуір жақсартады. Ал түсінік бірінші мезетте бірлескен әрекеттер негізінде талқылау, пікірлесу, алмасу, ортаға салудан құралады.

1. Қолдану – қандай да бір мәселені шешу үшін мәліметті іс жүзінде қолдану, жүзеге асыру. Бұл деңгейде білім алушылар педагогтың көмегінсіз таныс емес проблеманы өздігінше шешу керек. Мұнда қорытынды нәтиже (проблеманың шешімі) маңызды мәселе болып қалмай, сонымен бірге шешім іздену процесінің өзі де маңызы болып танылады: білім алушылардың мәселені шешу жолы шешімнің өзінен де маңызды болуы мүмкін.

Қолдануда білім алушы тарапынан келесі әрекеттер атқарылады:

1. Проблемамен танысады.

2. Проблеманың шешімін анықтайды.

3. Шешім қабылдайды. «Қалай жасаймын?», «Не істеу керек?» деген сұрақтарға жауап береді.

4. Шешімді жүзеге асырады, қолданысқа түсіреді.

Бұл шешім анықтама, ереже, формула, теңдеу түрінде келтірілуі мүмкін.

Мысалы, білім алушылар қандай да бір мәліметті жатқа біледі («Білім»), оның басқалардан айырмашылығы мен ұқсастығын айқындайды («Түсіну»).

Енді осы мәліметті нақты бір қолданыста көрсетеді: ереже, формула, анықтаманы қолданып есеп шығарады, жаттығу орындайды, проблема шешеді.

«Қолдану» деңгейінде білім алушылар нақты ситуацияларды ойнап береді, өз қолымен жасайды, тәжірибе мен эксперимент қояды, аспаптар мен құралдарды қолданады, өздерін басқалардың орнына қояды, есеп шығарады, мәтін құрастырады, т.б. әрекеттер жасайды.

4.Талдау. Егер «Қолдану» деңгейі шешім қабылдау үшін құрамдас бөліктерді біріктіруді меңзесе, «Талдау» деңгейі керісінше, бүтін, тұтас нәрсені оның қалайша құрылғандығын түсіну мақсатында құрамдас бөліктерге бөлуді нұсқайды. Бұл деңгейде зерттеу нысанының әртүрлі бөлшектері белгілі бір нәтижеге жету үшін қалайша бірге жұмыс істейтінін көрсетуі қажет. Білім

алушылар жауап беру үшін ой қозғап, өз жауаптарының логикалық тұрғыдан мінсіз болғандығын қадағалау керек.

Талдаудың бұл түріне келесі тапсырмалар жатады:

1. Процестің қай кезеңдері нәтиже тұрғысынан маңызды болғандығын көрсетіп, дәлелдеңіздер.

2. Өз әрекеттеріңізді тағы саралап, қай жерлерде ұтымды болғандығын анықтаңыздар.

3. Өз қателіктеріңізді анықтап, оларды түзетіңіздер.

4. Құрамдас бөліктердің өзара қатынасын сипаттап, олардың алатын орны мен маңызын анықтаңыздар.

5. Құрамдас бөліктерді сипаттап, олардың қалайша бүтін құрастырып, қорытынды нәтиже сомдайтындығын дәлелдеңіздер.

5. Синтез – жаңа мазмұн мен бүтін ұғым тудыру мақсатында жеке бөліктерді шығармашылықпен біріктіру. «Синтез» - жинақтау деген ұғым, ол болжау, шарттылық, мүмкіндік ұғымдарын қолданып, құрамдас бөліктердің қалайша бірігіп, жаңа мазмұн, құрылым, модель құрайтындығын көрсетеді. Бұл деңгейдегі тапсырмаларды орындау жазбаша түрде жүзеге асырылады.

Синтездің мынадай түрлері болады:

1. Шығармашылық жанрлар – эссе, өлең, жоба, баяндама, шығарма, шешендік сөз, сценарий т.б. жазу.

2. Жоспар құрастыру, әрекеттің тәртібін келтіру немесе тәжірибе жасау.

3. Абстрактылы қатынастармен көрсетілетін нәтижелер. Мәселен, әртүрлі құбылыстарды бақылау нәтижелерінің негізінде жаңа моделдер құрастыру. Бұл қандай да ғылыми болжам келтіретін гипотеза болуы мүмкін.

6. Бағалау – даулы, күмәнді және пікірталас тудыратын мәселелер бойынша шешім қабылдап, оны нанымды дәлелдер арқылы айғақтау. Бұл деңгейде білім алушылар өз жауаптарына дәлдік, нақтылық, логикалық жүйе, дәйектілік секілді талаптарды қолданады. Сөйтіп олар таңдау жасап, шешім қабылдай алатындығын көрсетеді. Бағалау «Сіздің ойыңызша бұл дұрыс па, бұрыс па? Маңызды ма, маңызды емес пе? Жақтайсыз ба, қарсысыз ба?» деген пікірталас пен дау-дамай туғызатын сұрақтар арқылы жүзеге асырылады.

Бағалау деңгейінде сұрақ қойып немесе тапсырма берсек, бұл сұраққа жауап беру немесе тапсырманы орындау үшін білім алушының білуі, түсінуі, қолдануы, талдауы, жаңа мағына құрастыра білуі қажет.

Оң өзгерістердің қатары қазақстандық педагогтарға педагогикалық тәжірибелерін жетілдіру мен бағалауға көмектесу мақсатында білім беру жүйесіне «Оқытудағы Кембридж тәсілі» бағдарламасын енгізумен толықтырылды.

Бағдарламаның мақсаты – білім алушылар өздерінің қалай оқу керектігіне назар аударып отырып, олардың өз ойлары мен дәлелдемелерін нақты жеткізе алатын, яғни ойға жүйрік, тілге шешен, әрі жазбаша түрде еркін, көркем бейнелеп жазуға төселген, бірнеше тілді қатар меңгерген бәсекеге қабілетті жан-жақты жетілген жеке тұлға қалыптастыру болып табылады. Ондай «тұлға» болашаққа сенімді, ынталы, сыни пікір көзқарастары жүйелі дамыған, қазіргі

сандық технологияларды, өмірде өз білімін қалыптан тыс жағдайда да еркін әрі терең пайдалана білетін жан болуы тиіс. Оқытудағы «Кембридж тәсілінің» теориялық негіздерінде түрлі тәсілдер қарастырылғанына қарамастан, орта білім беру жүйелерінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал оқыту әдістемелері арасында сындарлы (конструктивті) теориялық оқыту тәсіліне басымдылық берілген.

Бұл оқытудың басты бағыты – ойлауды дамыту. Яғни, білім алушы өзінде бар білімді түрлі дереккөздері арқылы, педагогтан, оқулықтан, достарынан алған білімдермен біріктіре отырып іске асырады. Осыған дейін біз дәстүрлі оқыту үрдісін іске асырып келгенбіз. Өткен ғасырдың басында-ақ американ педагог-психологі Джон Дьюи жоғарыдағы «дәстүрлі» білім беруді енжарлықпен білім алу үдерісі ретінде сипаттады және өзара әрекеттің немесе сыни қатысудың төмен деңгейін ғана қажет ететін жаттап алу әдісі деп сынаған. Ал осыған дейін біздер қолданып келген «дәстүрлі оқыту» қандай оқыту?

Ол – қазіргі педагогтың 45 минуттағы іс-әрекеті. Педагог кіреді, сабақ сұрайды, сабақ түсіндіреді. 4-5 білім алушыны бағалайды, қалғандары сол қалпында қалады. Бұл жердегі педагог тарапынан берілген дайын білімге білім алушылар өздігінен ары қарай дамыту, іздену, ойласу, атсалысу, салыстыру, пікір алмасу, пікір таластыру т.б. жайлар қолға алынбайды. Мұндай білімнің аясы тар, көбіне жаттанды есте сақтауға алып келеді. Сондықтан көбіне санада механикалық есте сақтау арқылы алынған білім ойлаудың төменгі деңгейінде ғана жүзеге асырылады. Әрі қарай терең ойлану үрдісі іске асырылмайды. Ал сындарлы («конструктивті») оқытуда керісінше, мұнда басты басымдылық білім алушыға беріледі. Педагогтан гөрі білім алушы көп ойланып, көп талқылап, достарымен көп сөйлесіп, әрекеттенуі керек. Ал педагогтен өз сабақтарын білім алушының идеясын, білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай етіп ұйымдастыру талап етіледі. Мұндай міндеттер білім алушылардың оқыған тақырып бойынша білімдерін өз деңгейінде көрсетіп, кейбір болжамдар бойынша күмәнді ойларын білдіре алатындай пікір-көзқарастарын нақтылап, жаңа ұғым-түсініктерін өрістетуге орайластырылып құрылады. Дегенмен, әр педагог сабақ жоспарлағанда өз пәнінің ерекшеліктерін ескеруі қажет.

Қазақ тілі сабағында білім алушының сыни ойлау, өз ойын жаттанды емес, өз сөзімен еркін жеткізе алу, өз жауабына сенімді болу қабілеттерін ашуымыз керек. Кембридж тәсілімен оқыту Блум таксономиясына негізделіп жоспарланады. Таксономия құрылымның (сабақ жоспарының) жүйелілігін білдіреді. Блум таксономиясының негізін салушы американдық психолог, педагог, профессор Бенджамин Блум.

Ол сабақ құрылымын алты деңгейге бөліп қарастырады. Олар: білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау. Сабақтың жалпы мақсатынан басқа әр деңгейге мақсат пен күтілетін нәтиже, сондай-ақ, әр деңгейдің тапсырмасына критерилер мен дескрипторлар қойылады. Бұл білім алушының әр деңгейде белгілі бір нәтижеге қол жеткізіп, білім деңгейін бақылап отыру үшін қажет. Мысалы, қазақ тілі сабағын жоспарлағанда білу деңгейінде тақырыпты білім алушылардың өзі анықтау мақсатында түрткі болатындай тапсырмалар, сұрақтар

немесе 5минуттық бейнероликтер көрсетуге болады. Білу деңгейінде көбінесе формативті бағалауды қолданған жөн. Себебі, формативті бағалау білім алушыны білім алуға, өз бетінше жұмыстануға ынталандырады. Мысалы. «Екі жұлдыз, бір тілек», «Бағдаршам», «Қолмен белгі» т.б әдістер мен «бәрекелді, өте жақсы, жарайсың» деген сөздермен бағалауға болады. Одан әрі білім алушы танып, білгенін, тақырыптың мазмұнын түсіну мақсатында Блум таксономиясының түсіну деңгейіндегі тапсырмаларды орындайды. Түсіну деңгейінде білім алушы тақырып бойынша өз бетінше немесе топтасып бір тұжырымға келеді. Яғни, тақырыптың не туралы екендігін түсінеді.

Білім алушылардың түсіну деңгейін анықтау үшін критериалар мен дискрипторлар қоямыз. Тапсырмаға қойылатын критерий мен дискрипторларды құрастыруды бірінші білім алушылардың өзіне де ұсынуға болады. Критерии мен дискрипторларды педагог өзі құрған жағдайдың өзінде де, оны білім алушыларға таныстырып, білім алушылардың да көзқарасын білуі керек. Блум таксономиясының үшінші деңгейі қолдану. Ендігі кезекте, түсінген білімін күнделікті өмірмен ұштастырып, дәлелді мысалдар келтіріп, қолдану аясы туралы жазып не айтып беруі керек. Білім алушы ойлана білу, ойын жеткізудегі тосқауылдарға кездеседі. Олар: сөздік қорының аздығы, жазу сауаттылығы мен сөйлеу сауаттылығының сәйкес келмеуі. Яғни, бір бала ойын жазып жеткізсе, ал енді бірі ауызша жеткізеді. Қазақ тілі пәнінің ерекшелігіне байланысты өзге ұлт баласына қазақ тілінде ауызша сауатты жауап беруге, сөздік қорды дамытуға негізделгендіктен, критериидің жоғары ұпайы сөздік қор мен ауызша жауабына қойылады.

Осы алғашқы білу, түсіну, қолдану деңгейлері пәндік деңгей болып саналады. Одан әрі талдау, жинақтау, бағалау деңгейлерінің тапсырмалары дарынды білім алушыға негізделеді. Сабақтың талдау деңгейінде бүгінгі алған білімдерінің тиімді, тиімсіз жақтары туралы сараптайды, ойларын дәлелдейді.

Білім алушы жинақтау деңгейінде алған білімін эссе жазу, ассоциация, Венн диаграммасы т.б әдіс-тәсілдер арқылы жинақтап, өз көзқарасын, өз тұжырымын жасайды.

Блум таксономиясының соңғы деңгейі бағалау. Бұл деңгейде әдеттегісінше, білім алушыны педагог бағаламайды, керісінше, білім алушы өз жұмысының нәтижесі туралы рефлексия жасайды. Ал сабақтың нәтижесін педагог бағалау парағына қойылған ұпай санына байланысты анықтай алады. Сабақ соңында рефлексия жасау арқылы білім алушы өз білім деңгейін анықтаса, педагог келесі сабағын қалай жоспарлау керектігін біле алады. Осы мақсаттарға жету үшін, алдымен сыныпта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру қажет. Ол үшін түрлі сергіту сәттерін, тренингтер өткізуге, жаймен сазды әуен қосып қоюға болады. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру кезінде қазақ тіліндегі әндерді, ұлттық ойын элементтерін қолдануға болады.

Қорыта айтқанда, бұрын оқу үдерісі кезінде бар салмақ педагогқа түсетін. Ол белгілі шеңберде жұмыс жасайтын. Жаңаша оқытудың «Кембридждік» жүйесі бойынша бұл тәсіл біршама өзгереді. Мұнда балаларға білім дайын күйінде берілмейді, керісінше білім алушылардың өздерін еркін

ұстауға, ойлануға мүмкіндік жасалады. Олар өз беттерімен және өзара әрекеттесе оқып-үйреніп, ортақ бір шешімге келуге бағытталады. Сондықтан да қазіргі таңдағы әрбір ұстаздың да, білім алушының да іс-әрекеті ерекше шығармашылық сипатта болуы керек.

Әлемдегі мемлекеттердің білім жүйесінде бағалаудың алар орны ерекше. Сингапурдың білім жүйесінде бағалаудың ерекшелігі бар. 2007 жылы Сингапурдың білім министрлігі технологиялық компаниялар Ассоциациясымен және бірнеше ірі IT компаниялармен бірігіп, «Болашақтың мектептері» жобасын бастады. Бастапқыда 6 мектеп таңдап алынғанымен, артынан 8 мектепке апарып, 2015 жылдан 15 мектеп қамтылды.

Негізгі мақсаты – ақпараттық технологияларды қолданып, білім беру жүйесіне жаңалық енгізу. Әр білім алушының пікірін біліп, идеясын іске асыру. Canberra Primary School оқу процесіне ойын технологияларын енгізумен айналысады. Үш деңгейден тұратын 6 жылдық бағдарлама жұмыс жасауда: ашылу, ғаламдық білім алушы, үйлесімді білім алушы. Әр деңгей сабақ кестесіне қалыптасқан пәндермен қатар қабілеттердің дамуына бағытталған арнайы пәндерді кірістірілуімен жасалған. Nan Chiau Primary School білім алушыға жауапкершілік алып, оқу процесіне өз түзетуін енгізуіне мүмкіндік береді. Оқу бағдарламасын өзгерту үшін мектепте мобилді қосымша белсенді түрде қолданылады. Оған қоса, мектеп қытай тілін үйренуді оңайлататын бағдарлама жасауда. Ngee Ann Secondary ақпараттық технологияларды қолдану арқылы мектептегі бағалау жүйесіне жаңа бағдарлама жасауда.

Бұл тәжірибелер мен зерттеулер тек сингапур мектептеріне ғана пайдалы болмақ емес. Дәл осы тәжірибелер арқылы түбегейлі мектеп өмірін жаңартатын жаңа тәсіл ойлап табылары анық. Орта мектептер - бұл Сингапурдағы академиялық пәндерге арналған «Жалпы баған» бағалау жүйесін енгізген алғашқы мекемелер. 2023 жылға дейін білім беру жүйесі қалыпты (академиялық) ағымнан көбірек студенттерге қатысуға мүмкіндік береді GCE қарапайым (O) деңгейі ана тілі мен математикадан емтихандар бір жылға босатылады. Қалыпты (N) деңгей, нәтижесінде квази-қарапайым деңгейлік бағалау жүйелері пайда болады, дегенмен қалыпты деңгейлерге арналған пәндер нәтижелерімен бірге есептеледі. Ана тілінің силлабусында бағалау жүйесі қолданылмайды, оның орнына Еңбегі сіңген, рұқсат етілген немесе бағаланбаған баға ретінде бағаланады. Білім алушылар орта мектепте алғашқы үш жыл ішінде жалпы білім беру жүйелері арқылы бағаланады, ал төртінші курс әр түрлі академиялық ағымдар бойынша әр түрлі болады.

Алайда, GPA кестесі мектептерден мектептер мен тректерге қарай әр түрлі болуы мүмкін; сияқты басқа мектептер жағдайында Хва Чонг институты, Әулие Джозеф институты, Ғылым және технологиялар мектебі, және Виктория мектебі (Express), орташа пәндік баға (MSG) деп аталатын ұқсас бағалау жүйесі қолданылады. MSG кестесі әдеттегі бағалау схемасына ұқсас жұмыс істейді (жоғарыдан қараңыз), сандық префикс ұпайларды анықтаушы болып табылады; GPA-дағы сияқты, баллдар орташа есеппен алынған пәндер санына есептеледі, екі ондық бөлшекке дейін дөңгелектенеді.

Балалар білім беру ұйымдарында оқып жатқан барлық қоғамда білім алушылардың мектепте оқытылатын идеяларды игеру деңгейін анықтау үшін және/немесе білім алушылар тобы үшін барынша оңтайлы болып табылатын оқудың немесе жұмыстың кезеңдерін анықтау үшін белгілі бір бағалау нысандары қолданылады. Осындай бағалау адамдардың тиісті кезеңдегі білімі мен түсінігін бағалау үшін оқу бағдарламасының белгілі бір кезеңдерінде жүзеге асырылады. Бұндай бағалауды «жиынтық» бағалау деп атауға болады, өйткені ол білім алушының алдын ала әзірленген критерийлерге (критериалды бағалау) сәйкес анықталған, болмаса қалған білім алушылардың білімімен салыстыру нәтижесінде анықталған (нормативке негізделген бағалау) білімін жиынтықтайды.

1990 жылдан бастап Ұлыбритания мектептерінде бағалаудың екінші түрі кеңінен таныла бастады, бұл «қалыптастырушы бағалау» немесе «оқу үшін бағалау» (бұдан әрі - ОҰБ) ретінде белгілі болды. Бұл бағалау оқуды жақсарту үшін педагогтарды, білім алушыларды және басқаларды қажетті ақпаратпен қамтамасыз ететін оқуды ағымдық бағалау дегенді білдіреді. 66 Білім беру саласындағы педагогтар мен саясаткерлер ортасында зерттеу нәтижелерін таныту мақсатында 1989 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан Ұлыбритания ғалымдарынан тұратын Бағалауды реформалау Тобы (Assessment Reform Group) 1999 жылы «Оқу үшін бағалау» деген кітапша жариялады. Осы уақыттан бастап ОҰБ тұжырымдамасы кеңінен таныла бастады. Осы кітапшаның негізгі мәтіні Бағалауды реформалау Тобы ұйымдастырған Пол Блэк пен Дилан Уильямның (1998a, 1998b) зерттеулеріне шолу ретінде ұсынылған. Шолу 1987-1997 жж. аралығында білім берудің көптеген аспектілері бойынша және пәндік салалар бойынша өткізілген әлемдік зерттеулерді қарастырды. Блэк пен Уильям 250 зерттеуге талдау жасап, оның 50 зерттеуіне айрықша назар аударған, себебі бұл зерттеулерден ОҰБ тәжірибесін пайдалануға негізделген «араласудан» кейін үлгерімнің жақсарғандығының дәлелдерін көруге болады. Бұл жетістіктер жаңағы айтылған «араласуға» дейін және одан кейін жиынтық тестілермен өлшеніп, әсер коэффициенті 0,4-тен 0,7-ге дейін жеткен. Бұл орайда 0,4-ке тең әсер мөлшері орташа білім алушының 2-кезеңнің белгіленген деңгейінің ортасына дейін жылжуына ықпал еткен; ал 0,7 әсер мөлшері білім алушылардың белгіленген деңгейдің төрттен үшіне жылжуын қамтамасыз еткен. Сонымен қатар, зерттеулерде оқу үлгерімі төмен білім алушылардың көрсеткіші айтылғаннан да жоғары болған, бұл көптеген педагогтар мен саясаткерлердің ОҰБ тәсілінің өзектілігі мен маңыздылығы туралы пікірлерін өзгертіп, бұл әдіске қызығушылық білдіруіне түрткі болды.

Кез келген педагог «Оқу үшін бағалау» неліктен оқыту мен оқуды жетілдіру проблемаларын шешудің маңызды мәселесіне айналып отыр деген сұрақ қоюы мүмкін, онысы орынды да. Өздерінің бұрынғы тәжірибесі бойынша көптеген педагогтар, білім алушылар және олардың ата аналары бағалауды оқыту және оқудан кейін болатын нәрсе ретінде қарастырады. Бағалау оқыту мен оқудың ажырамас бөлігі болуы мүмкін деген ойды қабылдау үшін біздің

түсінігімізді едәуір өзгерту қажет болады, ал Оқу үшін бағалау ұғымы дегеніміз де осы болып табылады.

«Бақыт жолы тек білімнен табылар» деп Ахмет Игүнеки айтқандай, ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлырақ болуына ықпал ететін адамзат қоғамын алға апаратын құдірет күші тек – білімде. Қай елдің болмасын өсіп-өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы- оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, дамуына тікелей байланысты.

Еліміз егемендікке қадам басып, онды өзгерістерге толы игі істердің игілігін көруде. Игілікке жараған өзгерістердің бірі – білім беру саласы.

2. «ҚАЗАҚ ТІЛ» ЖӘНЕ «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» ПӘНДЕРІНЕН ФОРМАТИВТІ ЖӘНЕ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫ ӨТКІЗУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Сынып: 7

Бөлім: Денсаулық- зор байлық

Тақырып: Дәрумендер-денсаулық кепілі.

Оқу мақсаты:

7.3.2.1. Жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, нұсқаулық құрастырып жазу;

7.4.3.1. Фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану;

Сабақ мақсаты:

- жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, нұсқаулық құрастырып жазады;

- фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолданады.

1-тапсырма:

1. Мәтінді оқы.

2. Дәрумендердің қандай пайдасы бар?

3. Мәтін стиліне сай қандай ат қояр едің?

4. Мәтінде берілген ақпараттарды пайдалана отырып, төмендегі кесте бойынша нұсқаулық құрастырып жаз.

Көгөністер мен тағамдар	Дәрумендер	Құрамы	Пайдасы
			
			
			
			
			
			
			
			
			

Мәтін.

Дәрумендер – біздің ағзамыздың дұрыс жұмыс істеуі үшін қажетті, өте аз мөлшерде керек болатын органикалық заттар. Олар біздің тамағымызда болады және біз оларды күнделікті жейтін тағамдардан аламыз. Дәрумендер біздің ағзамыздағы әртүрлі химиялық процестерге қатысады, мысалы, тамақты энергияға айналдыру, жасушаларды қорғау және иммунитетті күшейту.

Дәрумендердің бірнеше түрі бар және әрқайсысының өзіндік маңызы бар:

- А дәрумені: Көздің көру қабілетіне, терінің саулығына және иммунитетке жақсы әсер етеді. Оны сәбізден, жұмыртқадан және балықтан табуға болады.

- В дәрумені: Энергия өндіруге, жүйке жүйесінің жұмысына және жасушалардың өсуіне қатысады. Оларды еттен, жармалардан және көкөністерден табуға болады.

- С дәрумені: Иммунитетті күшейтеді, жаралардың тез жазылуына көмектеседі және темірдің сіңуін жақсартады. Цитрус жемістерінде, бұрышта және брокколиде көп.

- D дәрумені: Сүйектердің мықты болуына көмектеседі, себебі кальцийдің сіңуін жақсартады. Күн сәулесінің әсерінен терімізде түзіледі, сондай-ақ майлы балықтар мен жұмыртқа сарысында бар.

Егер біз жеткілікті мөлшерде дәрумендер алмасақ, онда әртүрлі ауруларға шалдығуымыз мүмкін. Мысалы, С дәруменінің жетіспеуі цинга ауруына әкеледі, ал D дәруменінің жетіспеуі рахитке себеп болады.

Дәрумендерді жеткілікті мөлшерде алу үшін не істеу керек? Ең алдымен, әртүрлі тағамдарды жеу керек. Күнделікті рационымызда жемістер, көкөністер, дәнді дақылдар, ет, балық және сүт өнімдері болуы керек. Сонымен қатар, дәрумендердің жетіспеушілігін болдырмау үшін, дәрігердің кеңесімен дәрумендік қоспаларды қабылдауға болады.

Дәрумендер– біздің денсаулығымыздың кепілі. Дұрыс тамақтану және дәрумендерді жеткілікті мөлшерде қабылдау арқылы біз өзімізді сау әрі күшті сезінеміз.

2-тапсырма. Мақал–мәтелдерді екінші сыңарымен сәйкестендір. Мағынасын түсіндір.

Ауырып ем іздегенше,	тамағы тәтті
Жаздың жемісі	жас жүрген жер – мереке
Ауру – астан	ауырмаудың жолын ізде
Ауру батпандап кіреді	қыстың қазынасы
Тату үйдің	қырық күн сәлем
Ас жүрген жер – береке	дау– қарындастан
Бір күн дәмін татқанға	мысқалдап шығады

3-тапсырма:

1. «Көктемде адам ағзасына дәрумендер қажеттілігі бірнеше есе артуы мүмкін», – деп хабарлайды EL.kz ақпарат агенттігі.

2. Осыған байланысты диетолог дәрігермен сұхбат мәтінін жұбынмен бірге дайында.

3. Мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерді орынды қолдан.



Дескриптор	Балл
Мәтінді оқып, дәрумендердің пайдасы туралы айтады	1
Мәтін стиліне сай ат қояды	1
Жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай нұсқаулық құрастырып жазады	2
Мақал -мәтелдерді екінші сыңарымен сәйкестендіреді	1
Мағынасын түсіндіреді	2
Диетолог дәрігермен сұхбат мәтінін құрастырады	2
Фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді қолданады	1
Барлығы	10

Бөлім бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар

Пәні: қазақ тілі

Сынып: 7

Бөлім атауы: Денсаулық – зор байлық

Оқу мақсаты:

7.2.5.1. Мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру;

7.3.4.1. Эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасын жазу (дискуссивті эссе);

Бағалау критерийі:

- проблемалық сұрақтар құрастырады;

- Эссе құрылымы мен даму желісін сақтай отырып, өз көзқарасын білдіріп жазады.

Ойлау дағдыларының деңгейі: жоғары деңгей дағдылары.

1-тапсырма. Мәтінді оқып, мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыр.

Фастфуд әртүрлі жастағы топтар арасында тез танымал болды. Фастфудты қолдана отырып, адамдар оның өзіне қандай қауіп төндіретінін білмейді. Ата - аналар кішкентай балаларға түрлі гамбургерлер мен фри картобын сатып әпере

отырып, одан бірқатар проблемаларға тап болатынын өздері де білмейді. Оны көп жейтіндер тәуелділікке ұшырайтынын да өздері сезбей қалады.

Фастфудтың ағза үшін түк пайдасы жоқ. Оның денсаулыққа зияндылығы соншалықты – ондағы майлармен қаныққан тағамдар жоғары калориялы болғандықтан, семіздіктен басқа да бірқатар ауруларға әкеледі.

Балалар, үлкендерге қарағанда, одан пайда болатын аурулардан жиі зардап шегеді. Бірінші кезекте, фастфуд салмаққа әсер етеді. Ол адамға тойымсыздықты және артық килограммды ғана береді. Егер сіз күн сайын фастфудпен тамақтансаңыз, айына кемінде бес килограмм артық салмақ жинай аласыз. Фастфуд денсаулыққа зиянды және мұны артық салмақпен ауыратын мыңдаған американдықтар растайды.

Фастфуд құрамына өнімнің дәмдік сапасына жауап беретін көптеген тағамдық қоспалар кіреді. Олардың көпшілігі ағзаға теріс әсер етеді. Фастфудты дайындау кезінде түрлі майлар әрдайым қолданылады. Термиялық өңдеуден кейін ол қатерлі ісік ауруын тудыратын канцерогенді элементтердің көп мөлшерін шығарады.

Фастфудтың барлық тағамдары өте жоғары, калориялы және оның құрамында май мен қант көп, оларда дәрумендер мен минералдар жоқ, сондықтан олар денеге ешқандай пайда әкелмейді. Фастфудта жануарлардың майлары өте көп, олар салмақ көтеруге ғана емес, сонымен қатар жүрекке теріс әсер етеді. Жануарлардың майлары бауырға үлкен жүктеме береді.

Фастфудты дәрумендерге бай жемістермен немесе көкөністермен алмастыру әлдеқайда жақсы. Бір алманың өзі жақсы антиоксиданттар болып табылатын С және Е дәрумендерінің жетіспеушілігін толтыратын керемет тағам ретінде қызмет ете алады. Сондай-ақ, жаңғақтар да денені ақуыздармен байытады. Ауырмайық! Ауырғаннан гөрі ауырмаудың жолын іздейік!

Turaninfo.kz сайтынан

Сұрақтар:

- 1.
- 2.

2-тапсырма. Эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, *«Денсаулыққа пайдалы тағамдарды тұтынып жүрміз бе?»* деген тақырыпта берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасыңды жаз (дискуссивті эссе).

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
Мәтінді оқып, мәтін бойынша проблемалық сұрақ құрастырады	1	1 -проблемалық сұрақ	1
		2 -проблемалық сұрақ	1
Эссе құрылымы мен даму желісін сақтап,	2	Эссе құрылымы мен даму желісін сақтайды;	1

тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасын жазады (дискуссивті эссе)	Тақырыпқа байланысты сұрақтарға жауап береді;	2
	Берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасын білдіреді;	2
	Тақырыптан ауытқымай дискуссивті эссе жазады;	2
Барлығы		9

Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмалары

(Бөлімдер: Ауа райы және климаттық өзгерістер. Фонетика. Интонация. Кідіріс. Логикалық екпін.

Көшпенділер мәдениеті. Орфография. Шылаудың емлесі.

Денсаулық- зор байлық. Лексика. Қанатты сөздер. Фразеологизм. Мақал-мәтелдер.)

Тыңдалым мен айтылым

Тапсырма

Мәтін үзіндісін тыңдап, әрі қарай жалғастыр. Интонация, кідіріс, логикалық екпінді қолданып, жұбына әңгімелеп бер. [10]

А мәтіні.

Табиғатқа зер салсақ, одан ауа райын болжағыш «синоптик» өсімдіктерді кездестіруге болады. Мысалы, гүл қауашақтары біркелкі ашылса, ауа райы ашық болады. Керісінше, гүлдері төмен қарап, жабылып тұрса, ауа райы жауын-шашынды болып келеді. Өсімдіктің сабағы төмен қарап иіліп тұрса да, жауын-шашын болады. Ал егер тік болса, ауа райы жақсы болады деп алдын ала пікір айтуға мүмкіндік бар. Мұны қымыздық, бақбақ, егінжай шырмауығы сияқты өсімдіктерден байқай аламыз. Егер қайың қандыағаштан гөрі ерте жапырақ жайса, жаз құрғақ, жылы болады. Егер қандыағаш ерте бүршік атса, жаз ылғалды, салқын болады деп есептеледі.

Ә мәтіні.

Беталысы – қоңырқай көкжиек. Ат үстіндегі кісілердің әңгімесі сол жайлы. Ұзын кекілді, кербез күреңнің үстінде шалқая отырған қарт сөзді маза бермей келе жатқан бөгелектерге бұрды. – Дегенмен бөгелектер ат жалынан асқан жоқ, биылғы қыс жайлы болар, – деп еді, шоқша сақалды қарт қостай жөнелді. – Иә, өрмекшінің торы да бұталардың төменгі сабағына керіліпті. Бұл да жақсылықтың нышаны... – Енді жылқы шайнақ тастай ма, тастамай ма, соны қадағалау керек, – деп қостады әкем, – Жеген шөбін илеп тастаса, онда шөптің уытты болғаны. Қыстың жұғымсыз белгісі осыдан байқалады.

Оқылым.

Біздің көшпенді бабаларымыздың тіршілігі жылқымен тығыз байланысты болғаны тарихтан белгілі. Олардың өмірінде жылқы аса маңызды рөл атқарып, жаугершілік заманда сенімді серігіне баланды.

Ерте замандарда Орта Азияны мекендеген көшпенділердің атпен ойнайтын сан түрлі спорттық ойындары көп болған. Ол жайында бізге көнеден жеткен тарихи деректер айғақ болып отыр.

Бүгінде Еуропада танымалдылыққа ие поло ойынының түп тарихының негізі Орта Азиядан шыққаны туралы деректер көп. Бұл жайында көнеден жеткен тарихи еңбектерде көп айтылады. Түркі әлемінің тарихи жазбаларында, оның ішінде Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» («Құтты білік»), Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» («Түркі тілінің сөздігі») еңбектерінде шөген жайлы шежіре айтылады. Қазақ ғалымы, этнограф Асқар Егеубаевтың аударма еңбектерінде осыған көз жеткізуге болады. Тарихи деректерде 2500 жыл бұрын көне парсылардың шөгенді ойнағаны туралы айтылады. Ал қытайлар шөгенді бірнеше мың жыл бұрын өздерінің дәстүріне енгізген деген дерек бар.

Негізінен осынау көне ойынды спорттық деңгейге көтерген көшпенді халықтар екен. Ерте замандарда жетісулық моңғолдар Үндістанның бір бөлігін жаулап алып, Орта Азиядан шөгенді сол жаққа апарған. Шөген ойынының атауына қатысты нұсқалар жеткілікті. Қазақтар да бұл ойынды шөген деп атайды. Әуелде Еуропаға барған уақытта «Атты хоккей» деп аталған екен. Әзірбайжандар оны «шоған» дейді. Шөгенді Агги стенде таяқшамен ойнайды. Шоқпар, шөген, шоған сөздерінің түп атауы бір мағынаны білдіретіндіктен, ат стенде допты ұрып ойнайтын шөгенді бабаларымыздың шөген деп атауы заңдылық. Алайда оның поло деп аталуына ХІХ ғасырда Тибетте «Пулу» деп аталуының себеп болуы мүмкін деген болжам бар.

1. Мәтіннің жанрын анықта.

- А. Жарнама
- В. Нұсқаулық
- С. Мысал
- Д. Мақала

2. Мәтін қандай мақсатта жазылған?

- А. Көшпенділердің атпен ойнайтын спорттық ойыны туралы айту
- В. Жетісулық моңғолдардың Үндістанға шабуылы туралы айту
- С. Шөген ойынының түп атауының шығуына қатысты пікір айту
- Д. Түркі әлемінің тарихи жазбаларының мазмұны туралы айту

3. Мәтін кімдерге арналғанын анықта.

- А. Жалпы оқырмандарға
- В. Шетелден келгендерге
- С. Ақпарат жинаушыларға
- Д. Мектеп білім алушыларына

4. Шөген ойынын спорттық деңгейге көтергендер кімдер?

- А. Үндістан халықтары
- В. Көшпелі халықтар
- С. Қытай халықтары

D. Еуропалық халықтар

5. Мәтін мазмұнынан алшақ ойды анықта.

A. Шөген ойыны Үндістанға Орта Азиядан барған.

B. Түркі тарихи жазбаларында шөген ойыны туралы айтылады.

C. Көшпенділер атпен ойнаған спорттық ойындар болмаған.

D. Парсылар 2500 жыл бұрын шөгенді ойнаған.

6. Ақпараттардың дұрыс немесе бұрыс екендігін анықта.

	Дұрыс	Бұрыс
<i>Ерте замандарда жетісулық моңғолдар Еуропаның бір бөлігін жаулап алып, шөгенді сол жаққа апарған.</i>		
<i>Еуропада танымалдылыққа ие поло ойынының Орта Азиядан шыққаны туралы деректер көп.</i>		

7. «Ерте замандарда Орта Азияны мекендеген көшпенділердің атпен ойнайтын спорттық ойындары көп болған»,—деген ойды әрі қарай жалғастырып, қазақ халқының ат үстінде ойналатын ойындары туралы жаз. (3-4 сөйлеммен)

Жазылым

Төменде берілген тақырыптардың бірін таңдап, жазба жұмысын орында. Жазба жұмысында мәтін құрылымын сақта, суреттегі жағдайды ескер. Сөз саны – 150-170.

1. Өзіңнің бір күнгі тамақ рационыңды жаз. Табиғи, пайдалы тамақтар тізімін ұсынып, пайдасыз тамақтарды пайдалы тамақтармен ауыстыру жөнінде ұсыныс бер. Мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерді орынды қолдан.



2. Берілген суретке қарап, ат үстінде ойналатын көшпенділер ойынының бірі туралы мәтін жаз. Ол ойынның денсаулыққа пайдасы туралы айт. Мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерді орынды қолдан.



3. Қазақ халқының ауа райын болжауға қатысты ойларын жинақтап, «Халық даналығы» тақырыбында шағын мәтін жаз. Мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерді орынды қолдан.



Сынып: 7

Тақырып: Жасанды интеллект

Оқу мақсаты:

7.2.5.1. Мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру;

7.3.3.1. Мәтін құрылымын (кіріспе бөлім, жалпы мәлімет беру, детальді мәлімет беру) сақтай отырып, графиктік мәтін (шартты белгі, сурет, сызба) түрінде берілген процесті сипаттап жазу;

7.4.4.3. Шылау түрлерін ажырата білу, орынды қолдану;

Сабақ мақсаты:

- мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастырады;
- графиктік мәтін (шартты белгі, сурет, сызба) түрінде берілген процесті сипаттап жазады;
- шылау түрлерін ажырата біледі, орынды қолданады.

1-тапсырма

1. Сызба түрінде берілген процесті мәтін түрінде жаз.

2. Мәтін құрылымын (кіріспе бөлім, жалпы мәлімет беру, детальді мәлімет беру) сақта.

3. Шылау түрлерін қолдан.



2-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтін бойынша екі проблемалық сұрақ құрастыр.

Жасанды интеллект – жиналған ақпаратты қолдана отырып, кез келген тапсырманы орындайтын алгоритмдік жүйе. Ол адамның қолынан келе бермейтін тапсырмаларды оңай әрі тез орындай алады. Шағын жобаларды іске

асыру бағытында да жасанды интеллектінің мүмкіндігі шексіз екенін аңғарып жүрміз.

Кез келген салада жетістікке жету үшін жасанды интеллектінің әлеуеті зор болғанымен, адамзатқа үлкен қатер төндіруі мүмкін. Бүгінде ғылыми технология өте тез дамып жатыр. Алайда адамзаттың бұл жетістігі адам мүмкіндігін шектейтінін ұмытпайық. Жасанды интеллектінің қаупі туралы америкалық кәсіпкер, Twitter-дің иесі Илон Маск та Дубайда өткен Әлемдік үкімет саммитінде айтты.

«Мұның жағымды да, жағымсыз да тұстары бар. Оны пайдаланудың тиімді тұсы өте көп десек те, ол ядролық бомбалар сияқты үлкен қауіп төндіруі мүмкін екенін естен шығармау қажет. Сондықтан бізге бұл саланы әлі де жан-жақты зерттеу маңызды», – деді Илон Маск.

Сұрақтар:

- 1.
- 2.

3-тапсырма.

1. Өзің сабаққа дайындалғанда жасанды интеллектінің көмегіне жүгінесің бе? ЖИ-дің қандай түрін қолданатыныңды әңгімелеп бер.

2. Өзің білетін жасанды интеллектінің көмегімен бір шығармашылық жұмыс әзірле (музыка, кескіндеме немесе поэзия). Мысалы, Chat GPT, SUNO AI, Pixton Comics т.б.

3. Жасанды интеллект арқылы орындалған жұмыстың артықшылығы мен кемшіліктерін талдап айтып бер.

Дескриптор	Балл
Сызба түрінде берілген ақпаратты оқып, мәтін құрастырып жазады. Мәтін құрылымын (кіріспе бөлім, жалпы мәлімет беру, детальді мәлімет беру) сақтайды	3
2 проблемалық сұрақ құрастырады	2
Шығармашылық жұмыс әзірлейді (музыка, кескіндеме немесе поэзия)	2
Орындалған жұмыстың артықшылығы мен кемшіліктерін талдап айтып береді	2
Шылауларды қолданады, түрлерін ажыратып, қолдану мақсатын түсіндіреді	1
Барлығы	10

Бөлім бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар

Пәні: қазақ тілі

Сынып: 7

Бөлім атауы: Ғаламтор ғаламаты. Морфология. Шылау түрлері. Емлесі.

Оқу мақсаты:

7.1.3.1. Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу;

7.3.5.1. Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазу;

7.4.4.3 Шылау түрлерін ажырата білу, орынды қолдану.

Бағалау критерийі:

- Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата біледі;

- Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазады.

Ойлау дағдыларының деңгейі: жоғары деңгей дағдылары.

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, факті мен көзқарасты анықта.



Жасанды интеллект адам өмірін қалай өзгертті? Қандай салаларда кеңінен қолданылады? Жасанды интеллект адамнан озып кетуі мүмкін бе? Болашақта адамдардың жұмыссыз қалу қаупі бар ма? Міне, осы сауалдар төңірегінде Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, «Жасанды интеллект» ғылыми зерттеу институтының директоры, техника ғылымдарының докторы, профессор Алтынбек Шәріпбаевпен әңгімелестік.

– Алтынбек Әмірұлы, бүгінгі таңда жасанды интеллект пайдаланылмайтын сала жоқ. Қазір тіпті «Кім жасанды интеллектті игерсе, сол әлемді билейді»,– деген тәмсіл де айтылып жүр. Әңгімемізді «жасанды интеллект дегеніміз не және оның ғылым саласы ретінде дамуы қалай жүзеге асты?» – деген сауалдан бастасақ...

– Ең алғаш рет «жасанды интеллект» термині Америкадағы Массачусетс технологиялық институтында қолданыла бастады. Өткен ғасырдың елуінші жылдарының соңы мен алпысыншы жылдардың басында логикалық бағдарламалау саласына қатысты ғылыми семинар өтіп тұратын. Кейіннен олар осы логикалық бағдарламалауды «жасанды интеллект» деп атады. Кейбір математика есептерін шығаруды логикалық бағдарламалау арқылы автоматтандыра алды. Оған қоса кейбір теоремаларды дәлелдеуді де автоматтандыруға мүмкіндік болды. Міне, осы тұста «жасанды интеллект» термині пайда болып, қолданысқа енгізіле бастады.

Жасанды интеллект – ақпараттық технологияның бір саласы. Бұрын ақпараттық технология жоқ кезде компьютер ғылымының бір саласы болып саналып келді.

– Қазір жасанды интеллект дамығаны соншалық – онсыз адам өмірін елестету мүмкін емес секілді. Сіздіңше, ол біздің өмірімізді қалай өзгертті? Адамзаттың, өркениеттің белгілі бір деңгейде дамуына айтарлықтай ықпал етті ме?

– Қазір адамзат жасанды интеллекттің қарқынды даму кезеңінде деп айтуға болады. Бұл біз жоғарыда айтып өткен тек қатынас тіліне қатысты емес. Интеллект дегеніміз – ой, сана, қарым-қабілет, білім алу, үйрену. Енді адамның осы секілді мүмкіндіктерінің барлығын компьютер істей алатындай деңгейге жетіп отыр. Оның даму шегін болжау мүмкін емес.

Бұл қазір бүкіл салаға еніп, адамзаттың өмірін жеңілдетуде маңызды рөл атқарып отырғаны жасырын емес. Бұған дейін көптеген саладағы ауыр физикалық жұмыстарды адамдар өзі істесе, қазір жасанды интеллект дамуының арқасында сол жұмыстарды роботтар істеп отыр. Мәселен, құрылыста, шахтада жұмыс істейтін жұмысшылар бар, солардың белгілі бір жұмысы, яғни қабырға салу, шатыр тұрғызу деген секілді істерінің барлығын дерлік қазір роботтар атқарады. Демек, бұл «құрылысшы мамандарды роботтармен алмастыруға болады» дегенді анық білдіреді.

https://kaz.inform.kz/news/zhasandy-intellektin-adamnan-ozyp-ketui-mumkin-be-professormen-suhbat_a3938691/

1-факт:	1-көзқарас:
2-факт:	2-көзқарас:

2-тапсырма. Мәтіндегі негізгі ақпараттарды пайдалана отырып, жинақы мәтін жаз. Мәтін жазуда тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстырып қолданыңыз, шылау түрлерін ескер.

Тұтас мәтін	Жинақы мәтін
Әлеуметтік желідегі басты қателік - қазақ әрпін пайдалана білмеу. Қазақ әліпбиіндегі тоғыз әріп әлі күнге өз орнында жұмсалмайды. «Қ»-ның орнына «к», «ә»-нің орнына «а», «ө»-нің орнына «о», «ң»-ның орнына «н» әріптерін жазу жастардың үйреншікті дағдысына айналып кеткен. Нәтижесінде сөздердің ақсауына жол береміз. Сондай-ақ кейбір сөздерді жөнсіз қысқартып жазу (ол да өзге тілде). Мысалы спс (рақмет), ок (жарайды, сізбен келісемін), т.с.с. сөздер жазба мәдениетімізге нұқсан келтіруде. Менің ойымша, жастардың әлеуметтік желіні пайдаланудағы ескермейтін нәрсесі – ауызекі тіл мен жазба тілдің айырмашылығын ажырата алмауында. Ауызекі сөйлеу тіліндегі фонетикалық-грамматикалық қолданыстар, жазба тілде сол күйде қолданыста жүреді. Бұл жазба	

тіл мәдениетінің сақталмауына әкеліп соқтырады. Қазақ тілінің грамматикасында орфография және орфоэпия деген өзіндік заңдылығы бар. Орфография – сөздерді дұрыс жазу заңдылығы болса, орфоэпия – дұрыс айту деген сөз. Әлеуметтік желіде екі теория бойынша дұрыс жұмыс жасай алмаймыз. Тіпті бір-бірімен алмастырып жатамыз. Одан бөлек пунктуация да бар. Ол қай жерде үтір, қай жерде нүкте болу керек деген мәселелерді қарастырады. Әлеуметтік желіде отыратын көзі ашық, көкірегі ояу, сауатты жастар, дұрыс және толық жауап жазып үйренейік!	
--	--

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата біледі;	1	Мәтінді тыңдап, факті мен көзқарасты анықтайды	
		1-факт:	1
		2-факт:	1
		1-көзқарас:	1
		2-көзқарас:	1
Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазады.	2	жинақы мәтін жазады	3
		тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстырады	2
		Орфографиялық нормаларды сақтайды	1
		Тыныс белгілерді дұрыс қояды	1
Барлығы			11

7-сыныпта «7.1.5.1 проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау; 7.4.4.3 шылау түрлерін ажырата білу, орынды қолдану» мақсаттарына негізделген «Ғаламтордың пайдасы мен зияны» тақырыбындағы сабақ. «Ой шақыру» әдісі арқылы «Ғаламтор туралы не білесіңдер? Сендердің үйлерінде ғаламтор бар ма? Ғаламторды не үшін пайдаланасыңдар?» деген сұрақтарға жауап алынады.

Бейнебаянды <https://youtu.be/kXZayYrD3Zc> сілтемесі арқылы мұқият көріп, тыңдайды.

Төмендегі сұрақтарға дәлелдер келтіре отырып, жауап алынады.

1. Мәтіндегі негізгі ақпарат туралы не айтасындар?

2. Ғаламтордың пайда болу тарихы туралы не білесіңдер? Ғаламтор-Интернет ұғымы қай уақытта пайда болған?

3. Ғаламтор – Интернет ұғымының пайда болуына не себеп болған?

4. «ARPANET» атауы «Интернет» ұғымымен қай кезде алмастырылды?

5. Ғаламтормен қандай желілер арқылы қажетті ақпараттарды алуға болады?

6. Қазіргі таңда ғаламторды қанша адам пайдаланады?

Тыңдалым мәтіні

Ғаламтор – Интернет ұғымы XX ғасырдың аяғында пайда болды. Ғаламтордың шығу тарихын зерттеушілер 1957 жылы Кеңестер Одағының жасанды Жер серігін ғарышқа ұшыруымен байланыстырады. Олардың айтуынша, АҚШ Қорғаныс министрлігі «егер соғыс бола қалған жағдайда, Америкаға сенімді ақпарат алмасу жүйесі керек болады» деп есептеген соң, жүйені АҚШ-тың Орталық барлау басқармасының қызметкерлері ойлар тапқан. Лос-Анджелес, Юта және Калифорния штаттарындағы университеттерге және Стэнфорт зерттеу орталығына компьютерлерді бір-бірімен жалғайтын желі жасау тапсырылады. «ARPANET» деп аталатын жоба 1969 жылы 29 қазанда төрт мекеменің компьютерлерін телефон арқылы байланыстырады.

«ARPANET» дамып, жетіліп, оны түрлі саланың ғалымдары пайдалана бастайды. 1983 жылы бұл атау «Интернет» деген ұғыммен алмастырылды. Бұл күнде ғаламторды тұрақты пайдаланушылар саны бүкіл әлем бойынша 1,5 млрд адамнан асыпты.

Қазіргі кезде ғаламтормен тек қана компьютерлік желілер арқылы емес, сонымен қатар, байланыс спутниктері, радиосигналдар, кабельдік теледидар, телефон, ұялы байланыс, арнайы оптикалық – талшықтық желілер және электр желілері арқылы да байланысуға болады. Ғаламтордан көптеген пайдалы да қажетті ақпараттарды табуға болады.

Тілдік бағдар бойынша түсініктеме беріледі.

Шылау түрлері лексикалық мағынасы жоқ, белгілі бір сөздердің жетегінде жүріп, оған әртүрлі мән, грамматикалық мағына үстейтін сөздерді **шылаулар** деп атаймыз. Мысалы, *Ғаламтордан көптеген пайдалы да қажетті ақпараттарды табуға болады* деген сөйлемдегі *да шылауы пайдалы, қажетті* сөздерін бір-бірімен салаластыра байланыстырып тұр. Шылаулардың көпшілігі сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырады. Шылаудың толық мағынасы болмайды. Олар сөйлем ішінде сөйлем мүшесінің қызметін атқармайды.

Шылаулар **жалғаулықтар** (*мен, және, әрі, да* т.б), **септеуліктер** (*үшін, сайын, арқылы, туралы, соң* т.б) және **демеуліктер** (*ма, бе, ша, -ақ, -ай, -ды* т.б) болып үшке бөлінеді.

Жалғаулық шылаулар жай сөйлем құрамындағы бірыңғай жай сөйлемдердің арасын байланыстыру үшін қолданылады.

Септеулік шылаулар белгілі бір септік жалғаулы сөздерге тіркесіп, олардың грамматикалық мағыналарын толықтырып отырады.

Толық мағыналы сөзге тіркесіп, сол сөздің мағынасын күшейтіп тұратын немесе сөзге сұраулық, болжалдық, болымсыздық мағына үстейтін шылаулар **демеулік шылау** деп аталады.

Тілдік бағдар бойынша көп нүктенің орнына тиісті шылауларды қойып жазуға, сөйлемге морфологиялық талдау жасауға тапсырма беріледі.

1. Гаджеттердің даму жылдамдығы ... қызметі күннен – күнге артып келеді.

2. Олар қолайлы...жеңіл, ықшамды бола түсті.

3. Қазіргі кезде өзі шағын болса..., сыйымдылығы үлкен флештер пайда болды.

Рефлексияда «БББ» әдісін қолданылады.

Бүгінгі сабақтан алған әсерің қандай?

Бүгінгі сабақта не қиын болды?

Бүгінгі сабақ бойынша өзінді толғандырған қандай сұрағың бар?

Сабақта қолданылған формативті бағалау түрлері

Бағалау түрі	Қолдану тәсілі
Ауызша мадақтау	"Жарайсың!", "Керемет шешім!", "Ойлы шешім!", "Мұндай ойлы пікірді ешқашан естімеппін!"
Дескрипторлар арқылы бағалау	Әр тапсырмаға нақты дескрипторлар берілген (мысалы: сұраққа жауап беру, дәлел келтіру, шылау сөздерін орынды қолдану, морфологиялық талдау жасау).
"Жапондық бағалау" әдісі	Топтар бір-бірінің жұмысын бағалап, келіседі, толықтырады немесе сұрақ қояды.
Рефлексия ("БББ" әдісі)	Бүгінгі сабақта білгендерін, қиындықтарын және сұрақтарын жазады.

Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмалары

(Бөлімдер: Ғаламтор ғаламаты. Морфология. Шылау түрлері. Емле.

Қазақстандағы ұлттар достастығы. Морфология. Еліктеуіш сөз. Бейнелеуіш сөз. Дұрыс тамақтану. Морфология. Одағай. Одағай түрлері.)

Тыңдалым мен айтылым

Тапсырма

Мәтін үзіндісін тыңдап, ондағы оқиғаның дамуы мен аяқталуына болжам жаса, өз ойыңмен әрі қарай жалғастырып айт. Еліктеуіш сөздер бен бейнелеуіш сөздерді орынды қолдан. [10]

А мәтіні

Бір айтыста орыс қызы Надежда Лушникованың өнері елеусіз қалып, ұйымдастырушылар ер адамның «Маяк» қол сағатын тарту етеді. Осы шақта залдағы алдыңғы қатардан: – Жоқ, Надя алмайды бұл сағатты, – деген біреудің саңқ еткен қаһарлы даусы шығады. Ол ұзын бойлы, әскери киімді батыр Бауыржан Момышұлы болатын. «Менің ана тілімде асыл сөздер ақтарып, жұрттың жүрегін тербеген мынау шүйкедей сары қыз!», – деді ол жұртқа Лушникованы нұсқап. Зал демін ішіне тартып, тына қалды: – Сенің тіліңді біліп, жай сөзіңді сөйлей беретін орыс, неміс, өзбек, шешен, қырғыз толып жатыр, – деді ол енді төрешіге қадалып. – Бірақ сенің өнер тіліңді өз тілінен артық білетін осы Надядан басқа кімді көрдің, айтшы, кәне? Дәл бүгінгі бас бәйге біздің тілімізде бұлбұлдай сайраған осынау кішкентай қызға берілуі тиіс!»...

Ә мәтіні

Төле би жас кезінде талай жасы үлкен атақты абыз билердің алдынан өтіп, батасын алады. Төле бала әуелі әкесіне барыпты. Жасы жүзге тақап отырған әкесі ынтымақ, ел бірлігі жөнінде әңгіме айтып отырады. Төле: "Қалай еткенде бірлік болады, оның күші қандай болмақ?", - дегенді сұрайды. Сонда әкесі әуелі жауап айтпас бұрын бір бума солқылдақ шыбық алдырады: - Балам, мынаны сындырып көрші. Төле буылған шыбықты олай-бұлай иіп, сындыра алмайды. - Енді сол шыбықты біртіндеп сындыршы? Төле ортасынан буылған шыбықты шешіп, біртіндеп пырт-пырт еткізіп, оп-оңай сындырып береді. Әлібек би: - Бұдан не түсіндің, балам? - дейді...

Оқылым

Қымыз – бие сүтінен ашытылатын сусын, көшпелі халықтардың көне замандардан бергі дәстүрлі тағамы, қадірлі асы. Қазақтардың татымды, дәмді тағамы ретінде бағаланады.

Жазғытұры бие құлындап, құлын есейіп, «қара құлақ» болуға айналған кезде ел бие байлайды. «Бие байларға» арналған жылы-жұмсаққа ауыл адамдары шақырылып, «желі байлар», «қымызмұрындық» жасалады. Қымыз ашыған күні оның алды ауыл адамдарына беріледі. Осы уақыттан бастап, бие ағытылғанша қымыз үзілмейді.

Қымыздың жақсы болуы оның ыдысына, ашытуына, ұсталу бабына байланысты. Қымыз әдетте соғымға сойылған семіз жылқының қыртысы зақымданбаған, жүні қырқылған, шыңылтырланған терісінен тігілген ыдысқа (саба) ашытылады.

Ашыту түрлері мен ашыған күндерінің санына байланысты ыдыс пен қоспасына, тәулік уақыты мен жыл мезгілдеріне орай ашытылған қымыз түрлері, атаулары көп. Олар: саумал, қымыз, сары қымыз, уыз қымыз, түнемел қымыз, құнан қымыз, дөнен қымыз, бесті қымыз, тосап қымыз, қымыран қымыз, қойыртпақ қымыз, биебау қымыз, сірге жияр қымыз, қысыр қымыз, т.б. нағыз бие сүтінен ғана жасалады. Бие сүтінен әзірленетін қымыздың шипалық, емдік маңызы зор.

Қымызбен емдеу ережесі: қымызды алғашқы кезде тәулігіне 6 рет 100 грамнан (қатты науқасқа 50 г) , кейін 250 грамға дейін береді. Организм қымыз ішуге үйренгеннен кейін оның мөлшерін 2-3 литрге дейін жеткізеді. Қымызды тамақтың алдында 1-1,5 сағат бұрын ішу керек. Жатар алдында ішуге болмайды. Бұл ем көбінесе ауру салдарынан әлсіреген, жүдеген, қаны азайған, туберкулез ауруына шалдыққан адамдарға қолданылады.

1. Қымызды алғашқы кезде қандай мөлшерде ішу керек?

- A. 250 грамнан
- B. 100 грамнан
- C. 2-3 литрден
- D. 1-1,5 литрден

2. Мәтін кімдерге арналғанын анықтаңыз.

- A. Медицина мамандарына
- B. Балалар дәрігерлеріне
- C. Жылқы өсірушілерге
- D. Барлық оқырмандарға

3. Мәтін қандай мақсатта жазылған?

- A. Дертке шалдыққан жандарға кеңес беру мақсаты көзделген.
- B. Жылқы малының басқа түліктерге қарағанда пайдасын насихаттау.
- C. Қазақ халқының емдік қасиетке ие ұлттық тағамы туралы ақпарат беру.
- D. «Желі байлар», «қымызмұрындық» сияқты ғұрыптарды жаңғырту.

4. Мәтін мазмұнына сәйкес келмейтін ойды анықтаңыз.

A. Ашыту түрлері мен ашыған күндерінің санына байланысты қымыз түрлері мен атаулары көп.

B. Алғашқы қымыздан ауыз тиюге ауыл адамдары шақырылып, «қымызмұрындық» жасалады.

C. Қымызбен емдеу ережесі: қымызды жатар алдында 1-1,5 сағат бұрын ішу керек.

D. Қымыз – көшпелі халықтардың көне замандардан бергі дәстүрлі сусыны, қадірлі асы.

5. Мәтіннің екінші азатжолына сәйкес келетін мақалды тап.

- A. «Жаңбыр – көктің ырысы, қымыз – көптің ырысы».
- B. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде».
- C. «Түйе – байлық, қой – мырзалық, жылқы – сәндік».
- D. «Ауру батпандап кіреді, мысқалдап шығады».

6. Ақпараттардың дұрыс немесе бұрыс екендігін анықтаңыз.

	Дұрыс	Бұрыс
Қымызды әдетте соғымға сойылған семіз жылқының терісінен тігілген ыдысқа ашытады.		
Қымыздың жақсы болуы оның ыдысына, ашытуына, ұсталу бабына байланысты емес.		

[2]

7. Көшпелі халықтардың көне замандардан бергі қадірлі асы, емдік қасиеті бар ұлттық тағамдары туралы жаз (3-4 сөйлем).

Жазылым

Төменде берілген тақырыптардың бірін таңдап, жазба жұмысын орындаңыз.

1. WhatsApp желісі бойынша досыңызға хат жазыңыз. Мәтінде шылаулардың болуын ескеріңіз.



2. Қазіргі таңда интернет жастардың басты ермегіне айналды. Кез келген уақытта, кез келген жерде қосылып алып, өз алдына виртуалды әлемде жүретіндер көбейді. Осындай күнделікті өмірдегі жағдайларды негізге алып, «Өлеуметтік желінің шырмауында» тақырыбында әңгіме құрастыр. Шылау түрлерін орынды қолдан.

Сынып: 8

Бөлім: Биоалуантүрлілік. “Қызыл кітапқа” енген жануарлар мен өсімдіктер.

Тақырып: “Қызыл кітапқа” енген жануарлар мен өсімдіктер.

Оқу мақсаты:

8.1.5.1 перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдау;

8.4.4.2 тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің сөйлем жасаудағы өзіндік орнын, қызметін түсініп қолдану;

Сабақ мақсаты:

- перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты таба біледі, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдайды;

- тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің сөйлем жасаудағы өзіндік орнын, қызметін түсініп қолданады.

1-тапсырма:

1. Поэмадан үзіндіні тыңда.

2. Төмендегі перифраз түрінде берілген сұрақтарға жауап бер:

– Ақын суық қаруды көргенде неліктен мазасыз күй кешеді?

– Киім ілгішке көзі түскенде ақынның көзіне неліктен жазықсыз жануарлар елестейді?

– Табиғатқа жасалған қиянатты ақын неге бауырыңа жасалған опасыздыққа балайды?

– Бұлбұл мен қасқырға төнген қауіпті ақын қандай заттар арқылы елестетеді?

– Анаң сенің бәрібір дала емес пе?! – деген өлең жолы арқылы ақын оқырманға қандай ой тастайды?

3. Поэмада көтерілген мәселе жөнінде ой тұжырым жаса.

Қадыр Мырза Әлі

«Қызыл кітап»

(поэмадан үзінді)

Мылтық көрсем төрлерден іліп қойған,

Менің мазам кетеді күдікті ойдан.

Жұртпен бірге мәз болып,

Ду-ду етіп

Қайта алмаймын одан соң күліп тойдан.

Аңшылыққа қалай жұрт қызығады?!

Қан жуады олардың ізін әлі.

Көргеннен-ақ мылтықты

Менің үшін

Дүниенің дидады бұзылады.

Аймын мен анасыз,

Атасызды.

Аймын мен құлынсыз,

Ботасызды.

Хайуанатқа жасаған қиянатың –

Бауырыңа жасаған опасыздық!

Қызыл түлкі даланың көрігі еді.

Жаға болып ол енді «керіледі».

Бөкебаймен бүркеулі анау қалпақ –

Қалпақ емес –

Қақпан боп көрінеді.

Тымырсығы-ай!

Қалада жел еспейді.

Жел есетін бұл жайлау емес дейді.



Анау киім ілгішке көзім түссе,
 Бұғылардың мүйізі елестейді.
 Ауылда, өспе, мейлі, сен қалада өспе,
 Анаң сенің бәрібір
 Дала емес пе?!
 Терезеге ұстаған анау шілтер
 Құсқа құрған торларды салады еске.
 Айналайын бұлбұлым,
 Бал таңдайым,
 Саған тор да,
 Қасқырға қақпан дайын.
 Шынтақтаған жастықты
 Көрінеді

Аққу-қазды жаныштап жатқандайын.

Өкпелетпеу керек қой қожайынды.
 Айта алмайсың халінді,
 Не жайынды.
 Ұстай беріп айырды
 Шошып кетем
 Шаншығалы жатқандай дәу жайынды!
 Тартып алған аңдардың бір киерін,
 Қыз-келіншек үшін мен құр күйемін.
 Кешіре гөр біздерді,
 Әулие көл!
 Кешіре гөр біздерді,
 Қыр киелі!

2-тапсырма:

1. Көп нүктенің орнына тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің бірін қой. *Керекті сөздер: Қазақстан Республикасы аумағында, аң-құстың, қызыл, кездестіре алмайсыз, құлан, жолбарыс, жабайы жылқы, жабайы түйе.*

2. Тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің сөйлем жасаудағы орнын, қызметін түсіндір.

1.	Өткен ғасырларда қазақ сахарасын ... , ... , ... , ... мекендеген деп естиміз.
2.	Ал қазір еліміздің қай түкпірінен де құлан мен жолбарысты баяғыдай
3.	Біздің қолымызда бұлтартпайтын бір факт бар. Ол – азайып бара жатқандығы.
4.	«Қазақстанның Қызыл кітабы» – жойылып кету қаупі төнген және сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктердің сипаттамасы берілген арнайы басылым.

5.	Мұндағы ... деген сөз «қауіп төніп тұр» дегенді адамзат баласына ескертеді.
----	---

3-тапсырма:

1. «Қызыл кітапқа» енген жануарлар мен өсімдіктерді қорғау жөнінде жұртшылыққа үндеу жаз.

2. Үндеу жазуда перифразаның түрлі тәсілдерін қолдан.

Дескриптор	Балл
Мәтінді оқып, перифраз түрінде берілген сұрақтарға жауап береді	2
Поэмада көтерілген мәселе жөнінде тұжырым жасайды	2
Көп нүктенің орнына тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің бірін қойып жазады	2
Тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің сөйлем жасаудағы орнын, қызметін түсіндіреді	1
“Қызыл кітапқа” енген жануарлар мен өсімдіктерді қорғау жөнінде жұртшылыққа үндеу жазады	2
Үндеу жазуда перифразаның түрлі тәсілдерін қолданады	1
Барлығы	10

Бөлім бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар

Пәні: Қазақ тілі

Сынып: 8

Бөлім атауы: Биоалуантүрлілік. “Қызыл кітапқа” енген жануарлар мен өсімдіктер. Синтаксис. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері.

Оқу мақсаты:

8.2.4.1 тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра талдау;

8.4.4.2 тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің сөйлем жасаудағы өзіндік орнын, қызметін түсініп қолдану.

Ойлау дағдыларының деңгейі: жоғары деңгей дағдылары.

1-тапсырма. Екі мәтіннің стилін, тақырыбын, түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра талда.

А мәтіні

Жасыл желек ғажаптары

Солтүстік Каролинада (Солтүстік Америка) шыбынжұт (венерика мухоловка) өсімдігі өседі. Шыбынжұт деп аталған бұл өсімдік тек қана шыбынды ғана емес, басқа да көптеген жәндіктерді ұстап жейді. Бұл дымқыл әрі күн жақсы түсетін жерді жақсы көретін өсімдік. Жапырақтың жиектерінде қатты түктері бар. Сырттан келген жәндік әлгі түктердің бірін сүйкеп кеткен жағдайда

жапырақ алақанының екі тілімі бірден қимылға еніп жабылып қалады да, жәндік қайта шығып үлгере алмайды.

Қақпанына түскен жәндікті өсімдіктің қорытуы бірнеше күнге созылады.

Ашылған кезде өсімдіктің жегенінен қалған жәндіктің қалдықтарын жел ұшырып, жаңбыр суы жуып әкетеді. Жапырақ келесі құрбанын ұстауға дайын.

Жапырақтар аса ірі немесе қатарынан 2-3 жәндікті ұстап жегеннен кейін қарайып, өліп қалады да, оның орнына жас жапырақтар шығады.

Ғалымдардың дәлелі бойынша жәндік жегіш өсімдіктер ет қорексіз де тіршілік ете алады. Ал тағам құрамына ет қосылған жағдайда дамуы тездейтіндігі белгілі болды. Екі-үш жәндікті ұстап жегеннен соң жапырақтардың өліп қалуы өсімдіктің ұрпағын сақтауын қамтамасыз етеді. Бір жапырақ өліп, екінші жапырақ шыққанға дейінгі уақытта өсімдік қорегінің көптігінен дем алады.

Қомағайлық қандай организмге болса да қауіпті. Шыбынжұты жапырағының жабылу механизмі өте тез, ол бар болғаны 0,02-0,05 секундқа ғана созылады. Бұл процесті ботаника тілінде сейсмонастия дейді. Мұның мәні – сыртқы әсерге өсімдік органдарының қозғалыс арқылы жауап қайтаруы деген сөз.

Ә мәтіні

Наурызым мемлекеттік табиғи қорығы

Наурызым мемлекеттік табиғи қорығы – Еуразияның ертеден келе жатқан қорықтарының бірі. Қорықты құрудың негізгі мақсаты Солтүстік Қазақстанның дала аймағының әдеттегі, сирек кездесетін және бірегей табиғат кешендерін, жануарлар мен өсімдіктер әлемін табиғи күйінде сақтау болып табылады.

Көктемде Наурызым даласы ерекше көз тартады. Сәуір айының соңында гүлдеген әр түрлі ренді құндызшөптер жазық далада тұтас кілем тәрізді, орман алаңқайларында ашық сары түсті жанаргүлдер гүлдей бастаса, ал сазды жерлерде қосгүлді және жатаған қызғалдақтар қауызын ашады.

Мамыр айының басында Шренк қызғалдағы бүр жарады, ойпаң жерлерді аласа бадам бұтасының ашық қызғылт гүлі басады, тобылғы, құртқашаш гүлдейді. Мамырдың соңында желмен біркелкі тербелген селеу, бір қарағанда күмісті жібек толқынға ұқсайды. Орман жиегінде, өзен арнасы бойында және ойпаң жерлерде үшқат (бөріжидек) бұталары өседі.

Қорық аумағына бірегей аралдық қарағайлы ормандар (Наурызым-Қарағай, Тірсек-Қарағай) енген. Олар қылқан жапырақты ормандардың шөлейтті белдемге терең енуінің ерекше табиғи құбылысы болып табылады. Ботаникалық пен эстетикалық мәнінен өзге, олар жыртқыш құстардың сирек кездесетін түрлерінің популяциясын сақтау үшін өте маңызды. Қорықтың сулы-батпақты алқаптары айрықша мәнге ие. Наурызым қорығының көлдері халықаралық маңыздағы сулы-батпақты жерлердің Рамсар тізіміне енген. Қорық аумағында омыртқалы жануарлардың 342 түрі: аңдардың 45 түрі, құстардың 292 түрі, бауырымен жорғалаушылар мен қосмекенділердің 3 түрі және балықтардың 11 түрі белгілі.

Қорықтың бастапқы ауданы 250 мың га болып белгіленді және екі ірі алаптан тұрды. Қорықтың қазіргі аумағы 191,4 мың га құрайды.

Қазіргі әкімшілік шекара бойынша қорық Қостанай облысының Наурызым және ішінара Әуликөл аудандарында орналасқан.

2008 жылдың 7 шілдесінде Квебек (Канада) қаласында өткен ЮНЕСКО-ның 32 -сессиясында Наурызым қорығы "Сарыарқа - Солтүстік Қазақстанның далалары мен көлдері" номинациясы бойынша ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұра тізіміне енгізілді.

А мәтіні	Ә мәтіні
Стилі	
Тақырыбы	
Түрі	
Мәтіндердің құрылымы мен рәсімделу ерекшеліктеріне дәлел	
1.	1.
2.	2.
3.	3.

2-тапсырма

1. Сөйлемдерді толықтырып жаз. Тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің сөйлем жасаудағы орнын, қызметін түсіндір.

1. Шыбынжұтжейді.

2. Қозғалыс арқылы жауап қайтару деп аталады.

3. Организмге болу қауіпті.

4. Шыбынжұтжақсы көреді.

5. 2-3 ірі жәндікті жегеннен соң

6. Наурызым қорығы орналасқан.

7. Мамыр айының басында.....гүлдейді.

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
Тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра талдайды	1	Мәтіндердің стилін анықтайды	1
		Тақырыбын анықтайды	1
		Түрлерін(әңгімелеу, сипаттау, талқылау) ажыратады	1
		Құрылымына талдау жасайды	2
Тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің	2	Сөйлемдерді толықтырып жазады	3

сөйлем жасаудағы өзіндік орнын, қызметін түсініп қолданады		Тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің сөйлем жасаудағы орнын, қызметін түсіндіреді	2
Барлығы			10

Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмалары

(Бөлімдер: Биоалуантүрлілік. “Қызыл кітапқа” енген жануарлар мен өсімдіктер. Синтаксис. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері. Қоршаған орта және энергия ресурстары. Синтаксис. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері. Сөйлемнің айқындауыш мүшелері. Жасөспірім және заң. Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлері.)

Тыңдалым мен айтылым

Тапсырма

«Табиғат дабыл қағуда: «Қызыл кітаптағы» жануарлар мен өсімдіктерді қалай қорғай аламыз?» деген тақырыпта жұбыңмен бірге бірің білім алушы, бірің эколог маман ретінде сұхбаттас. Жай сөйлемдерді айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшелігіне сай қолдан. [10]

Оқылым.

Ұлан-байтақ Қазақ елінің барлық өңірлері сияқты Ақтөбе өңірінің де кәрі тарихы өз бастауын есте жоқ ескі замандардан алады. Еуразияның асыл белдігі сияқты Ұлы Даланың орасан зор аймағын қамтитын Ақтөбе жерінің тау-тасы мен өзен-өткелі, көлі мен шөлі, киелі топырағы – небір тарихтың куәсі.

Ақтөбе жерінің қойнауында еліміздегі барланған мұнай қорының 10 пайызы, болжанған көмірсутек шикізатының 30 пайызы бар. Қазақстан хромының 100 пайызы да осында. Хром рудалары қоры бойынша облыс әлемде екінші орынды (400 млн.тоннадан астам) иемденсе, мыс рудасының қоры (100 млн. тонна) және мұнайдың өндірістік қоры бойынша республикада үшінші, газ қоры бойынша төртінші орында.

Еліміздегі никельдің 55 пайызы, титанның 40 пайызы, фосфориттердің 34 пайызы, цинктің 4,7 пайызы, мыстың 3,6 пайызы, алюминийдің 2 пайызы, тас көмірдің 1,4 пайызы Ақтөбе жерінде. Мұндағы жер қойнауында алтын, күміс, кобальт, калий тұздары, асбест, каолин, әйнектік және түсті тастық шикізаттар, табиғи әшекей материалдары, мұнайбитумды кендер, минералды сулар, құрылыс материалдарына қажетті шикізаттар, өзге де табиғи байлықтар бар.

Үлкен аймаққа орналасқан облыстың табиғаты далаға тән көркемдігімен ерекшеленеді. Көне таулар санатындағы ежелгі Мұғалжар – Орал тауларының далаға сіңген сілемдері. Ор, Елек, Қобда, Ойыл, Ырғыз, Жем, Сағыз өзендері мен ұсақ өзендер, ең ірілері мен көркемдері Ырғыз ауданына орналасқан дала көлдері – облыстың негізгі су ресурстары. Ырғыз ауданының жерінде 1967 жылы ұйымдастырылған Торғай мемлекеттік қорығы – облыстың мақтанышы. Ірі көлдер мен өзендер (Торғай, Өлкейек, Телғара, Ырғыз) орналасқан осы аймақта 29 түрлі аң, 170 түрлі құс бар, оның 30 түрі Қызыл кітапқа енгізілген. Қарғалы,

Елек, Қобда аудандарында бұлан, Байғанин, Ойыл жерінде қарақұйрық сияқты аңдар, Ырғыз, Шалқар өңірінде киік пен жабайы шошқа кездеседі.

Қазіргі Ақтөбе өңірі – күн санап көркейіп, өте күшті қарқынмен дамып, халқының әлеуметтік, мәдени, рухани дәрежесі үздіксіз шарықтап келе жатқан аймақ.

1. Ақтөбе жерінде еліміздегі барланған мұнай қорының қанша пайызы бар?

- A) 30%
- B) 15%
- C) 10%
- D) 5%

2. Хром рудалары қоры бойынша Ақтөбе облысы әлемде нешінші орында?

- A) Бірінші
- B) Екінші
- C) Үшінші
- D) Төртінші

3. Ақтөбе өңіріндегі көне тау атауы қалай аталады?

- A) Қобда
- B) Қарғалы
- C) Байғанин
- D) Мұғалжар

4. Мәтін мазмұнына сай келмейтін ақпарат

- A) Ақтөбе облысының қазба байлықтары туралы
- B) Ақтөбе облысының су ресурстары туралы
- C) Мұғалжар атауының шығу тарихы туралы
- D) Ырғыз өңірінде мекендейтін жануарлар туралы

5. Мәтіннің стилін анықта.

- A. Көркем әдебиет стилі
- B. Ауызекі сөйлеу стилі
- C. Публицистикалық стиль
- D. Ресми іс қағаздар стилі

6. Мәтін стиліне сай атау

- A. Ақтөбе облысының өзен-сулары
- B. Құтты мекен – Ақтөбем
- C. Ақтөбе облысының мақтаныштары
- D. Облыстағы табиғи қазбалар қоры

7. Төмендегі минералдарды олардың Ақтөбе облысы бойынша пайыздық үлесімен сәйкестендір.

Минералдар	Пайыздық үлесі
1. Никель	А.1,4%
2. Титан	В. 40%
3. Тас көмір	С. 55%
4. Мырыш (Цинк)	Д. 4,7%

8. Табиғат байлықтарын сақтау үшін адамдар не істеуі керек? Ойыңды 3-4 сөйлеммен жаз.

Жазылым

Төменде берілген тақырыптардың бірін таңдап, жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала жаз.

Сөз саны – 200-250.

1. «Экологиялық мәдениет – саналы ұрпақтың таңдауы.»
2. «Заң бәріне ортақ: жасөспірімдер нені білуі керек?»
3. «Қазақстанның «Қызыл кітабы»: табиғатты қорғау өзімізден басталады.»

Пән: қазақ тілі

Сынып: 9

Бөлім: Мәңгілік Ел – мұратым. Стилистика

Тақырып: Мәңгілік Ел болу үшін...

Оқу мақсаты:

9.1.1.1 мәтін мазмұны бойынша дайындалған сұрақтарға болжаммен жауап беру, түпнұсқамен салыстыру;

9.2.3.1 мақала құрылымы мен рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату;

9.4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу.

Сабақ мақсаты:

- тыңдалған мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, түпнұсқамен салыстырады;

- мақаланың құрылымы мен рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажыратады;

- мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сәйкес жазады.

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыздар. «Wordwall» платформасындағы сұрақтарға жауап беріңіздер. Түпнұсқамен салыстырыңыздар. Сәйкес жауаптарды анықтаңыздар.

(ҚР Президенті 03.01.2025ж. «Ана тілі» газетіне берген сұхбаты)

<https://www.youtube.com/watch?v=SnRPNmidOs>

<https://wordwall.net/ru/resource/90738451/%d1%81%d2%b1%d1%85%d0%b1%d0%b0%d1%82-%d0%bc%d3%99%d1%82%d1%96%d0%bd%d1%96-%d0%b1%d0%be%d0%b9%d1%8b%d0%bd%d1%88%d0%b0-%d1%81%d2%b1%d1%80%d0%b0%d2%9b-%d0%b6%d0%b0%d1%83%d0%b0%d0%bf>

Бағалау критерийлері	№	Дескриптор:	Балл
«Wordwall» платформасындағы сұрақтарға жауап беру;	1	«Wordwall» платформасындағы сұрақтарға жауап береді.	1
Болжам жауаптарды түпнұсқамен салыстыру;	2	Болжам жауаптарды түпнұсқамен салыстырады.	1
Жауаптардың сәйкестігін анықтау;	3	Жауаптардың сәйкестігін анықтайды.	1
Барлығы			3

ҚБ. Өзін-өзі бағалау

2-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Мақаланың құрылымын, рәсімделуін, жанрлық ерекшеліктерін ажыратыңыздар. Мәтінде асты сызылған сөздерді орфографиялық нормаға сәйкес жазыңыздар. Айтылу мен жазылуындағы айырмашылықтың себебін түсіндіріңіздер.

3 қаңтар 2025жылы Президентіміз Қ.Ж.Тоқаевтың мақаласы жарық көрді. Бұл мақаласында өткен жылды қорытындылап, болашақ әділетті Қазақстан тұжұрымдамасын әрі қарай жалғастыру жоспарлары айтылған. Қазақстан әділетті мемлекет, құқықтық мемлекет адамдардың заң алдында бәрі тең, сонымен қатар әлеуметтік мемлекет “Ұлттық қор” балаларға жобасы, еліміздің түпкүр түпкүрінде жаңа мектептер балабақшалар, сауықтыру орталықтары ашылып саны гөбейді. Сонымен қатар “Таза Қазақстан” акциясы экологиялық мәдениеттің негізі. Мемлекеттік тіл қазақ тілі-мемлекеттің басты нышаны болып қала беретінін оны басқа тілдермен салыстыру қажеттігі жоқ екені, елдің экономикалық әлеуетін дамыту мәселелері айтылды.

Өткен жылы көптеген маңызды оқиғалардың орын алғаны аян. Мемлекет баишысы «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында: «Жалпы, өткен жыл оңай болған жоқ, тіпті күрделі жыл болды деуге келеді. Қазақстанға сыртқы факторлардың салқыны тиді, табиғат апаты да жоспарларымызға әсер етті. Алайда біз ахуалды бақылауда ұстап қана қоймай, жан-жақты реформаларымызды жалғастыра алдық. Осылайша, жасампаздық стратегиясы одан әрі жүзеге асырылып жатыр», - деді.

Сонымен қатар, елімізде өңірлердің тең жартысын басып қалған алапат су тасқынын да тілге тиек етті. Мемлекет басшысы атап өткен мәселелерде, барлық мақсатқа жету үшін, халқымыздың бірлігі мен ынтымағы маңызды деп санаймын.

География пәні мұғалімі: Н.Мағауияқызы

<https://zhanalyq-zharshysy.kz/zhanalyktar/3-kantar-2025zhyly-prezidentimiz-k-zh-tokaevty-n-makalasy-zharyk-kordi/>


Бағалау критерийлері	№	Дескриптор:	Балл
Мақаланың құрылымын талдау;	1	мақаланың құрылымын талдайды.	1
Мәтіннің рәсімделуін анықтау;	2	мәтіннің рәсімделуін анықтайды.	1
Мақаланың жанрлық ерекшеліктерін ажырату;	3	мақаланың жанрлық ерекшеліктерін ажыратады;	1
Тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сәйкес жазу;	4	тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сәйкес жазады.	1
Айтылуы мен жазылуындағы ерекшеліктердің себебін түсіндіру;		айтылуы мен жазылуындағы ерекшеліктердің себебін түсіндіреді.	1
Барлығы			5

ҚБ. Өзара бағалау

3-тапсырма. «Екіжақты түсіндірме күнделігі» тапсырмасы.

Президентіміз Қ.К. Тоқаевтың сөзіне өз пікірлеріңізді білдіріңіздер.

Білім алушылар www.canva.com тақтасы арқылы тапсырманы орындайды.



Үзінді	Менің пікірім
«...2023 жылы «Қазақ тілі» қоғамының бастамасымен құрылған арнаулы қорға қолдау көрсету керек. Цифрлық технологияларды қолдануға баса мән берген жөн. Өйткені қазақ тілінің алдағы	

тағдыры, еліміздің жаһандық бәсекеге қабілеті көбіне осыған байланысты болады. Шығармашыл жастар және креативті индустрия мемлекеттік тілді дамыту ісіне пайдасын тигізе алады».	
«...Мен түрлі жиындарда жастарымыз туралы жиі айтамын. Өйткені олардың болашағын ойлап, шын жүректен тілеулестік білдіремін. Еліміздің тағдыры – жастардың қолында. Біз отаншылдығын нақты ісімен көрсететін әрі мәдениеті жоғары ұрпақ өсіруге міндеттіміз. Реформаның бәрін жастардың игілігі үшін жасап жатырмыз. Олардың белсенді, тәртіпті, білімпаз, еңбекқор болғанын қалаймын».	

Бағалау критерийлері	№	Дескриптор:	Балл
Берілген үзіндіге пікір білдіру	1	Берілген үзіндіге пікір білдіреді.	1
Өз ойын дәлелмен, жүйелі жеткізу	2	Ойын дәлелмен, жүйелі жеткізеді.	1
Барлығы			2

ҚБ. Педагогтің бағалауы

Тоқсан: 1

Пән: қазақ тілі

Сынып: 9

Бөлім: Жаһандану мәселелері. Стилистика

Тақырып: Қазіргі заманғы жаһандық мәселелер

Оқу мақсаты:

9.2.1.1 тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, сурет) мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу;


9.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, бірнеше графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректерді салыстыру, маңызды тұстары мен үрдістерді (тенденция) анықтап жазу;

Сабақ мақсаты:

- сурет мәтіндердегі мәліметтерді салыстырады;
- мәтін құрылымын сақтап, диаграммадағы деректердің маңызды тұстары мен үрдістерін анықтап жазады.

1-тапсырма. Екі мәтіндегі мәліметтерді салыстырыңыздар. Мәтіндерге ат қойыңыздар. Негізгі ойды анықтаңыздар. Пікір білдіріңіздер.

Білім алушылар wooclap.com платформасы арқылы берілген тапсырмаға жауап береді.




А мәтіні



https://stat.gov.kz/upload/iblock/f96/41h4hyeyv2x5qwyl3z656fcl3gu3sfgs/IMG_2.png

Ә мәтіні



<https://www.gov.kz/memleket/entities/stat/press/news/details/383354>

1-мәтін	2-мәтін
Мәтіндерге ат қою	
Негізгі ой	
Дәлел (деректер)	
Пікір	

Бағалау критерийлері	№	Дескриптор:	Балл
Мәтіндерге қою;	1	Мәтіндерге қояды.	1
Мәтіндердегі негізгі ойды анықтау;	2	Мәтіндердегі негізгі ойды анықтайды.	1
Мәтіндердегі деректерден мысал келтіру;	3	Мәтіндердегі деректерден мысал келтіреді.	1
Көтерілген мәселеге пікір білдіру	4	Көтерілген мәселеге пікір білдіреді.	1
Барлығы			5

ҚБ. Өзара бағалау

2-тапсырма. Оқылым мәтіндерінен (диаграмма) маңызды тұстары мен үрдістерді анықтап жазыңыздар.

Мәтіндердегі көтерілген мәселе (маңызды тұсы)

Мәселені шешу бағыттары (үрдістер)

1. _____
2. _____
3. _____

Бағалау критерийлері	№	Дескриптор:	Балл
Мәтіндердегі көтерілген мәселе анықтау;	1	мәтіндердегі көтерілген мәселені анықтайды.	1
Мәселені шешу бағыттарын ұсыну;	2	мәселені шешу бағыттарын ұсынады.	1
Пікіріне деректерден дәлел келтіру;	3	пікіріне деректерден дәлел келтіреді.	1
Барлығы			3

ҚБ. Педагогтің бағалауы

3-тапсырма. Оқылым мәтіндеріндегі қозғалған мәселеге көзқарастарыңды білдіріп, сыныптастарыңмен пікірталастырыңыздар.

Бағалау критерийлері	№	Дескриптор:	Балл
оқылым мәтіндеріндегі қозғалған мәселеге көзқарастарыңды білдіру;	1	оқылым мәтіндеріндегі қозғалған мәселеге көзқарастарыңды білдіреді;	1
сыныптастарымен пікірталастыру.	2	сыныптастарымен пікірталастырады.	1
Барлығы			2

ҚБ. Өзін-өзі бағалау

Тоқсан: 2

Пән: қазақ тілі

Сынып: 9

Бөлім: Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан. ЭКСПО-2017. Синтаксис

Тақырып: Тәуелсіз Қазақстанның халықаралық жетістіктері

Оқу мақсаты:

9.2.6.1 белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын тиімді қолдана білу;

9.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша автордың негізгі ойын сақтай отырып, перифраз тәсілдері арқылы жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу;

Сабақ мақсаты:

- белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын тиімді қолдана біледі;
- оқылым мәтіні бойынша автордың негізгі ойын сақтап, перифраз тәсілдерін қолдана жинақы мәтін (аннотация) жазады.

1-тапсырма. Мәтінді оқыңыздар. Мәтіндегі ақпаратты «Инсерт» стратегиясы арқылы талдаңыздар. Картаны толтырыңыздар.

1991 жылы алған тәуелсіздігіміз – барша қазақстандықтар үшін ең қасиетті, баға жетпес құндылығы, халықтың ғасырлар бойғы арманы. Тәуелсіздік алған 34 жыл ішінде Қазақстан Еуразиядағы негізгі мемлекеттерінің біріне айналды, әрі елдің әлемдік аренадағы ұсыныс-пікірлері әлемдік аренадағы саяси салада айтарлықтай салмаққа ие болды.

Сондай-ақ 1992 жылдың 2 наурызынан бастап еліміз Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшесі атанды. БҰҰ-на мүше болу еліміздің әлемдік шеңберде дамуына, өзге елдермен қарым-қатынас жасап, келісімдер орнатуға тікелей ықпал етті. Күні бүгінге дейін 34 жылдың ішінде Қазақстан БҰҰ-да негізгі көшбасшы мемлекеттердің біріне айналды.

Қазақстан ерекше маңызды қоғамдық-саяси және діни оқиғаның – 2003, 2006 және 2009, 2012, 2015, 2018 жылдардағы әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының дүниежүзілік съездері өтетін орынға айналды. Бұл тек еліміз үшін ғана емес, халықаралық маңызы бар, діни әрі этникалық татулықты дамыту мақсатында өтетін ерекше жобалардың бірі.

Қазіргі таңда Қазақстан жетекші халықаралық ұйымдардың – БҰҰ, ЕҚЫҰ, ИЫҰ, ШЫҰ, ТМД, ЕурАзЭҚ, КО, БЭК, ҰҚШҰ, ЭЫДҰ және басқа да мемлекетаралық бірлестіктер мен қоғамдастықтардың мүшесі. Қазақстан Тәуелсіздік алған жылдары әлемнің 180 елімен дипломатиялық қарым-қатынас орнатты, ЕҚЫҰ, ИЫҰ, ЕАЭО, ШЫҰ, ТМД, ҰҚШҰ, АӨСШК, Түркі кеңесі сияқты беделді халықаралық ұйымдарға төрағалық етті.

Қазақстан ұлттық бірегейлікті сақтау мәселесін де тиімді шеше білді. Келесі кез келген елдің негізгі басымдықтарының бірі болып саналатын ұлттық бірегейлікті сақтау мәселесі бізде де өте өзекті мәселе. Себебі бәсекеге қабілетті

қолжетімді мәдени ортаны қалыптастыру, шығармашылыққа қолдау көрсету, отбасылық құндылықтарды сақтау және гендерлік кемсітушілікке жол бермеу, экстремизмнің таралуына жол бермеу сияқты негізгі басымдықтарды қарастырады.

<https://zhasalash.kz/news/kazakstan-halikalalik-kogamdistiktarda-zhetstakter-men-bolashagi-17a9fa/>

«V» білемін	«+» жаңа ақпарат	«-» қарсы пікір	«?» сұрақ/күмән

Бағалау критерийлері	№	Дескриптор:	Балл
Мәтіндегі білетін ақпаратпен бөлісу;	1	мәтіндегі білетін ақпаратпен бөліседі.	1
Мәтіннен жаңа ақпаратты көрсету;	2	мәтіннен жаңа ақпаратты көрсетеді.	1
Мәтіндегі қарсы пікір тудырған ақпаратты анықтау;	3	мәтіндегі қарсы пікір тудырған ақпаратты анықтайды.	1
Мәтіннен сұрақ не күмән тудырған ойды табу;	4	мәтіннен сұрақ не күмән тудырған ойды табады.	1
Барлығы			4

ҚБ. Өзін-өзі бағалау

2-тапсырма. Оқылым мәтіні бойынша автордың негізгі ойын сақтай отырып, перифраз тәсілдері арқылы аннотация жазыңыздар. Сөз саны -110/120 сөз.

Білім алушылар ME-QR код арқылы тапсырмаға жауап береді.



Бағалау критерийлері	№	Дескриптор:	Балл
Мәтіннен негізгі ойды табу;	1	мәтіннен негізгі ойды табады.	1
Қосымша ақпараттарды анықтау (алып тастау);	2	қосымша ақпараттарды анықтайды. (алып тастайды).	1
Бірнеше жай сөйлемді бір құрмалас сөйлемге немесе құрмалас сөйлемдерді жай сөйлемдерге айналдыру;	3	бірнеше жай сөйлемді бір құрмалас сөйлемге немесе құрмалас сөйлемдерді жай сөйлемдерге айналдырады. (2-3 сөйлем)	1
Сөздерді синонимдермен алмастыру;		сөздерді синонимдермен алмастырады. (5 сөз)	1
Мәтіндегі негізгі ойды ықшамдау		мәтіндегі негізгі ойды ықшамдайды.	1
Берілген сөз санын сақтау;		берілген сөз санын сақтайды.	1
Барлығы			6

ҚБ. Педагогтің бағалауы

Тоқсан: 2

Пән: қазақ тілі

Сынып: 9

Бөлім: Адам құқығы мен бостандығы. Синтаксис

Тақырып: Азаттықтың Ата Заңы

Оқу мақсаты:

9.2.5.1 мәтінде көтерілген мәселеге оқырманның қарым-қатынасын анықтауға арналған талқылау сұрақтарын құрастыру

9.3.6.1 жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық түзетулер енгізу, редакциялау;

9.4.4.2 салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіру;

Сабақ мақсаты:

- мәтінде көтерілген мәселеге оқырманның қарым-қатынасын анықтауға арналған талқылау сұрақтарын құрастырады.

- мәтінге логикалық түзетулер енгізіп, редакциялайды;

- салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажыратады, түрлендіреді.

1-тапсырма. Мәтінді мұқият оқыңыздар. Төменде берілген тірек сөздерді қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге оқырманның қарым-қатынасын анықтауға арналған талқылау сұрақтарын құрастырыңыздар.

Білім алушылар анимацияны көре отырып, берілген тапсырманы орындайды.



Қалай ойлайсыз? Неліктен аталған мәселе орын алды? Бұл мәселеге қандай көзқарас білдіресіз? Неге?

Мәтінде көтерілген мәселе	Сұрақ
1-мәселе.	
2-мәселе.	
3-мәселе.	

Конституциямызда айтылғандай, еліміздің ең басты қазынасы – адам, оның құқығы мен бостандықтары. Аталған заңнама осындай ұлан-ғайыр елімізде бірлігіміз жарасып, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, тату-тәтті өмір сүруіміздің кепілдігі мен айқын нышаны болып табылады. Оның айқын дәлелі – елімізде қазіргі таңда 140 этнос пен 46 діни қауымдастық келісім мен достықта өмір сүріп отыруы. Осы негізде басты конституциялық қағидаттар – бейбітшілік пен тұрақтылық, бүкіл халық игілігі жолындағы экономикалық даму қамтамасыз етіледі. Халықтың бірлігі, бұл, ең алдымен, мемлекеттік институттардың мызғымастығы.

Қазақта «Ел болам десең, бесігінді түзе» деген сөз бар, біз, яғни, ертеңі мол еліміздің азаматтары ел болашағы жарқын болуы үшін халықтың құқықтары мен тәлімін ең алдымен жас өскелең ұрпақ — балалардан бастағанымыз жөн. Жастар – кезек күттірмейтін мәселе. Өйткені, оларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу мен жағымсыз әдеттерге бой алдырмауына тыйым салу бүгіннен басталады. Ал осы міндетті жеткілікті деңгейде орындамаған жағдайда бұл ахуал ушығып, қоғамымыздың басты мәселесіне айналуы мүмкін.

Жүздеген жылдар бойы қалыптасып, жетілдіріліп, дамытылып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Жеті жарғы» Қазақстан Республикасының Конституциясымен сабақтасып жатқандай. Міне, осылайша Отанымыздың түп қазығы – Ата Заңымыз мемлекетіміз бен халқымыздың тұрақты дамуына, экономикамыздың өркендеуіне, өркениетті ел ретінде танылуымызға кепіл болатынына сеніміміз мол. Сол үшін де оны ардақтап, құрметтеу – баршамыздың парызымыз.

<https://abai.kz/post/40464>

Бағалау критерийлері	№	Дескриптор:	Балл
Мәтіндегі көтерілген мәселелерді анықтау;	1	Мәтіндегі көтерілген мәселелерді анықтайды.	1
Талқылау сұрақтарын құрастыру;	2	Талқылау сұрақтарын құрастырады.	1
Берілген тірек сөздерді қолдану;	3	Берілген тірек сөздерді қолданады.	1
Барлығы			3

ҚБ. Өзін-өзі бағалау

2-тапсырма. Мағыналық байланысына қарай бөліктерге бөліп, ақпаратты дұрыс жүйелеп, логикалық түзетулер енгізіңіздер.

Азаттықтың алтын арқауы

Ата Заң – ата-бабалар армандаған азаттығынды айқындайтын, егемендігіңді паш ететін, Тәуелсіз ел екендігіңді танытатын, дербес мемлекеттігіңді көрсететін қастерлі құжат. Ата Заң – елдігіміздің тірегі, азаматтың арқа сүйер алтын арқауы. Сондықтан бүгінгі Ата Заң - кешегі Қасымның «Қасқа жолы», Есімнің «Ескі жолы», өз Тәукенің «Жеті жарғысының» жалғасы, заңды мұрагері. Тарихтың терең қойнауына үңілер болсақ, алғашқы Қазақ хандығы құрылғанда ата-бабалар дәстүрімен қатар, 1511 жылы 19-баптан тұратын Негізгі заң қабылданған. Оған қазақ «Қасым ханның қасқа жолы» деп ат қойып, айдар таққан болатын. Әлі де солай аталады. 1690 жылы Тәуке хан «Жеті жарғыны» қабылдады. Бұл Заң – жеті әдеттік құқықтық жүйеден тұратын қоғамдық қатынастарды реттейтін салалардың жиынтығы. «Жеті жарғыны» жасауға Ұлы даланың данагөй билері белсене атсалысыпты. Аты аңызға айналған атақты Төле би қайтыс болар алдында үш жүздің игі жақсыларын жинап алып: «Аттың құнын, ердің құнын, әйелдің құнын өз ақылымызбен шешкен жөн» деп кеңес берген екен. «Малға салсаң баспайтын, ұрсаң шаппайтын жабы бар да, қусаң жететін, қашсаң құтқаратын желден жүйрік тұлпар бар, екі адамның басы қосылса өсек айтатын әйел бар да, бір елге ана, пана болатын әйел бар. Шешім айтқанда осылардың аражігін ашып, екшеп барып, құн кесулеріңді өтінем», – деп аманаттапты артта қалып бара жатқан ел ағаларына. Ата Заң – ұлтаралық татулықтың алтын діңгегі. Бүкіл халықтың игілігін көздейтін Конституция қоғам мен биліктің тұрақтылығын қамтамасыз етіп қана қоймай, Қазақстанның әлем таныған мемлекетке айналуына оң ықпал етті. Еліміз зайырлы мемлекет. Ел басына күн туып, ер етігімен су кешкен қиын-қыстау замандарда киіз туырлықты қазақ ұлтын ұлт ретінде сақтап қалған бірлігі мен ынтымағы десек, артық айтқанымыз емес. Қазақстанның көпэтносты халқының татулығы, ынтымақтастығы, бейбітшілігі біздің еліміздің ең басты байлығы болып табылады. Оны көздің қарашығындай сақтауға тырысуымыз керекпіз.

Гаухар АЛДАМБЕРГЕНОВА,

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ректоры,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор

<https://egemen.kz/article/173643-azattyqtynh-altyn-arqauy>

Бағалау критерийлері	№	Дескриптор:	Балл
мәтіннің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін ажырату;	1	мәтіннің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін ажыратады.	1 1 1
ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеу;	2	ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелейді;	1
логикалық түзетулер енгізу.	3	логикалық түзетулер енгізеді.	1

Барлығы	5
---------	---

ҚБ. Өзара бағалау

3-тапсырма. Салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажыратыңыздар. Салалас құрмалас сөйлемдерді толықтырып жазыңыздар.

Мысалдар	Құрмалас сөйлемнің түрлері
Көшпелі халық тіршілігінде қабылданған заңдардың бірі - «Жеті Жарғы», алайда...	
Біздің Ата Заң 1995 жылғы 30 тамызда бүкілхалықтық референдум өткізу жолымен қабылданған, сондықтан...	
Конституция — мемлекетіміздің өркендеуіне қол жеткізген төлқұжат әрі ...	
Негізгі заңда мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары, неге десеңіз...	
Ата Заңымызды құрметтей білу барша қазақстандықтарға бірде үлкен сын...	

Бағалау критерийлері	№	Дескриптор:	Балл
Салалас құрмаластың қай түрі екенін анықтау;	1	Салалас құрмаластың қай түрі екенін анықтайды.	1
Салалас құрмалас сөйлемдерді толықтырып жазу;	2	Салалас құрмалас сөйлемдерді толықтырып жазады.	1
Барлығы			2

ҚБ. Педагогтің бағалауы

Пән: қазақ тілі

Сынып: 9

Тақырып: Отбасы – ұлт құндылығы

Оқу мақсаты:

9.1.3.1 тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра білу;

9.3.2.1 мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру;

9.4.4.2 салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану.

Сабақ мақсаты:

- тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра білу;

- мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру;

- салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану.

1-тапсырма. Тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстырып, «Classtime» платформасындағы сұрақтарға жауап беріңіздер. (Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» повесінен үзінді)

<https://youtu.be/EEgw3bS8EIY>

Бағалау критерийлері	№	Дескриптор:	Балл
«Classtime» платформасындағы сұрақтарға жауап беру;	1	«Classtime» платформасындағы сұрақтарға жауап береді;	1
мәтіндегі негізгі мәселені анықтау;	2	мәтіндегі негізгі мәселені анықтайды;	1
өмірмен байланыстыру;	3	өмірмен байланыстырады	1
дәлел келтіру.	4	дәлел келтіреді.	1
Барлығы			4


ҚБ. Өзін-өзі бағалау

2-тапсырма. Тыңдалым мәтініндегі негізгі ойды басшылыққа алып, мәтін (әңгіме, мақала, отбасылық ереже) құрастырыңыздар. Мәтінде ыңғайлас, қарсылықты, талғаулы салалас құрмалас сөйлем түрлерін қолданыңыздар. Білім алушылаға quickqr.art арқылы тапсырма беріледі.

1-топ: әңгіме



2-топ: мақала



3-топ: отбасылық ереже



Бағалау критерийлері	№	Дескриптор:	Балл
ұсынылған жанрға сәйкес мәтін құрастыру;	1	ұсынылған жанрға сәйкес мәтін құрастырады;	1
тыңдалым мәтініндегі негізгі мәселені басшылыққа алу;	2	тыңдалым мәтініндегі негізгі мәселені басшылыққа алады;	1

мәтін жанрына сәйкес ерекшеліктерді (құрылымын) сақтау;	3	мәтін жанрына сәйкес ерекшеліктерді (құрылымын) сақтайды;	1
салалас құрмалас сөйлем түрлерін қолдану.	4	салалас құрмалас сөйлем түрлерін қолданады.	1
Барлығы			4

ҚБ. Өзара бағалау

3-тапсырма. «РАФТ стратегиясы» бойынша ұстаздың, ананың, әкімнің т.б. рөліне еніп, «Отбасы күніне» орай халыққа арнау сөз жазыңыздар.

Рөл	Аудитория	Форма	Тақырып

Бағалау критерийлері	№	Дескриптор:	Балл
«РАФТ стратегиясы» бойынша ұстаздың, ананың, әкімнің т.б. рөліне ену;	1	«РАФТ стратегиясы» бойынша ұстаздың, ананың, әкімнің т.б. рөліне енеді;	1
«Отбасы күніне» орай халыққа арнау сөз жазу.	2	«Отбасы күніне» орай халыққа арнау сөз жазады.	1
Барлығы			2

ҚБ. Педагогтің бағалауы

Пән: қазақ тілі

Сынып: 9

Тақырып: Биотехнология саласындағы жаңалықтар

Оқу мақсаты:

9.2.4.1 әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау;

9.4.4.3 сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану.

Сабақ мақсаты:

- әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдайды;
- сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолданады.

1-тапсырма. Әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстырыңыздар.

А мәтіні

Қытай ғалымдары адам мүшелерін өсіріп шығарудың жаңа технологиясын сынақтан өткізіп, есту мүшелері кем балаларға көмектесті. Бұл зерттеу туралы «EBioMedicine» журналында жарияланған.

Пациенттер – микротия аруымен туған бес бала: олардың құлақ қалқаны дұрыс дамымаған немесе құлақ қалқаны мүлдем жоқ. Әдетте мұндай жағдай

құлақта жиі кездеседі. Ғалымдар пациенттердің сау құлағының пішінін негізге ала отырып, 3D-принтерлі төседе басып шығарып, оған пациенттің жасушаларын сеуіп тастаған. Жасушалар үш ай ішінде өсіп шыққан соң, құлақ қалқанын балаларға отырғызады.

Операциядан кейін екі жыл өткенде бес пациенттің төртеуінің отырғызылған құлақтарында шеміршек пайда бола бастады, ал үшеуінің құлақ қалқаны сау пішінге айналды, екі баланың құлағы біршама қисық болып қалады. Бірақ та мүшені қабылдамау бірде-бір балада байқалмады.

Адам мүшелерін өсіріп шығарудың бұл тәсілі айтарлықтай қымбат болғанымен, ғалымдар одан әрі дамытуды және оны қолданудың жаңа амал-тәсілдерін іздестіруді жоспарлап отыр. Олар: «Бұл жұмыс құлақ пен басқа да шеміршектен тұратын мүшелерді ұлпалық инженерия негізінде қайта қалпына келтіруге қатысты амалдардың өте жақын арада медициналық практикаға енетінін айқын дәлелдеді», - дейді.

Ә мәтіні

Әдетте денесі қатты күйген адамның терісін қалпына келтіру ұзақ уақытқа созылады. Оның үстіне жарақатты таңатын медициналық жабдықтарды жиі ауыстыру қажет. Емдеу процесінің ұзаққа созылатындығы да сондықтан. Жасанды тері арқылы осы қиындықтардан құтылуға болады. Ғалымдар ең әуелі жануарларға тәжірибе жүргізген.

Қасым Мұқанов, ҚР БҒМ Ұлттық биотехнология орталығы бас директорының орынбасары:

- Жасанды тері жасау бойынша жүргізілген медициналық зерттеу жұмыстары оң нәтиже көрсетті. Бірнеше клетканың жасанды штамдарын (ағзаның таза дақылы) алып, клиникалық сынақтан өткізіп, әрі қарай медициналық тәжірибеде қолдануға болады. Алғашқы тәжірибені сәтті өткізген орталық мамандары енді клиникалық сынаққа дайындалып жатыр. Бұл жолы сынақ адамның өзіне жүргізілуі мүмкін. Ол үшін ерікті донордан немесе науқастың тері жасушылары алынады. Содан кейін оны арнайы зертханада қажетінше үлкейтіп, күйік шалған немесе басқа жарақаттың үстіне жабыстырады. Бұл ең әуелі зақымданған терінің жылдам қалпына келуіне көмектеседі. Астыңғы жараның беті қатқаннан кейін он шақты күннің ішінде жасанды тері өздігінен түсіп қалады.

Ерлан Раманқұлов, ҚР БҒМ Ұлттық биотехнология орталығының бас директоры:


- Біз дені сау ересек адамдардың тері жасушаларымен жұмыс істейміз. Сол қарапайым жасушаларды керегінше түрлендіріп, қажетімізге жарататын боламыз. Жасанды теріні науқас адамдарға нақты қашан пайдалануға болады? Ол үшін ғалымдар екі жылдай уақыт керек екенін айтады. Осындай ғылыми жұмысты тоқтатпай жүргізу үшін биылғы жылға қаражат жеткілікті. Ал енді Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының талаптарына сәйкестендіру үшін келесі жылы қыруар қаржы керек.

1-мәтін	2-мәтін
Мәтіннің стилі	
Тақырыбы	
Қызметі	
Тілдік ерекшелігі мен құрылымы	

Бағалау критерийлері	№	Дескриптор:	Балл
мәтіндердің стилін анықтау;	1	мәтіндердің стилін анықтайды;	1
мәтіндерге тақырып қою;	2	мәтіндерге тақырып қояды;	1
мәтіндердің қызметін салыстыру;	3	мәтіндердің қызметін салыстырады;	1
тілдік ерекшелігі мен құрылымын сақтау.	4	тілдік ерекшелігі мен құрылымын сақтайды.	1
Барлығы			5

ҚБ. Өзін-өзі бағалау

2-тапсырма. Қарсылықты бағыныңқы сабақтас құрмаластарды толықтырып жазыңыздар. Өздеріңіз де тақырыпқа қатысты бірнеше сөйлем құрастырыңыздар. Білім алушылар Галосағат арқылы тапсырманы тындап, орындайды.



1. Жапония жаңа биотехнологиялық әдістерді қолдану жағынан әлемде алдыңғы қатарда болса да,
2. Гендік модификацияланған өнімдердің зияны жоқ десек те,
3. Әлемде трансгендік өнімдер туралы неше түрлі пікір айтылып жүргенімен,
4. Бұл өнімдер жылдан жылға көбеймесе,
5. Ғалымдар бұны халықты азық-түлікпен қамтамасыз етудің негізгі жолы деп санағанымен,

Бағалау критерийлері	№	Дескриптор:	Балл
сабақтас құрмалас сөйлемдерді білу;	1	сабақтас құрмалас сөйлемдерді біледі;	1
қарсылықты сабақтас құрмалас сөйлемдерді толықтырып жазу;	2	қарсылықты сабақтас құрмалас сөйлемдерді толықтырып жазады;	1
тақырыпқа қатысты бірнеше сөйлем құрастыру.		тақырыпқа қатысты бірнеше сөйлем құрастырады.	1
Барлығы			3

ҚБ. Педагогтің бағалауы

3-тапсырма. Оқылым мәтіндеріндегі қозғалған мәселеге көзқарастарыңды білдіріп, сыныптастарыңмен пікірталастырыңыздар.

Бағалау критерийлері	№	Дескриптор:	Балл
оқылым мәтіндеріндегі қозғалған мәселеге көзқарастарыңды білдіру;	1	оқылым мәтіндеріндегі қозғалған мәселеге көзқарастарыңды білдіреді;	1
сыныптастарымен пікірталастыру.	2	сыныптастарымен пікірталастырады.	1
Барлығы			2

ҚБ. Өзара бағалау

Тоқсан: 4

Пән: қазақ тілі

Сынып: 9

Тақырып: Бейбітшілікті аңсаған әлем елдері

Оқу мақсаты:

9.2.6.1 белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын тиімді қолдана білу;

9.4.4.4 аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, қолдану.

Сабақ мақсаты:

- белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын тиімді қолдана біледі;
- аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын біледі, қолданады.

1-тапсырма. Оқылым мәтінін оқып шығыңыздар. «Зерделік оқылым» стратегиясы бойынша оқылым мәтінінің оқиға картасын толтырыңыздар.

Қазіргі таңда Сирия еліндегі жағдай ушығып барады. Скрипаль оқиғасына байланысты мәселе сәл басыла бергенде, Сирияның Дамаск маңындағы Дума қаласында хлор толтырылған бомба жарылып, ондаған адам мерт болғаны туралы ақпарат сол сәтте-ақ бүкіл әлемді шарлап кетті. Құрбан болғандардың дені балалар екен. Батыс елдері мен Сирия оппозициясы бұл қайғылы жағдайды президент Башар Асад әскерінен көреді, сондай-ақ олар бұған Ресейдің де қатысы бар деп санайды. Осы жағдайға байланысты геосаяси жағдайдың ушығып бара жатқанын, ол алаңдаушылық туғызбай қоймайтынын атап өткен В.Путин: «Бәрібір түбінде парасаттылық үстемдік құрады. Халықаралық

қатынастар өзінің үйлесімді арнасына түседі және әлемдік жүйе бұрынғыдан да тұрақты әрі болжауға болатындай қалыпқа келеді деп үміттенеміз», - деді. Осы «химиялық шабуыл» мәселесі сейсенбіде БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде де сөз болды. Кеңес отырысында Ресей де, АҚШ-та Сирияға қатысты өз алдарына жеке-жеке қарар жобасын ұсынған еді. Екі жоба да қабылданбады. Ең дұрысы осы болды. Себебі бұл «химиялық шабуыл» тыңғылықты зерттеуді, жан-жақты талдауды қажет етеді...

Мәтін кейіпкері	Қалыптасқан жағдай	Көзқарастар	Талқылау сұрақтары
Мәселені шешудің әлемдік ұйымдар ұсынған жолдары	Сенің ұсыныстарың		

Бағалау критерийлері	№	Дескриптор:	Балл
мәтін кейіпкерін анықтау;	1	мәтін кейіпкерін анықтайды;	1
мәтіндегі қалыптасқан жағдай мен көзқарастарды ажырату;	2	мәтіндегі қалыптасқан жағдай мен көзқарастарды ажыратады;	1
мәтін бойынша талқылау сұрақтарын құрастыру;	3	мәтін бойынша талқылау сұрақтарын құрастырады;	1
мәселені шешудің әлемдік ұйымдар ұсынған жолдарын анықтау;	4	мәселені шешудің әлемдік ұйымдар ұсынған жолдарын анықтайды;	1
өз ұсынысын білдіру.	5	өз ұсынысын білдіреді.	1
Барлығы			5

ҚБ. Өзін-өзі бағалау

2-тапсырма. «Ойлан, жұптас, талқыла» әдісі арқылы берілген жай сөйлемдерден аралас құрмалас сөйлемдер жасап, жасалу жолын көрсетіңіздер. Сызбаға сүйеніңіздер.

Сириядағы жағдай ушығып барады. Дамаск маңында бомба жарылды. Ондаған адам мерт болды. Бұл хабар сол сәтте-ақ бүкіл әлемді шарлап кетті.

Қазақстан Сириядағы жағдайға алаңдаушылық білдірді. Халықаралық құқық пен заңды қатаң сақтауға шақырды. Еліміздің БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіндегі тұрақты өкілі мәлімдеме жасады.

Сирия – тарихи ескерткіштерге аса бай мемлекет. Соғыс басталғалы 300-дей көне ескерткіш қиратылыпты. Қалған құнды жәдігерлердің сақталуына ешкім кепілдік бере алмайды.

Бағыныңқы	→	басыңқы	→	бағыныңқы	→	басыңқы.
-----------	---	---------	---	-----------	---	----------

Басыңқы	→	бағыныңқы	→	бағыныңқы	→	басыңқы.
---------	---	-----------	---	-----------	---	----------

Бағыныңқы	→	басыңқы	→	басыңқы.
-----------	---	---------	---	----------

Басыңқы	→	бағыныңқы	→	басыңқы.
---------	---	-----------	---	----------

Бағалау критерийлері	№	Дескриптор:	Балл
жай сөйлемдерден аралас құрмалас сөйлемдер жасау;	1	жай сөйлемдерден аралас құрмалас сөйлемдер жасайды;	1
жасалу жолын көрсету;	2	жасалу жолын көрсетеді;	1
сызбаға сүйену.	3	сызбаға сүйенеді.	1
Барлығы			3

ҚБ. Өзара бағалау

3-тапсырма. «Қара алтын бақ емес, сор болды» деген сөйлемнің мағынасын қалай түсінесіз? Ойыңызбен бөлісіп, дәлелдер келтіріңіз. Білім алушылар ЖИ DI-ID арқылы жасалған видеоны толық тыңдап, тапсырманы орындайды.

Бағалау критерийлері	№	Дескриптор:	Балл
«Қара алтын бақ емес, сор болды» деген сөйлемнің мағынасын ашу;	1	«Қара алтын бақ емес, сор болды» деген сөйлемнің мағынасын ашады;	1
ойымен бөлісіп, дәлелдер келтіру.	2	ойымен бөлісіп, дәлелдер келтіреді.	1
Барлығы			2

ҚБ. Педагогтың бағалауы

Пән: қазақ тілі

Сынып: 9

Тақырып: Баламалы ресурс көздері: бүгін мен ертеңі

Оқу мақсаты:

9.3.6.1 жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық түзетулер енгізу, редакциялау;

9.4.5.1 құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін (даралаушы, ерекшелеуші, ойдың аражігін ажырататын) ережеге сай қолдану.

Сабақ мақсаты:

- жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөледі, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелейді, логикалық түзетулер енгізеді, редакциялайды;

- құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін (даралаушы, ерекшелеуші, ойдың аражігін ажырататын) ережеге сай қолданады.

1-тапсырма. Мәтінді мұқият оқыңыздар. Мағыналық байланысына қарай бөліктерге бөліп, ақпаратты дұрыс жүйелеп, логикалық түзетулер енгізіңіздер.

Бүгінде елімізде баламалы энергия көздерін игеруге деген ұмтылыс көңіл қуантады. Оны кейбіреулер жерасты кен қазбалары көлемінің азаюымен байланыстырып жүр. Негізінде, мүлде олай емес. Жер қойнауы табиғи

қазбаларға бай болғандықтан, елімізде энергия тапшылығы айтарлықтай байқалмайды. Дегенмен қоршаған ортаны таза сақтап, жаңартылмайтын энергия көздерінің мол қорын келер ұрпаққа аманаттап қалдыру – басты міндетіміз.

Жаңартылған және баламалы энергия көздерінің өндіруге әлеуетіміз мол. Ендеше, неге бізге экологиялық тұрғыдан тиімді, залалсыз істі қолға алмасқа? Осы орайда Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясында «Көмірсутегі шикізатының нарығында ірі ойыншы болып қала отырып, біз энергияның баламалы түрлерін өндіруді дамытуға, Күн мен желдің энергиясын пайдаланатын технологияларды белсенді енгізуге тиіспіз. Бұл үшін бізде барлық мүмкіндік бар. 2050 жылға қарай елде энергияның баламалы және жаңғыртылатын түрлерін пайдалану барлық энергия тұтынудың тең жартысын құрауға тиіс» деп алдымызға асқаралы міндет те қойды. Олай болса, «осы бағытта елімізде қандай жобалар жүзеге асырылуда?» деген сауалға жауап іздеп көрейік.

Баламалы энергия көзін табу, ең алдымен, әлемдегі барған сайын күрделіленіп бара жатқан экологиялық апат қаупін азайтуға бағытталған игі іс болмақ. Олай етпеген күнде көмірсутегі шикізатын көптеп пайдалану ауаны лаптап, қоршаған ортаның тепе-теңдігін бұзады. Жаһандық жылыну үрдісінде көмірсутегі шикізатынан шығатын зиянды қалдықтардың әсері мол. Ғалымдардың болжамынша, осы жүзжылдықтың соңына таман ауаның температурасы 6,4 градусқа жылынып, әлемдік мұхиттардың деңгейі 58 сантиметрге көтеріледі екен. Қазірдің өзінде құрлықтарды басып жатқан топан су соның салдары десек, қателеспейміз. Сондықтан әлем сарапшылары энергетикалық қуат шикізаттарына балама табу мәселесін күн тәртібіне қойып отыр.

Еліміздің баламалы энергия көздерін дамытудың «жасыл» жолына көшуіне елордада өткен «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі қуатты серпіліс берді. Қазақстан бұл істе алғашқы болып бастама көтеріп, энергияның баламалы түрлеріне көшуді, табиғатқа да, адамзатқа да залалсыз баламалы қуат көздерін дамытуды насихаттап, елімізде жасалып жатқан сол бағыттағы жаңа технологияларды ұсынды.

Көрмеге келушілер «жасыл экономиканың» жетістіктерін өз көздерімен көрді. Әлемдік деңгейдегі баламалы энергияның өндіріс жолдарының жай-күйіне де қанықты. Аталған шарадан Күннен, желден, судан электр қуатын өндіруде тың идея, соны жаңалықтар көптеп күтілуде. Оның қатарына қоғамдық көліктерге қолданылатын экологиялық таза отын, электрокөліктердің іске қосылуы жатады. Әсіресе, оңтүстік өңірлердің климаттық жағдайы Күн қуатын пайдалануға қолайлы: жылына 2,5 миллиард киловатт-сағат Күн энергиясын өндірудің мүмкіндігі бар. Бұл – отандық ғалымдардың жаңа жобаларды жүзеге асыруға жетелеп отыр.

Бағалау критерийлері	№	Дескриптор:	Балл
мәтіннің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін ажырату;	1	мәтіннің кіріспе,	1
		негізгі,	1
		қорытынды бөлімдерін ажыратады;	1

ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеу;	2	ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелейді;	1
логикалық түзетулер енгізу.	3	логикалық түзетулер енгізеді.	1
Барлығы			5

ҚБ. Өзара бағалау

2-тапсырма. Берілген үзіндіден орфографиялық, пунктуациялық қателерді тауып, мәтінді редакциялаңыз.

Болашақ энергиясы

Энергия бұл адамзат тіршілігінің дамуына жағдай жасаушы және ынталандырушы бірден-бір табиғи қайнар көз. Қоғамның энергия көздеріне қол жеткізуі оның әлеуметтік, экономикалық және экологиялық тұрақты дамуының аспектілерін анықтайды. Технология саласындағы әртүрлі қуат көздерін оңтайландырумен байланысты ғылыми зерттеулер мен жетістіктер қоғамдастықтардың функционалды тәсілдерін анықтап, энергетиканың тұрақты даму болашағын қалыптастырады.

Астанада «Болашақтың энергиясы» тақырыбымен өткен «ЭКСПО-2017» көрмесі кең ауқымды және барлығын қамтушы жоба ретінде ойластырылды.

Болашақ энергиясы қазіргі заманның келелі мәселелеріне және болашақтағы шешімдерді болжауға қатысты міндеттерді шешуге бағытталған, ойлануға нәр беретін ауқымы кең тақырып болып отыр.

Бағалау критерийлері	№	Дескриптор:	Балл
үзіндіден орфографиялық, пунктуациялық қателерді анықтау;	1	үзіндіден орфографиялық, пунктуациялық қателерді анықтайды;	1 1
мәтінді қайта өңдеп жазу.	2	мәтінді қайта өңдеп жазады.	1
Барлығы			2

ҚБ. Педагогтің бағалауы

3-тапсырма. Сөйлемдердің құрмаластың қай түрі екенін анықтап, тыныс белгілерінің қойылуын түсіндіріңіздер.

Білім алушылар <https://www.gimkit.com/kits> gimkit.com платформасы арқылы тапсырманы орындайды.

Мысалдар	Құрмалас сөйлемнің түрлері
Еліміз пайдалы қазбалардың аса бай қорына ие: жер қойнауынан Менделеев кестесіндегі 109 элементтің 99-ы ашылды.	
Қазақстан су ресурсына онша бай емес, себебі өзендердің жартысына жуығы көрші елдерден	

келсе, ал кей өзендер сортаңдар мен құмдарға сіңіп, ізін жоғалтады.	
Әлемнің көптеген елі бірлесе әрекет етсе, экологиялық мәселелер шешіледі.	
Көмір мен мұнайдың ірі кеніштері табылып, еліміз қазбалы отын қорлары жөнінен Кеңес Одағында екінші орынға шықты.	
Көрмеге келушілер «жасыл экономиканың» жетістіктерін өз көздерімен көрді, баламалы энергияның өндіріс жолдарының жай-күйіне де қанықты.	

Бағалау критерийлері	№	Дескриптор:	Балл
сөйлемдердің құрмаластың қай түрі екенін анықтау;	1	сөйлемдердің құрмаластың қай түрі екенін анықтайды;	1
тыныс белгілерінің қойылуын түсіндіру.	2	тыныс белгілерінің қойылуын түсіндіреді.	1
Барлығы			2

ҚБ. Өзін-өзі бағалау

«Жаһандану мәселелері. Стилистика» бөлімі бойынша жиынтық бағалау
Оқу мақсаты:

9.1.4.1 мәтіннің мақсаты арқылы негізгі ойды анықтау;

9.2.1.1 тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, сурет) мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу.

Бағалау критерийі:

Білім алушы

✓ мәтіннің мақсаты арқылы негізгі ойды анықтайды.

✓ сурет (инфографика) мәтіндердегі мәліметтерді салыстырады, өңдейді.

Ойлау дағдысының деңгейлері: Қолдану

Орындау уақыты: 15 – 20 минут


1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыз. Мәтіннің мақсатын анықтаңыз. Негізгі ойды табыңыз.

Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күнін - 1996 жылдан бастап жыл сайын 23 сәуірде атап өтеді. Бұл күн 1995 жылы 15 қарашада ЮНЕСКО-ның 28-сессиясындағы 3.18 қаулысында ресми түрде белгіленді.

Шешім мәдени дәстүрлерді ағарту және дамыту мақсатында, сонымен қатар кітаптар білімді таратудың маңызды құралы және оны сақтаудың ең сенімді әдісі екенін ескере отырып қабылданды. Қарарда осы күнгі кітап көрмелері мен жәрмеңкелерінің тиімділігі айтылған. Бұл күні әлемнің түкпір-түкпірінде әртүрлі кітап көрмелері мен жәрмеңкелері, акциялар, конкурстар өтеді.

<https://massaget.kz/kitap/23-saur-duniejuzlk-ktap-jane-avtorlyik-kukyik-kun-64971/>

2-тапсырма. Берілген суреттердегі тірек сөздерді негізге алып, ортақ мәселені анықтаңыз. Шешу жолдарын ұсынып, өз ойыңызды тұжырымдап жазыңыз. Мәліметтерді салыстырыңыз. (5-6 сөйлем)

[illegible]

<https://halyqline.kz/masele/qajtsek-kitap-oqityn-ultqa-ajnalamyz/>

Бағалау критерийлері	№	Дескриптор	Балл
Мәтіннің мақсаты арқылы негізгі ойды анықтайды.	1	Мәтіннің мақсатын анықтайды.	1
		Мәтіндегі негізгі ойды табады.	1
		Ойға өз көзқарасын білдіреді.	1
Сурет (инфографика) мәтіндердегі мәліметтерді салыстырады, өңдейді.	2	Берілген суреттерден ортақ мәселені табады.	1
		Мәселені шешу жолын ұсынады.	1

	Ойын тұжырымдайды.	1
	Мәліметтерді салыстырады.	1
Барлығы		7

Тақырып: «Адам құқығы мен бостандығы. Синтаксис» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқу мақсаты:	9.2.4.1 әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау; 9.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе);
Бағалау критерийі:	<i>Білім алушы</i> ✓ әр түрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшеліктерін салыстырады, талдайды. ✓ эссе құрылымын сақтап, көтерілген мәселе бойынша жағдаятты талқылап, өз ойын дәлелдеп жазады.
Ойлау дағдысының деңгейлері:	Жоғары деңгей дағдылары
Орындау уақыты:	15-20 минут

1-тапсырма. Мәтіндерді оқыңыз. Тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстырыңыз.

А мәтіні

(«Ақжелкен» журналының тілшісі Балжан Мұратқызы мен Алматы қаласы бойынша Балалар құқықтары жөніндегі уәкіл Халида Әжіғұловамен сұхбаттан үзінді)

– *Бала құқығы туралы көп айтылған сайын, қоғамда балаға деген зәбір көбейе түсті. Бұл заңды белден таптау ма, әлде заңдық тұрғыдан сауатсыздық па?*

– Қазақстанда балаларға қатысты зорлық-зомбылық жағдайы бұрыннан өткір мәселе. 2017 жылы БҰҰ-ның ЮНИСЕФ Балалар қоры зерттеуін жариялады. Сонда қазақстандық балалар өте ерте жастан бастап отбасы мен оқу орындарында жүйелі түрде физикалық және психологиялық зорлық-зомбылыққа ұшырайтыны анықталды: балалардың 62%-дан 79%-ға дейінгі тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шегеді, ал мектеп білім алушыларының 66%-ы мектептерде зорлық-зомбылыққа ұшырайды.

Зорлық-зомбылықтың және жалпы алғанда, балаларға қатысты зорлық-зомбылыққа төзімділіктің артуына өзара байланысты бірнеше себеп бар. Біріншіден, азаматтарымыздың едәуір бөлігі балаларды қоғамның тең құқылы мүшесі ретінде қарастырмайды. Агрессивті ата-аналар балаларды меншігі деп қателеседі, сондықтан олар балаларды ұрып-соғуға, мазақ етуге, айғайлауға және басқа да зорлық-зомбылық жасауға құқылы. Бірақ олай емес. Ешкімнің балаларды ұрып-соғуға немесе басқа да зорлық-зомбылық жасауға құқығы жоқ.

Өзара байланысты екінші себеп – зорлық-зомбылықты тоқтату үшін басқалардың тарапынан реакция жоқтығы. Өйткені біз үнсіз отырғанда, агрессор балаларды мазақ етуге болады деп есептейді. Сондықтан кез келген жағдайда балаға қатысты зорлық-зомбылық көрген кезде видео немесе фото түсіруге тырысыңыз, полицияға хабарлауды ұмытпаңыз. Егер сіз агрессордың қасында болсаңыз, ата-анаңызға немесе басқа ересек адамға зорлық-зомбылықты тоқтатуды айтудан қорықпаңыз және «полиция шақырамын» деп қорқытыңыз. Есіңізде болсын, агрессорлар қорқақ, олар тек күштілерден қорқады. Олар міндетті түрде полиция мен соттың жазасынан ығады. Сондай-ақ агрессорлар мен зорлаушылар қоғамдық айыптаудан қорқады, сондықтан балаларды қорлаудың барлық фактілерін жария ету маңызды.

<https://aqzhelken.kazgazeta.kz/news/34485>

Ә мәтіні

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы (№345 08.08.2002ж.)

8-бап. Баланың денсаулық сақтауға құқығы

1. Әрбір баланың денсаулық сақтауға бұлжымас құқығы бар.

10-бап. Баланың өмір сүруге, жеке басының бостандығына, қадір-қасиетіне және жеке өміріне қол сұғылмауға құқығы

1. Әрбір баланың өмір сүруге, жеке басының бостандығына, қадір-қасиетіне және жеке өміріне қол сұғылмауға құқығы бар.

2. Мемлекет баланың жеке басына ешкімнің тиіспеуін қамтамасыз етеді, оны физикалық және (немесе) психикалық күш көрсетуден, адамның қадір-қасиетіне қатыгездікпен, дөрекілікпен қараудан немесе оны қорлаудан, баланы жәбірлеуден (буллингтен), баланы қылмыстық іс-әрекетке және қоғамға жат әрекеттер жасауға тартудан, және оны адам мен азаматтың Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген құқықтары мен бостандығына қысым жасаудың өзге де түрлерінен қорғауды жүзеге асырады.

20-бап. Баланың міндеттері

Әрбір бала Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандығын, ар-ожданы мен қадір-қасиетін, Республиканың мемлекеттік нышандарын құрметтеуге, еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға, тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қам-қарекет жасауға, тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтауға, табиғатты сақтауға және табиғи байлықтарға ұқыпты қарауға міндетті.

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы (№345 08.08.2002ж.)

Екі мәтіннің ұқсастықтары мен айырмашылықтары		
А мәтіні	Мәтіннің тақырыбы	Ә мәтіні
Мәтіндердің қызметі		
Мәтіндердің құрылымы		
Мәтіндердің тілдік ерекшеліктері		
Мәтіндердің ұқсастығы		

2-тапсырма. Эссе құрылымын сақтап, мәтіндерде көтерілген мәселе бойынша жағдаятты талқылап, ойыңызды дәлелдеп жазыңыз.

Бағалау критерийлері	№	Дескриптор	Балл
Әр түрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерешеліктерін салыстырады, талдайды.	1	Берілген мәтіндердің тақырыбын анықтайды.	2
	2	Мәтіндердің қызметін салыстырады.	2
	3	Мәтіндердің құрылымын талдайды.	2
	4	Мәтіндердің тілдік ерекшеліктерін айқындайды.	2
Эссе құрылымын сақтап, көтерілген мәселе бойынша жағдаятты талқылап, өз ойын дәлелдеп жазады	5	Эссе құрылымын сақтайды.	2
	6	Көтерілген мәселе бойынша жағдаятты талқылайды.	2
	7	Ойын дәлелдеп жазады.	2
Барлығы			14 балл

Тақырып: «Әлемдегі қақтығыстар және бейбітшілік» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Сынып: 9

Оқу мақсаты

9.1.2.1 Қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми тақырыптарға байланысты әртүрлі жанрдағы кең көлемді мәтіндердегі (дәріс, интервью) мақсатты аудитория мен

көркемдегіш құралдардың рөлін талдау;

9.4.4.4 Аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, қолдану.

Бағалау критерийі *Білім алушы*

✓ мәтіндердің мақсатты аудиториясы мен көркемдегіш құралдардың қызметін түсіндіреді;

✓ аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын біледі, дұрыс қолданады.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану

Орындау уақыты: 20 минут

Тапсырма. Мәтінді тыңдаңыз.

Кез келген елдің тілегі де, арманы да халқының бейбітшілігі мен бірлігін сақтау екені сөзсіз. Өйткені, бейбіт өмір – бақыт, береке, бірлік әкелумен қатар болашаққа өрлеу мен өркендеуге жол ашады. Дана халқымыз «Байлық байлық емес, бірлік – байлық» деп бекер айтпаса керек. Бұқара халық әрдайым тыныштықта, мәңгілік бейбіт өмір сүруді армандайды. Ал, ұрпағының амандығы – келешегінің кемелдігін білдіреді. Өткен тарихқа көз салсақ, адамзат небір сұрапыл соғыстардан көз ашпады. Қаншама елдер соғыс зардабынан құлдырап, азып-тозды. Талай жазықсыз жандар сол зұлматтың зардабын шекті. Мұның барлығы бейбітшілік кеткен жерді берекесіздік жайлайтындығын тайға таңба басқандай етіп анық көрсетуде. Бірлікті сақтау, соғыс отын тұтатпау, бейбітшілік үшін күресу – қазіргі ХХІ ғасырдың да ең өзекті мәселелерінің бірі деп айтуға

болады. Сауатты да саналы, парасатты елдің ұрпағы өткеніне көз жіберіп, ата-бабасының жолынан сабақ алары ақиқат. Сонысымен тарихын бағамдап, келешегін кемелдей түседі. Біз де өткенімізге үңіле қарайықшы. Қазақ халқы да тағдырдың талай қатал сынын басынан кешті. Салдарынан жер бетінде ұлт ретінде жойылып кету қаупі әлсін-әлсін қайталанды. Әйтседе, «мың өліп, мың тірілген» бабаларымыз бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаруының нәтижесінде бүгінгі бейбіт аспанға қол жеткізді. Халқының қамын жеген Әлихан Бөкейханов: «Қазақ баласы бірігіп, тізе қосып іс қылса – халықтық мақсат сонда орындалады». Бостандыққа апаратын жалғыз жол – ұлттық ынтымақ қана» – деп ынтымақ-бірлікке үндеген. Ал, ынтымақ-бірлікке апаратын жол - халықтың өзара тату болуы. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының: «Қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің егемендігі мен тәуелсіздігі үшін күресіп келді. Өзінің ең жақсы қасиеттерінің: қатер төнген сәтте бірігіп, ұйымдаса білуінің, сондай-ақ басқа халықтармен бейбітшілік, келісім мен тату көршілік жағдайында тұруға деген ынта-ықыласының арқасында ол тарих тасқынының астында қалып қоймай, өзінің мемлекеттігін қалпына келтіре алды», – деген сөзі кешегі мен бүгінгі тарихымызды ұштастырып тұр. (264 сөз)

<https://www.sarangazeti.kz/kz/zhanaly-tar/3241-spetsialnoe-mobilnoe-prilozhenie-e-salyq-business-i-pilotnyj-proekt-po-elektronnoj-torgovle-4.html>

1-тапсырма. а) Мәтіндегі тірек сөздерді анықтаңыз.

ә) Мәтін кімдерге арналып айтылған? Аудиториясы кімдер?

б) Мәтіннен көркемдегіш құралдарды теріп жазыңыз.

Эпитет _____

Тұрақты тіркестер

Дәйек сөздер

2-тапсырма. Мәтіндегі асты сызылған құрмалас сөйлемді аралас құрмалас сөйлемге айналдырыңыз және сызба түрінде көрсетіңіз.

3-тапсырма. Үлгіге сәйкес берілген аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын түсіндіріңіз.

№	Аралас құрмалас сөйлем	Сызбасы
1	Ағынның күштілігіне көз тұнып, бас айналды, қандай терең болғанмен, су түбіндегі жүзген балық, жатқан құм – бәрі алақандағыдай анық көрініп тұр.	
2	Қырық бесінші жылы соғыс аяқталып, жұрт мәресәре болды, ел қайтадан бұрынғы қалпына келе бастады.	
3	Қазақстан тарихта алғаш рет Орталық Азия елдерінен суырылып шығып, БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты емес мүшесі болды, келер жылдан бастап еліміз аталған беделді ұйымға төрағалық етеді.	
4	Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Белорусия, Украина бірігіп, әлемдегі қақтығыстар мен соғыстарды болдырмаудың жолдарын талқылады, бейбітшілікке шақыратын үндеу қабылдады.	

Бағалау критерийі	Тапсырма	Дескриптор	Балл
Қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми тақырыптарға байланысты әртүрлі жанрдағы кең көлемді мәтіндердегі (дәріс, интервью) мақсатты аудитория мен көркемдегіш құралдардың рөлін талдау;	1	Мәтіндегі тірек сөздерді анықтайды;	1
		мәтіннің мақсатты аудиториясын анықтайды;	1
		мәтіннен көркемдегіш құралдарды теріп жазады;	1 1
		мәтіндегі асты сызылған құрмалас сөйлемді аралас құрмалас сөйлемге айналдырады, сызбасын көрсетеді;	1 1
		аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын ажыратады; сызбамен түсіндіреді:	
Аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын ажырату.	2	1-сөйлем;	1
		2-сөйлем;	1
		3-сөйлем;	1

		4-сөйлем.	1
Барлығы – 10 балл			

Тақырып: «Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану. Пунктуация» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Сынып:

Оқу мақсаты: 9.2.5.1 Мәтінде көтерілген мәселеге оқырманның қарым-қатынасын анықтауға арналған талқылау сұрақтарын құрастыру;

9.3.2.1 Мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру;

Тапсырма. Мәтінді мұқият тыңдаңыз.

Баламалы энергия көзі – болашақтың кілті

Қазіргі қоғамда «жасыл» экономика деген термин пайда болды. «Жасыл» экономика қазіргі уақытта сарқылуға ұшыраған (пайдалы қазбалар – мұнай, газ) ресурстарды үнемді тұтынуға және сарқылмайтын ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталған. Балама энергия көздерінің халыққа тигізер пайдасы – орасан. Өйткені, қазіргі таңда ғаламшарымызда кен байыту өнеркәсіп орындары мен басқа да шаруашылық құрылымдар жер қыртысының пайдалы қазбаларын мөлшерден көп тұтынуда. Соның салдарынан пайдалы қазбалардың қоры жылдан-жылға сарқылуда. Атап айтсақ, дүниежүзі халықтары өзінің қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында орасан зор энергия тұтынуда, бұл энергия тапшылығына әкеп соғады. Энергия тапшылығын жою үшін баламалы энергия көздерін пайдалану өте маңызды. Балама энергия көздері бірінші кезекте, қазіргі уақытта сарқылуға ұшыраған (пайдалы қазбалар – мұнай, газ, көмір) ресурстарды үнемді тұтынуға және сарқылмайтын ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталған.

Бүгінде пайдалы қазбалардың қорының азаюы, экологиялық мәселелердің ушығуы, дүниежүзілік энергия тапшылығы және халықтың экономикалық, әлеуметтік жағдайдың тұрақсыздығы үрдістері ұлғаю үстінде. Аталған мәселелердің алдын алу және болдырмаудың бірден-бір жолы – «Жасыл» экономика және балама энергия көздерін айқындап, олардың қорларын тиімді пайдалану. Экономиканы жүзеге асыру мақсатында заңнамаларымызға енгізілген өзгерістер жаңартылатын энергия көздерін пайдаланушы энергия өндіруші компанияларды қолдауға, экологиялық таза көлік құралдары өндірісін ынталандыруға, сонымен қатар, су ресурстарының бөлінісі арқылы қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға, қоршаған ортаны қорғау саласындағы проблемалы салаларды жетілдіруге және реттеуге бағытталған. Бұл, сәйкесінше, экономиканың түрлі салаларының дамуына оң әсерін тигізеді.

<https://qazdauiri.kz/news/balamaly-energiya-kozi-bolasaqtyyn-kilti> (201 сөз)

1-тапсырма. Оқырманның қарым-қатынасын анықтау үшін талқылау сұрақтарын құрастырыңыз.

Сұрақ түрлері	Шарты	Білім алушы сұрағы
Нақты сұрақтар	Мәтін мазмұнында бар фактілер арқылы жауап беруге болады.	
Тұжырым сұрақтар	Мәтіннің нақты бір бөлігіне интерпретация немесе талдау жасау арқылы жауап беріледі.	
Пікір таластырушы сұрақтар	Бұл мәтін идеясы негізіндегі ашық сұрақтар.	

2-тапсырма. «РАФТ стратегиясы» арқылы әртүрлі жанрда мәтіндер құрастырып, кестені толтырыңыз.

«РАФТ стратегиясы»		Білім алушы жауабы
Рөл	Су, өсімдік әлемі, күн, жел	
Аудитория	Адамзат, білім алушылар, педагог, газет оқырмандары	
Форма	Хат, өтініш, мақала, жолдау	
Тақырып	«Баламалы энергия – болашақтың энергиясы» мәтінін оқығаннан кейін туған ойлар...; Экология мәселесі...	

Бағалау критерийі	Тапсырма	Дескриптор	Балл
Мәтінде көтерілген мәселеге оқырманның қарым-қатынасын анықтауға арналған талқылау сұрақтарын құрастыру;	1	1. Нақты сұрақтар	2
		2. Тұжырым сұрақтар	2
		3. Пікір таластырушы сұрақтар	2
Мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру.	2	«РАФТ стратегиясы» арқылы рөлге енеді;	1
		оқырмандарды өсімдіктер мен жануарлар әлемін қорғауға ынталандырып, мәтін құрастырады;	1

		мәтіннің жанрын сақтайды;	1
		тақырыпты ашады.	1
Барлығы – 10 балл			

Пәні: Қазақ әдебиеті

Сынып: 5

Тақырып: Б.Соқпақбаев «Менің атым Қожа» повесінен үзінді.

Оқу мақсаты:

5.1.3.1.Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу

Сабақ мақсаты:

Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекетін анықтайды, іс-әрекеті арқылы образын ашады

1-тапсырма

- Хикаятты қаншалықты меңгердіңдер, кейіпкерлер қандай әсер қалдырды, қандай ой түйдіңдер?



«Сезімді ояту» әдісі

Сезімді ояту		
Елестету	Қожаны қандай бала деп елестетесің?	
Сүйсіну	Қожаның қандай қылығына сүйсіндің?	
Жек көру	Қожаның қандай әрекеті ұнамады?	
Жаны ашу	Повестің қай жерінде Қожаға деген аяушылық сезімің пайда болды?	
Өкініш	Өкініш сезімі пайда болды ма , қашан?	
Таңдану	Таңғалып риза болған сәтің ше?	

Дескриптор:

- Қожа бейнесін елестету арқылы сипаттайды;
- Кейіпкердің өзіне ұнаған қасиетіне сүйсінеді;
- Қожаның ұнамаған қасиетін талдайды;
- Кейіпкерге жаны аяушылық сезімін білдіреді;
- Қожа іс-әрекетіне байланысты өкініш сезімін білдіреді;
- Кейіпкердің іс-әрекетіне таңданады.

2-тапсырма

«Кейіпкерді таны» әдісі



Екі білім алушы тақтаға шығып, "Learningapps" платформасын пайдалана отырып, берілген қасиеттер мен іс-әрекеттердің қай кейіпкерге тән екенін табады

Дескриптор:

- кейіпкердің қасиеттері мен іс-әрекеттерін сипаттайды

- сипатталған қасиеттер мен іс-әрекеттер қай кейіпкерге тән екенін анықтайды.

<https://learningapps.org/display?v=pki9u22rt25>



3-тапсырма

«Ой талқы» әдісі

I топ жақтаушы топ:

Қожаның ісі дұрыс деп ойын дәлелдейді

“Жақсы бала жеткізеді мұратқа...”

II топ даттаушы топ :

Қожаның ісі дұрыс емес деп өз ойларын дәлелдейді

“Тентек бүлдіреді, ата-анасын күйдіреді”

Бағалау. «Смайликтер арқылы»

Дескриптор:

- Қожаның ісі дұрыс деп ойын дәлелдейді;

- Қожаның ісі дұрыс емес деп өз ойларын дәлелдейді.

- Ортақ шешімге келеді.

4-тапсырма

«Кейіпкерге хат» әдісі

Білім алушылар шығармадан алған әсерлерін бөлісе отырып, өздері қалаған кейіпкерлеріне хат жазады.

- хат құрылымын сақтайды;

- алған әсерлерін сипаттайды;

- қалаған кейіпкеріне хат жазады.

Пәні: Қазақ әдебиеті

Сынып: 5

Тақырып: Ахмет Байтұрсынұлы «Егіннің бастары» мысалы.

Оқу мақсаты:

5.2.4.1. Шығармадан алған әсерін сипаттап, авторға хат жазу, тақырыпқа байланысты өлең құрастыру.

5.3.2.1. Кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау.

Сабақ мақсаты:

Шығармадан алған әсерін сипаттап, авторға хат жазады, тақырыпқа байланысты өлең құрастырады, кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып баға береді.


«Суретті болжау» әдісі арқылы бүгінгі сабақ мақсатына болжам жасайды. Білім алушының назарын шоғырландыру үшін қосымша жетекші сұрақтар қойылады.

-Балалар, суретте не бейнеленген?

-Бұларды көркем шығармада қалай атаймыз?

Болжам жауаптар:

-Кейіпкерлер



Мына конверттің ішінде Ахмет атаның мысалында кездесетін зат жатыр. Оның көмегімен өзіңнің бейнеңді көруге болады. Ол не? Білім алушылар сұрақ арқылы құпия затты табады

Болжам жауаптарын нақтылауда сабақ мақсаты таныстырылады, бағалау критеріі айтылады.

1-тапсырма

Дифференциациялық тапсырма:

А деңгейі: Салыстырыңыз.

Шығармадағы көкке бастары иіліп, пісіп тұрған бидай бейнесін, адамның мінез-құлқымен байланыстыруға болады ма? Салыстырып талдаңыз.



В деңгейі: Мінездеу. Кейіпкерлер іс-әрекетімен мен автор берген портреттік мінездемені салыстырады.

«Т» кестесі

Кейіпкерлер іс-әрекеті	Автор берген портреттік мінездеме

С деңгейі: Анықтаңыз. Мысал өленде қандай тағылымдық идея айтылған? Анықтаңыз.


Дескриптор:

- шығармадағы кейіпкерлер бейнесін салыстырады;
- кейіпкерлер іс-әрекетімен мен автор берген портреттік мінездемені салыстырады;
- Шығарманың идеясын анықтайды.

2-тапсырма

«Графикалық орғанайзер» әдісі

Өлеңнен кейіпкерлер бейнесін айқындайтын өлең тармақтарын анықтаңыз. Негізгі сөздерге өз сөзіңізбен анықтама беріңіз. Анықталған қасиеттердің қазіргі өмірде көрініс табуына қатысты көзқарас білдіріңіз



Дескриптор:

- өлеңнен кейіпкерлер бейнесіне қатысты үзіндіні тауып жазады;
- өлең тармағындағы кейіпкер бейнесін ашатын кілт сөзді анықтайды;
- кілт сөзге өз сөзімен сипаттама береді;
- анықталған қасиеттердің қазіргі өмірде кездесуіне мысал келтіру

арқылы өз көзқарасын 2 сөйлеммен жеткізеді.

3-тапсырма

«РАФТ» әдісін негізге ала отырып, мәтін мазмұны бойынша әсер еткен тұсын анықтай отырып, авторға хат жазыңыз.

«РАФТ» әдісі арқылы жұмыс жасайды

1-топ. Ахмет атаға хат

2-топ. А.Байтұрсынов - асыл қасиеттер иесі

3-топ. А.Байтұрсынов мысалдарын оқығаннан кейінгі ойлар ...

Рөл	Аудитория	Форма	Тақырып
Білім алушы	Сынып	Хат	Ахмет атаға хат
Журналист	Газет оқырмандары	Хат	А.Байтұрсынов - асыл қасиеттер иесі
Білім алушы	Сынып жетекшісіне	Хат	А.Байтұрсынов мысалдарын оқығаннан кейінгі ойлар ...


Дескриптор:

- мәтіннен әсер еткен тұсын анықтайды;
- хат, ойтолғау, мақала жазады;
- хат, эссе, мақаланың жазылу тәртібін сақтайды

Кері байланыс

«Ұшталған қалам» тәсілі

Тиісті түстерге білім алушылар сабақта жеткен жетістіктері бойынша стикерлерін жабыстырады



Пәні: қазақ әдебиеті

Сынып: 5

Тақырып: Марат Қабанбаев «Бауыр» әңгімесі. Манап пен Қали образдары

Оқу мақсаты:

5.1.3.1.Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу;

5.3.2.1.Кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау.

Сабақ мақсаты:

Кейіпкерлердің портреті мен іс-әрекеттері арқылы образын ашады.

Үзіндіден алған әсерін сипаттап, кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырады, баға береді

1-тапсырма

"Genially" платформасының көмегімен «Дұрыс-бұрыс» ойыны ойнатылады. Білім алушылар қағаздың екі жағына дұрыс/бұрыс деп жазады. Педагог сұрақтарды рет-ретімен оқиды, қай сұрақтың жауабы дұрыс болса, білім алушылар парақтың дұрыс деген жазуын, ал жауап қате болса, бұрыс деген жазуын көтереді

1. Қалидың ағасы – Манап. - дұрыс
2. Директордың аты-жөні - Эльжбета Сергеевна. - бұрыс
3. Қалидың фамилиясы – Төрекелдиев. – дұрыс
4. Қали ән айтып, би билегенді ұнатады. – бұрыс.
5. «Ойнайтын да, қайнайтын да спорт залымыз осы.

Балаларқазіржаттығыпжатыр. Орындыққатізебүгіп, тосатұрыңыз. Мен Қалидыертіпшығайын». Виктория Ивановнаның сөзі. – бұрыс.


6. «Тығыз қара шашы ұсақ-ұсақ бұйра, қол-аяғы таралып қалған, кең иықты болмаса да ешкімнен қарызға жауырын сұрай қоймайтын кішірек көзді ақ сұр бала». Манаптың портреті. – бұрыс.

7. «Түу, Эльжбета Сергеевна, терді жаңа ғана үгіп, тырыс-бырысты жаза бастағанымыз сол еді. Басқа қолайлы уақыт табылмады ма?». Қалидың сөзі. – дұрыс.

8. Қали жетінші сыныпта оқиды. – бұрыс.

9. Балалар үйі Өскеменде орналасқан. – дұрыс.

10. Әңгімеде «Жетім көрсең, жебей жүр» мақалы кездеседі. – бұрыс.



<https://view.genially.com/67bf321f15285dfccbb10078/interactive-content-drys-brys-ojyny>

2-тапсырма

"Комикс" әдісі. Әрбір топқа шығарма мазмұнына қатысты суреттер бейнеленген постерлер ұсынылады. Постерде бейнеленген суретке сәйкес кейіпкерлердің сөзін шығарма үзіндісі арқылы келтіріп, кейіпкер образын ашады

1-топ Манап образы

2-топ Директор образы

3-топ Қали образы

Дескриптор:

- Суретке сәйкес шығарма үзіндісін, кейіпкерлердің сөзін анықтайды.

"Салыстыр" әдісі

Wordwall платформасы арқылы білім алушылар Манап пен Қалиға қатысты сипаттауларды орналастыру арқылы кейіпкерлерді салыстыра бағалайды.

0:05

Отбасынан алшақ өскен бала	Адал	Спортшы	Кең иықты, көзі ақ сұр	Жігерлі	Бауырмал	Қою қара шашты
Мейірімді	Бойшаң	Еңбекқор	Арманшыл	Оқымысты	Салмақты	Шашы ұсақ

Манап

Қали

Submit Answers

<https://wordwall.net/resource/69136837/%D0%B1%D0%B0%D1%83%D1%8B%D1%80-%D3%99%D2%A3%D0%B3%D1%96%D0%BC%D0%B5%D1%81%D1%96>

Дескриптор:

- Шығарма кейіпкерлерін салыстырады.
- Кейіпкерлерге мінездеме береді;
- Шығарма желісімен байланыстыра алады.

3-тапсырма

-Кейіпкерлерге баға береді.

4-тапсырма

"Бір минуттық ой" әдісі

"Бауыр" әңгімесін қазіргі өмірмен қалай байланыстырар едің? тақырыбында пікірлерін жазады.

Дескриптор:

- Кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалайды;
- Шығарманы қазіргі өмірмен байланыстырып, өз көзқарастарын тұжырымдайды.

Пәні: Қазақ әдебиеті

Сынып: 6

Тақырып: Сайын Мұратбеков "Жусан иісі" әңгімесі

Оқу мақсаты:

6.3.2.1 кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беру.

6.2.4.1 әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу.

Сабақ мақсаты:

Кейіпкерлер жүйесінің жаңашылдығына заманауи тұрғыда баға береді.

Шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазады.

1-тапсырма.

I топ – «Баяндамашылар»

Ауыл балалары мен Аянның әрекетіне байланысты диалог құрастырып айту.

Дескриптор:

- ауыл балалары әрекеті туралы айтады;
- Аян әрекеті туралы айтады.

II топ – «Мінездеме берушілер». Әңгіме кейіпкерлеріне мінездеме беріңдер.

Әңгіме кейіпкері	Адамгершілік қасиеттері	Қандай әсер қалдырады?

Дескриптор:

- әңгіме кейіпкерлерінің адамгершілік қасиеттерін табады;
- әңгіме кейіпкерлерінің адамгершілік қасиеттеріне баға береді.

III топ – «Ізденушілер». Әңгіме оқиғасы орын алған ауыл тіршілігі, соғыс зардаптары туралы шығармадан тауып, әңгімелеп беріңдер.

Дескриптор:

- әңгімеден ауыл тіршілігі туралы табады, әңгімелейді;
- соғыс зардаптары туралы әңгімелейді, өз көзқарастарын айтады.

IV топ – «Салыстырушылар». Аян мен ауыл балаларының іс-әрекеттерін сурет арқылы салыстырып көрсетіңдер.

Дескриптор:

- әңгіме кейіпкерлерінің ұқсастығы мен айырмашылығын таба біледі;
- сурет арқылы салыстырып көрсетеді.

2-тапсырма

Шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазыңыз.

Шығармадағы табиғат көрінісі	
Оқиға орны	
Кейіпкер бейнесі	

Дескриптор:

- шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазады;

- кестені толтырады.

3-тапсырма

Сабақты бекіту. *Жеке жұмыс*

Жасанды интеллект көмегімен "Socrative home" платформасын пайдаланып тест орындау. Білім алушылар тақтада көрсетілген QR кодты штрихтап тестті белгілейді.

<https://b.socrative.com/teacher/#results/82156775>



Пәні: Қазақ әдебиеті

Сынып: 6

Тақырып: Е.Жүніс "Менің атым-Тәуелсіздік" өлеңі

Оқу мақсаты:

6.2.2.1 эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау.

6.1.2.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру;

Сабақ мақсаты:

Шығармадағы автор бейнесін анықтайды.

Өлеңде көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіреді.

1-тапсырма "Ой шақыру" әдісі

<i>Бағалау</i>	Өлеңдегі азаттық, тәуелсіздік ұғымдарына өз көзқарасыңызды білдіріңіз.
<i>Жинақтау</i>	Автор өлеңде қазақ халқының өткен тарихы мен бүгінгі заманын қалай бейнелеген?
<i>Талдау</i>	Автор шығармада өзекті оқиғаны арқау еткен бе? Бұл оқиға бүгінде өзекті ме? мысал келтіріңіз.
<i>Қолдану</i>	Өлеңнің идеясы неде? Автор идеясын қалай жүзеге асырған?
<i>Түсіну</i>	Қазақ халқының өткен өмірі өлеңде қалай көрініс тапқан?
<i>Білу</i>	Авторды осы туындыны шығаруға не итермеледі?

2-тапсырма

"Әдеби шеңбер" әдісі



1-топ: Әдеби хат жазады

Дескриптор:

- шығармадан алған әсерін сипаттайды
- автормен сырласады
- хаттың жанрлық ерекшелігін сақтайды

2-топ: Берілген үзіндіні қара сөзбен жазады

Дескриптор:

- үзіндінің маңызын анықтайды
- үзіндіні шығармашылықпен дамытып жазады
- өз ойын дәлелді жеткізеді

3-топ: Үзінді негізінде өлпең шығарады

Дескриптор:

- автор стиліне сүйенеді
- тірек сөздерді қолданады
- автор іс-әрекетіне баға береді

3-тапсырма.

Білім алушылар өлең жолдарындағы негізгі ойды, ақынның айтқысы келген ойын анықтаңдар, қазіргі заманмен салыстырыңдар.

Жылаған жоқпын,

Сұраған жоқпын анамнан,

Сол күні жаңа әнұран айтып оралған,

Сол түні неге ұйықтамай маған бір аңыз айтып шыққанын,

Ұл жайлы күннен жаралған, -деген жолдарда автордың айтқысы келген ойын жазыңдар.

Ақынның айтқысы келген ойы	Өз ойым

Дескриптор:

- Автордың ойын негіздейді;
- Кестені толтырады.

4-тапсырма

«Ой күмбезі» әдісі арқылы үзінділердегі қоғамдық-әлеуметтік мәселені идеясы арқылы түсіндіреді. Топтық жұмыс.

Бағыттары	Түсініктеме
-----------	-------------

Ой қазығы	<i>Үзіндідегі негізгі сөзді тауып, түсінік беру</i>
Ой желісі	<i>Негізгі сөзден өрбитін ойды талдап, жан-жақты зерделеу</i>
Ой өрімі	<i>Өмір шындығымен байланысты құбылыстармен салыстыру (сөйлем жазу):</i>
Ой күмбезі	<i>Баға беру (түйін). Мақалдардың қажеттісін таңдаңыз. Ой қорытыңыз.</i> <i>Ел қадірін көрген біледі</i> <i>Жер қадірін жүрген біледі.</i> <i>Отаны бірдің жүрегі бір,</i> <i>Жүрегі бірдің тілегі бір.</i> <i>Отан – елдің анасы,</i> <i>Ел – ердің анасы.</i>

Дескриптор:

- Негізгі сөзді тауып, түсіндіреді.
- Идеясын анықтап, ойды өрбітеді.
- Өмір шындығымен байланыстырады.
- Баға береді.

Пәні: Қазақ әдебиеті

Сынып: 6

Тақырып: А.Құнанбайұлының "Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін" өлеңінің тілі.

Оқу мақсаты:

6.2.3.1. шығармадағы көркем ауыстыруларды анықтау (троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, итота, аллегория, антитеза, градация, арнау) анықтау.

Сабақ мақсаты:

шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стилін анықтайды, талдайды, баға береді

1-тапсырма.

«Пирамидалық талқылау» арқылы топтар мәтіннің ішінен көркемдегіш құралдарды тауып, мағынасын анықтайды.

Дескриптор:

- Өлеңнен көркемдегіш құралдың 4 түрін анықтайды;
- Үзінді арқылы дәлелдейді;
- Ережесін еске түсіреді.

2-тапсырма. Үзіндіні оқы, соңғы үш жолының мағынасын аш. «Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар, Көңілінің көзі ашық, сергек үшін» деген тұжырымды қолдап пікіріңді жаз.

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,

Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.

Көкірегі сезімді, тілі орамды,

Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.

*Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұзар,
Көңілінің көзі ашық, сергек үшін.*

Дескриптор:

- Өлең үзіндісін оқып, соңғы үш жолының мағынасын ашады;
- Ойын дәлелдейді;

Берілген тұжырымды қолдап, өз пікірін жазады.

ҚБ

3-тапсырма. «Тұжырым картасы» арқылы білім алушылар өлеңнің көркемдік қуатына тұжырым жасап, автор стиліне баға береді.

Тұжырым	Менің автор стиліне беретін бағам
	«Менің ойымша, » «Себебі, мен оны былайтүсіндіремін » «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен..... дәлелдей аламын » «Осыған байланысты мен мынадайқорытынды шешімге келдім»

Дескриптор:

- Тұжырым жасайды;
- Автор стиліне баға береді;
- Өз пікіріне дәлелдер келтіреді (кемінде 2-3)
- Қорытынды шығарады.

Пән: қазақ әдебиеті

Сынып: 8

Тақырып: Б.Момышұлы «Ұшқан ұя» повесі

Оқу мақсаты: 8.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтарды анықтау

Сабақ мақсаты:

- әдеби шығарманың жанрын анықтайды;
- әдеби шығарманың сюжетімен толық танысады;
- шығарманың эпилог, прологін жазады.

1-тапсырма. «Құнды пікір» әдісі. Топтық жұмыс

Ұсынылған сілтеме арқылы READx бейнежазбасын мұқият тыңдап, керекті ақпаратты жазып алыңдар. Шығарма мазмұнын ашатын маңызды мағлұматтарды кестеге жаз.

<https://www.facebook.com/share/v/15RJXtwkVM/?mibextid=wwXlfr>


Дескриптор:

- тыңдалған жазбадан керекті ақпаратты жазады;
- тиісті мағлұматтармен кестені толтырады,
- жанрын анықтайды.

Сілтеме	Керекті мағлұмат
Тақырыбы	
Идеясы	
Ұлттық мүдде	
Түйінді ой	
Жанры	

2-тапсырма. «Уақыт тізбегі» әдісі. Жеке жұмыс.

Повестегі оқиғалар желісін сақтай отырып, сюжеттік- композициялық талдау жаса. Оқиға тізбегінен ауытқыма.



Дескриптор:

- оқиға желісін сақтайды;
- сюжеттік-композициялық талдау жасайды.
- оқиғалар тізбегін дұрыс құрастырады.

3-тапсырма. «Соңғы сөз» әдісі. Жұптық жұмыс

Берілген ережеге сүйеніп, жұбыңмен «Ұшқан ұя» повесіне арнап пролог пен эпилог жазыңдар. Эпилог пен прологтің маңызы неде екенін түсіндіріңдер. Неліктен «Ұшқан ұя» повесінде пролог пен эпилог жоқ? Өз тараптарыңнан қосқан эпилог пен пролог шығарма құрылысына әсер ете ала ма?

Эпилог — шығарманың соңғы бөлігі, сюжеттің шегіне қарамастан, персонаждардың келесі тағдырына байланысты деректерді қамтитын композициялық бөлік

Пролог — бұл әдеби шығармаға немесе оның бөлігіне қосылған бастапқы бөлік, оған тікелей байланысы жоқ.

Прологта, әдетте, шығармада айтылған оқиғалардың алғашқы себептері (кейде уақытша ұзақ) сипатталады, немесе негізгі идеяға көрсетілімдер қамтылады.

Пролог-

Эпилог-

Дескриптор:

- ережені қолданады;
- шығармаға эпилог жазады;
- шығармаға пролог жазады;
- олардың маңызын түсіндіреді.

Бағалау критерийі	Тапсырма	Дескриптор	Балл
Әдеби шығарманың жанрлық ерекшелігін біледі	1	-тыңдалған жазбадан керекті ақпаратты жазады;	1
		-тиісті мағлұматтармен кестені толтырады,	1
		-жанрын анықтайды.	1
Шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасай алады	2	-оқиға желісін сақтайды;	1
		-сюжеттік-композициялық талдау жасайды.	1
		-оқиғалар тізбегін дұрыс құрастырады.	1
Шығарманың құрамдас бөлігін (эпилог, пролог) біледі	3	-ережені қолданады;	1
		-шығармаға эпилог жазады;	1
		-шығармаға пролог жазады;	1
		-олардың маңызын түсіндіреді.	1

Білім алушыға арналған бағалау парағы

Білім алушының аты-жөні	1-тапсырма	2-тапсырма	3-тапсырма	Жалпы балл

Пән: қазақ әдебиеті

Сынып: 7

Тақырып: М.Шаханов «Нарынқұм зауалы» өлеңі

Оқу мақсаты:

7.2.1.1 шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салыстыру;

7.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың (символ, синекдоха, қайталау түрлері:эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ) қолданысын талдау;

-7.3.1.1 кейіпкерлердің іс-әрекеті мен автор берген портреттік мінездемені салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру

Сабақ мақсаты:

- шығармадағы эпизодтарды талдайды;
- шығарма кейіпкерлерінің бейнесін салыстырады;
- шығармадағы көркемдегіш құралдарды анықтайды;
- шығарманың көркемдік құндылығына баға береді.

1-тапсырма. «Үш қадам» әдісі. Топтық жұмыс

Берілген эпизодтардағы көтерілген негізгі мәселені қазіргі күнмен салыстыра отырып талдаңдар. Эпизодтардағы кейіпкерлер бейнесіне талдау жүргізіңдер.

1-қадам Үзіндідегі негізгі мәселені анықтаңыз.	2- қадам Үзіндідегі мәселені қазіргі күнмен салыстырыңыз. Ұқсастық бар ма?	3-қадам Неліктен әке мен баланың іс-әрекеттерінде түсініспеушілік бар? Кім кінәлі деп ойлайсың?
Көрде де енді сен жайлы ойға батамын Бұл іңкәрлік созылады қаншаға? Кім қаншама шексіз сүйсе Отанын, Оның тартар азабы да соншама. Мен сенемін, күні ертең Нұрлы үмітпен оянар деп ұлы өлкем. Күліп жайсаң күн ғажайып Ел наласы тарқар деп. Ақымақтар күрт азайып, Сұмдар қорқақ тартар деп. Мен сенемін, күні ертең Пенделіктен тазарар деп ұлы өлкем.	Баласы айтты: - Топ бастадық төрт адам. Махамбеттің жақыны Ықыласты үгіттеп, Мақтап, қағып арқаға Қосып алдық ортаға. Бұл - түгелдей мына ұлыңның ақылы. Еркін жетер әңгіме ол бір таңға. Қапысызда қармақ салып, Махамбетті алдап соғып, Басын кесіп, сыйға тарттық сұлтанға.	Ой,залым-ай, Жүзіқара залым-ай, Мұнша залым екенінді қалай келгем танымай. Бұдан өткен зор қасірет болар ма, Бұдан өткен зор қасірет болар ма, — Деп әкесі жас үйірді жанарға. - Қабағыңды жаба қалды неге мұң, Әке, сенің қай сөзіңе сенемін, Есінде ме, Менің бала күнімде Махамбетті жек көремін дегенің? - Рас, ұлым, айтылған сөз оқпен тең, Бір кезде мен Махамбетті жек көргем. Әлде, кемшіл шағым ба еді ол ақылға?! Пенделік қой салған мені тақымға.
Менің ойымша,...	Менің ойымша,...	Менің ойымша,...

Дескриптор:

- шығармадағы негізгі мәселені анықтайды;
- көтерілген мәселені қазіргі күнмен салыстырады;
- кейіпкерлерді өзара салыстырады.

2-тапсырма. «Үш түрлі күнделік» әдісі. Жұптық жұмыс

Берілген кестедегі үзінділер қай кейіпкерді суреттейді? QR арқылы 3D форматындағы кейіпкердің іс-әрекетіне талдау жаса. Кейіпкер бейнесін ашу үшін көркемдеуіш тәсілдерді қодан. Қандай мақсатта қолданғаныңды жаз.

Шығармадан үзінді	1-үзінді	2-үзінді	3-үзінді
			
Кейіпкер   	Өттең, біздің сор мандайлы Жайықта Ерлер аз ғой бара алатын байыпқа. Тым кеш ұқтым, Махамбеттей батырға Бүкіл қазақ ғашық болса айып па?! Қүдіретті шындығынан танбаған, Парасатын ізгілікке жалғаған Ақын деген киелі аққу самғаған.	Бұл салада сен бірінші адамсың, Адам емес, Ең бірінші надансың, Ел дәстүрін, Ер дәстүрін қорлаған. Нақ мынадай қасиетсіз оқиға Бұрын қазақ топырағында болмаған. Қандай қиын кезеңде де Туған ел Ақындарын жанын салып қорғаған. Түсінбедім, Армандап ең нені, ұлым? Ертең сені қойып желдің өтіне, Ызалы ұрпақ түкіреді бетіңе.	Қабағыңды жаба қалды неге мұң, Әке, сенің қай сөзіңе сенемін, Есінде ме, Менің бала күнімде Махамбетті жек көремін дегенің? - Рас, ұлым, айтылған сөз оқпен тең, Бір кезде мен Махамбетті жек көргем. Әлде, кемшіл шағым ба еді ол ақылға?! Пенделік қой салған мені тақымға.
Көркемдегіш тәсіл			
Қолдану мақсаты			

Дескриптор:

- шығармадағы кейіпкердің бейнесін анықтайды;
- үзіндіде берілген кейіпкердің әрекетін талдайды;

- кейіпкерлерді көркемдегіш құралдар арқылы суреттейді;
 - көркемдегіш тәсілдің қолдану мақсатын түсіндіреді.
- 3-тапсырма. «Түйін» тәсілі. Жеке жұмыс.

Сілтемеге сүйеніп, жасанды интеллект көмегімен жасалған үзіндіні қара. Әкенің баласына кескен жазасымен келісесің бе? Өзінің қателігі үшін баласын жазалау қаншалықты дұрыс деп есептейсің? Ойыңды жинақтап, автордың шешіміне тарихи тұрғыда баға бер.



Дескриптор:

- кейіпкер әрекетіне талдау жасайды;
- автор шешіміне баға береді;
- шығарманың тарихилығына назар аударады.

Бағалау критерийі	Тапсырма	Дескриптор	Балл
Шығармадағы эпизодтарды талдайды. Шығарма кейіпкерлерінің бейнесін салыстырады;	1	шығармадағы негізгі мәселені анықтайды;	1
		-көтерілген мәселені қазіргі күнмен салыстырады;	1
		-кейіпкерлерді өзара салыстырады.	1
Шығармадағы көркемдегіш құралдарды анықтайды;	2	-шығармадағы кейіпкердің бейнесін анықтайды;	1
		-үзіндіде берілген кейіпкердің әрекетін талдайды;	1
		-кейіпкерлерді көркемдегіш құралдар арқылы суреттейді;	1
		-көркемдегіш тәсілдің қолдану мақсатын түсіндіреді.	1
Шығарманың көркемдік құндылығына баға береді.	3	-кейіпкер әрекетіне талдау жасайды;	1
		-автор шешіміне баға береді;	1
		-шығарманың тарихилығына назар аударады.	1

Білім алушыға арналған бағалау парағы

Білім алушының аты-жөні	1-тапсырма	2-тапсырма	3-тапсырма	Жалпы балл

Пән: Қазақ әдебиеті

Сынып: 8

Тақырып: Ш. Құдайбердіұлы «Еңлік-Кебек» поэмасы

Оқу мақсаты:

8.3.2.1 шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру

8.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдану;

Сабақ мақсаты:

-үзінділерді пікір білдіру үшін орынды қолданады.

-шығармадағы рухани құндылықтарды салыстыра алады;

-шығармадағы құндылықтарды жаңаша көзқараста талдайды.

1-тапсырма. «Коментарий» әдісі. Жұптық жұмыс

Сілтеме арқылы берілген сұрақтарды басшылыққа алып, жасанды интеллект көмегімен Шәкәрім Құдайбердіұлының айтқан тарихи оқиғаларына жұбыңмен ақылдаса отырып жауап беріңдер. Тобықты руындағы осы оқиғалардың шешімі қаншалықты дұрыс? Әр оқиғаның нәтижесіне назар аударып, қай оқиғаға байланысты дұрыс шешім қабылданбағанына салыстырмалы түрде өзіндік баға беріңдер. Коментарий үлгісінде халыққа үндеу хат жазыңдар.

<https://studio.d-id.com/share?id=834592574407c749983a6d7f8ef9c0f0>

Қажетті сұрақтар:

1. «Дәстүрдің озығы мен тозығы болады» деген пікірге келісесіңдер ме?

2. «Еңлік-Кебек» дастанында тозығы жеткен дәстүр үлгісі бар ма?

Жасанды интеллект мәтіні:



- Ертеректе Тобықты руында қоғамдық дау туғызатын жантүршігерлік үш оқиға болған.



Ол оқиғалар бертін келе, «Жебенің ұшында», «Түйенің қомында», «Аттың жалында» деп аталып кетті. «Жебенің ұшында» оқиғасы «Қалқаман-Мамыр» дастанындағы төрт атадан қосылатын ағайынды Қалқаман деген жігіт пен Мамыр деген бойжеткеннің некелесуіне тыйым салу мақсатында екеуін өлім жазасына кескені туралы айтылады. Салт бойынша қазақта жеті атаға дейін қыз алысуға болмайды. Себебі туысқандар бір-бірімен некелесе алмайды Кейін осындай жастардың ойын бұзатын зиянды оқиғалар белең алмасын деген мақсатта дәстүр заңына қарсы әрекет еткен екі жасты халық бір шешімге келіп, өлім жазасына кеседі. Мамырды ағасы Көкенай садақпен атып, өлтіреді де, Қалқаманға садақ оғы қата тиіп, елден аластатылады. Ал «Түйенің қомында» оқиғасы бұрын қазақ қоғамында мүлде болмаған сорақы оқиға- қайын атасы мен келінінің ерлі -зайыпты болуына байланысты еді. Бұндай ел естімеген әрекеттің де кейінгі заманда қайталанбасын деген мақсатта, әрі шарият заңына қайшы болғандықтан, екеуіне түйеге асып өлтіру жазасы беріледі. Қайын атасы Қодар мен келіні Қамқа өз күнәларын мойындағаннан кейін рақымшылық жасалмайтын әрекет деп танылып, түйеге дарға асып өлтіріледі. Тобықты руының атына таңба салатын тағы бір оқиға – Еңлік пен Кебекке қатысты. Жер дауының арты жесір дауына ұласып, ел ішіндегі кикілжіңді одан ары ушықтырған екі жасты аттың артына байлап, сүйреп өлтіруі жайлы баяндалады. Еңліктің атастырылған жерін месінбей, өз сүйгенін таңдауы мен Кебектің жер дауын отқа май құйғандай еткен өзге елдің келіні болатын қызды алып кеткені елді басынғаны деген кінәмен екеуін өлім жазасына кеседі. Бұл үш оқиға ауыр жаза қолданғаны үшін Тобықты елін қанқұмар ел ретінде көрсетеді. Қанша айтсақ та адам өлтіру – үлкен күнә. Осы оқиғаларға сын көзбен қарап, пікір айтыңдар. Үш оқиғаның қайсысын дұрыс деп танисыңдар? Қайсысына өлім жазасынан басқа жаза қолдануға болар еді деп ойлайсыңдар?


Оқиға	1-оқиға	2-оқиға	3-оқиға
«Жебенің ұшында» оқиғасы			
«Аттың жалында» оқиғасы			

Дескриптор:

- мәтінді мұқият тыңдайды;
- оқиғаларды салыстырады;
- шешім ұсынады.

2-тапсырма. «SWOT» талдау әдісі. Топтық жұмыс

Қазақ дәстүріне байланысты берілген оқиғалар мен «Еңлік-Кебек» дастанындағы ескі салттың нәтижесі бойынша талдау жасаңыздар. «Дәстүрдің озығы мен тозығы жеткен» деп қарастыру қаншалықты дұрыс? Жаңа заман тұрғысынан баға беріндер.



Дескриптор:

- кестеге сай талдау жасайды;
- жаңаша пікір айтады;
- оқиғаларды саралайды;
- деректерді орынды қолданады.

3-тапсырма. «Ұшқыр қалам» әдісі. Жеке жұмыс

Сілтеме арқылы платформаға өтіп, берілген кейіпкер пікіріне жаңа заман тұрғысынан өз көзқарасыңды білдір. Дәлел келтіру үшін шығармадан алынған үзінділерді орынды қолданып, Еңлікке пікір жаз.



<https://youtube.com/shorts/wx3yaaAcl5s?feature=share>

«Еңліктің ерекшелігі» атты жасанды интеллект мәтіні.

- Қадірменді, құрбылар! Дастанды оқи отырып, бәлкім, менің әрекетіме басқаша көзқараста боларсыңдар. О заманда, бұ заман қыз бала, жігітке бірінші боп көңілін білдіру деген дұрыс емес, көңілге қонымсыз деп ойлаған шығарсыздар? Алайда қазақта «Жар таңдаудан шатысна» деген сөз бар емес пе? Бағымды сынап көрейін дедім. Теңім емес жанмен өмір бойы бақытсыз болғаннан өз бақытым үшін күрескім келді. Негізі баланың жігітке бірінші болып көңілін білдіруіне көзқарасыңызды білдірсеңіздер екен. Сіздер менің орнымда болсаңыздар, атастырылған жігітіңізге теңіңіз болмаса да тұрмысқа шығар ма едіңіздер? Жігіттер қауымы, сіздер ата-аналарыңызға ұнаған қызға үйленер ме едіңіздер?



гөрі,
қыз

Дескриптор:

- жеке көзқарасын білдіреді;
- үзінділерді орынды қолданады;
- кейіпкер бейнесін ашады.

Бағалау критерийі	Тапсырма	Дескриптор	Балл
Шығармадағы рухани құндылықтарды салыстыра алады;	1	-мәтінді мұқият тыңдайды; - оқиғаларды салыстырады; - шешім ұсынады.	1 1 1
Шығармадағы құндылықтарды жаңаша көзқараста талдайды.	2	- кестеге сай талдау жасайды; - жаңаша пікір айтады; - оқиғаларды саралайды; - деректерді орынды қолданады.	1 1 1 1
Үзінділерді пікір білдіру үшін орынды қолданады.	3	-жеке көзқарасын білдіреді; -үзінділерді орынды қолданады; -кейіпкер бейнесін ашады.	1 1 1

Білім алушыға арналған бағалау парағы

Білім алушының аты-жөні	1-тапсырма	2-тапсырма	3-тапсырма	Жалпы балл

Пән: қазақ әдебиеті

Сынып: 8

Тақырып: Д.Исабеков «Әпке» драмасы

Оқу мақсаты:

8.2.1.1 композицияны тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдау;

8.3.2.1 шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру

Сабақ мақсаты:

-композицияны тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдайды;

- шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырады;

-жаңашылдығына баға береді.

1-тапсырма. «Концептуалды кесте» әдісі. Топтық жұмыс

Берілген сұрақтарға жауап беру арқылы, шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беріңіз.

Сценарий бөлімі	Таңдау арқылы шешімін табатын сұрақ	Таңдау 1	Таңдау 2
Қамажай отбасына жауапты, бірақ Қабен оған үйленуді ұсынады.	Қамажай өз өмірін таңдауы керек пе, әлде отбасы алдындағы жауапкершілікті жалғастыруы керек пе?	Отбасын таңдайды	Үйленеді
Егер Қамажай үйленсе, бауырларын кімге қалдырады?	Егер Қамажай бауырларын өз бетімен қалдырып, өз өмірін бастаса, бұл дұрыс шешім болар ма еді?	Омарға тастайды	Үйленсе де, өзі бағады
Егер жұмысқа кірсе, оның таңдауы қандай?	Егер Қамажай жақсы мамандық меңгеріп, жоғары жалақы алатын жұмысқа тұрса, ол өзін қалай сезінер еді?	Жеке кәсіп ашады	Мемлекеттік жұмысқа кіреді
Бауырлары өсті, енді ол өз өмірін құруы керек.	Қамажай отбасы үшін жұмыс істеп, өз дамуына уақыт бөлмеді. Ол білім алуға мүмкіндік таппай, өзін тұлға ретінде жоғалтты	Білім жолын қуып, университетке оқуға түседі	Тұрақты жұмысын жалғастырады.

Қамажай Ермекті өсіріп, аяққа тұрғызғаннан кейін	Қамажайдың інісі есейгенде, ол әлі де оған қамқор бола беруі керек пе, әлде өз өмірін ойлағаны дұрыс па?	Ермекті өз еркімен өмір сүруге бейімдейді	Оған қамқорлық жасауды жалғастырады, оның шешімдерін өзі қабылдайды.
--	---	---	--

Дескриптор:

- шығармадағы рухани және материалдық құндылықтарды анықтайды;
- заманауи тұрғыда салыстырады;
- жаңашылдығына баға береді.



2-тапсырма. «Комикс» әдісі. Жұптық жұмыс

Комиксті қолдана отырып, шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасаңыз. Оқиға реттілігін сақтаңыз. Суретте берілген жазбаға назар аударып, керекті сөздермен толықтырыңыз.

Оқиғаның басталуы	Отбасы мүшелері толық жиналып, Қамажайды күтіп алуы	
Оқиғаның байланысы	Қамажайдың жұмысы туралы отбасындағы пікірталас	
Оқиғаның шиеленісуі	Тимурдың үйленетіні белгілі болады.	
Оқиғаның шарықтау шегі	Қабеннің ұсынысы мен Қамажайдың оны қабылдамауы.	
Оқиғаның шешімі	Қамажайдың өзін бауырлары үшін құрбан етуі.	

Дескриптор:

- композициялық талдауды дұрыс орындайды;
- комикстерді ретімен орналастырады;
- жоғалған сөздерді дұрыс тауып жазады.

3-тапсырма. «3 асыл іс» әдісі. Жеке жұмыс

Берілген сұрақтарға ойланып жауап бер. Сенің ойыңша, сұрақтар дұрыс қойылды ма? Материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға бере отырып жауап беріңіз.

Еңбек

- Егер Қамажай қазіргі қоғамда өмір сүрсе, ол қандай мамандықты таңдар еді? Өз ойыңды негізде.
- "Жұмыстың жаманы жоқ" дегенді қалай түсінесің?
- Қамажайдың еңбегін сипаттайтын үзіндіні жаз.

Талап

- Қамажай мен Қабеннің өмірлік мақсаттарын салыстыр. Қайсысы дұрыс жолды таңдады деп ойлайсың? Неге?
- Шығармадан Қамажайдың талабын сипаттайтын үзінді жаз.
- Егер Қамажай сенің құрбың/досың болса, оған қандай кеңес берер едің?

Терең ой

- Қамажайдың "ананың орнын басу" деген жауапкершілігі оны қандай қиындықтарға әкелді?
- Қамажайдың таңдауы қазіргі заман қыздарының өмірімен қаншалықты ұқсас?
- Егер Қамажай өмірін өзгертуге шешім қабылдаса, оның алғашқы қадамы қандай болар еді?

Дескриптор:

- сұраққа жауап береді;
- материалдық және рухани құндылықтардың жаңашылдығына баға береді;
- құндылықтарға заманауи тұрғыда салыстырады.

Бағалау критерийі	Тапсырма	Дескриптор	Балл
Шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырады	1	-шығармадағы рухани құндылықтарды анықтайды -материалдық құндылықтарды анықтайды; -заманауи тұрғыда салыстырады; -жаңашылдығына баға береді.	1 1 1 1
Шығарманың композициялық құрылымын тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдайды	2	-композициялық талдауды дұрыс орындайды; -комикстерді ретімен орналастырады; -жоғалған сөздерді дұрыс тауып жазады.	1 1 1
Шығарманың жаңашылдығына баға береді.	3	- сұраққа жауап береді; -материалдық және рухани құндылықтардың жаңашылдығына баға береді; - құндылықтарға заманауи тұрғыда салыстырады.	1 1 1

Білім алушыға арналған бағалау парағы

Білім алушының аты-жөні	1-тапсырма	2-тапсырма	3-тапсырма	Жалпы балл

Тақырып. Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» дастаны.

Оқу мақсаты:

9. 2. 3. 1 шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру;

9. 2. 4. 1 автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазу

Сабақ мақсаты:

- шығармадағы троп пен фигураның түрлерін талдайды;
- автор стиліне баға береді;
- автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазады.

Сабақтың басы.

Ұйымдастыру кезеңі.

Сынып білім алушыларын түгендеу.

Сынып білім алушыларын топқа бөлу.

Өткен сабаққа шолу.

Оқу мақсатымен таныстыру.

Сабақтың ортасы:

Топтық жұмыс.

1-тапсырма. Берілген бөлімдер бойынша троп пен фигура түрлерін ажыратып, автор стилін бағалаңыз. Жұмыс өнімін «POWER POINT» бағдарламасы арқылы 2-3 слайдтан тұратын презентация түрінде ұсыныңыз.

1-топ. «Адам баласының қадір-қасиеті біліммен, ақылмен екендігі» деген бөлім бойынша.

2-топ. «Тіл өнерінің қасиет-сипаты мен пайда-зияны айтылады» деген бөлім бойынша.

3-топ. «Білімнің, ақылдың қасиеттерін, пайдасын айтады» деген бөлім бойынша.

Дескриптор:

- троп пен фигура түрлерін ажыратады;
- автор стиліне баға береді;
- жұмыс өнімін презентация түрінде ұсынады.

Қалыптастырушы бағалау.

«Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы өзара топтық бағалау жүреді.

Педагог тарапынан ой толықтырылып, кері байланыс беріледі.

Жеке жұмыс. *(әр топтағы білім алушылар тапсырманы топқа берілген тақырыптар бойынша жеке орындайды).*

2-тапсырма. Берілген тақырыптар бойынша автор стиліне сүйене отырып, «Құтты білік» дастаны негізінде насихат-өлең жазыңыз. Жазба жұмысында троп пен фигура түрлерін қолданыңыз.

1-топ	2-топ	3-топ
білім	ақыл	өнер

Насихат өлең

Дескриптор:

- автор стилін сақтайды;
- троп пен фигураларды орынды қолданады;
- берілген тақырып бойынша насихат-өлең жазады.

Сабақтың соңы.

Рефлексия. «» тақтасында кері байланыс беріңіз:

Бүгінгі сабақта жеңіл болған 3 қадам

Бүгінгі сабақта қиын болған 3 қадам

Үйге тапсырма беру.

Тақырып. Төле би. «Ердің бақыты – әйел»

Оқу мақсаты:

9.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау;

91. 3.1 көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау.

Сабақтың мақсаты:

- шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасайды;
- шығарманың идеясын талдайды;
- идеяға сай кейіпкерлер жүйесін анықтайды.

Сабақтың басы.

Ұйымдастыру кезеңі.

Сынып білім алушыларын түгендеу.

Сынып білім алушыларын топқа бөлу.

Өткен сабаққа шолу.




Оқу мақсатымен таныстыру.

Сабақтың ортасы:

Топтық жұмыс.

1-тапсырма. Шығармадағы оқиға құрылымын саралап, сюжеттік-композициялық талдау жасаңыз. Талдау үшін төмендегі сұрақтарға жауап бере отырып, нәтижесін постерге түсіріңіз:

1. Шығармадан қандай оқиғалар сәйкес келеді?
 2. Кейіпкерлердің іс-әрекеті қандай?
 3. Автордың идеясы қалай көрінді?
 4. Бұл бөлім шығарманың жалпы мазмұнына қалай әсер етеді?
- 1-топ. Шығарманың басталуы мен дамуы.
 2-топ. Шығарманың шиеленісуі мен шарықтау шегі.
 3-топ. Шығарманың шешімі мен қорытынды түйін.



Дескриптор:

- оқиғаларды сәйкестендіреді;
- кейіпкерлер іс-әрекетін талдайды;
- автор идеясын анықтайды;
- шығарма мазмұнын талдайды;
- жұмыс өнімін постерге түсіреді.

Қалыптастырушы бағалау.

«Галереяны шарлау» әдісі арқылы топ мүшелері әр постерге өз пікірін білдіру арқылы өзара топтық бағалау жүргізеді.

Педагог тарапынан ой толықтырылып, кері байланыс беріледі.

2-тапсырма. Шығарманың негізгі идеясын ашып, оны кейіпкерлер жүйесімен байланыстырыңыз. Жұмыс өнімін кестеге түсіріңіз.

Шығарма идеясы	Кейіпкер	Шығармадан үзінді	Идеяны тұжырымдайтын мақал-мәтел

Дескриптор:

- шығарма идеясын анықтайды;
- кейіпкерлермен байланыстырады;
- үзінді арқылы дәлелдейді;

- идеяны мақал-мәтел арқылы тұжырымдайды.

Сабақтың соңы.

Рефлексия. «» тақтасында кері байланыс беріңіз:

Бүгінгі сабақта жеңіл болған 3 қадам

Бүгінгі сабақта қиын болған 3 қадам

Үйге тапсырма беру.

Бөлім. Тарихи шындық пен көркемдік шешім.

Тақырып. Нысанбай жырау. «Кенесары-Наурызбай» дастаны.

Оқу мақсаты:

9.2.1.1 эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау;

Сабақтың мақсаты:

- шығармадағы композициялық амалдарды талдайды.

Сабақтың басы.

Ұйымдастыру кезеңі.

Сынып білім алушыларын түгендеу.

Сынып білім алушыларын топқа бөлу.

Өткен сабаққа шолу.

Оқу мақсатымен таныстыру.

Сабақтың ортасы:


Топтық жұмыс.

1-тапсырма. Шығармадан үзінділер келтіре отырып, ондағы композициялық амалдардың қолданылу ерекшеліктерін түсіндіріңіз. Жұмыс өнімін графикалық органайзерлер түрінде ұсыныңыз.

1-топ. Шығарманың басталуы.

2-топ. Шығарманың дамуы мен шиеленісуі.

3-топ. Шығарманың шарықтау шегі мен шешімі.



Дескриптор:

- композициялық амалдарды анықтайды;
- қолданылу ерекшеліктерін түсіндіреді.

Қалыптастырушы бағалау.

«Әдеби сарапшылар» әдісі бойынша әр топ сарапшылары бір-бірлеріне сұрақтар қойып, пікірлерін толықтырады.

Педагог тарапынан кері байланыс беріледі.

2-тапсырма. Үзінділердегі композициялық амалдарды тауып, ойыңызды дәлелдеңіз.

Үзінді	Композициялық амал	Дәлел
Қайран есіл ерлерді Енді бір көрер күн бар ма? Ақауызды жүгіртіп, Кенекеңді тірілтіп, Наурызбай келер күн бар ма?		
Ініңнің мынау құны деп, Сатсаң толар пұлы деп, Науанды берді қолына. Шарықтап жүрген сұңқарлар Ілінді жаудың торына.		
Сонда тұрып хан Кене Көбін жиып сөйлейді: - Қол көрінбес шаң болды Алатаудың арасы. Қараағаштай көп қазақ Бұл сапар болды қарашы.		
Наурызбай атты сұр берен, Көк дөнен ат астында. Қамзол ішік құнтіған, Ақ орамал басында.		

Дескриптор:

- композициялық амалдарды табады;
- ойын дәлелдейді.

Сабақтың соңы.

Рефлексия. «» тақтасында кері байланыс беріңіз:

Бүгінгі сабақта жеңіл болған 3 қадам

Бүгінгі сабақта қиын болған 3 қадам

Тақырып. Махамбет Өтемісұлы. «Мен, мен едім, мен едім».

Сынып: 9

Оқу мақсаты:

9.2.2.1 автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау;

9.2.4.1 автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазу

Сабақ мақсаты: автор бейнесін идеялық-стилистикалық тұрғыдан ашу.

Сабақтың басы.

Ұйымдастыру кезеңі.

Сынып білім алушыларын түгендеу.

Өткен сабаққа шолу.

Оқу мақсатымен таныстыру.

Сабақтың ортасы:

1-тапсырма. Өлеңдегі автор бейнесін идеялық-стилистикалық тұрғыдан талдаңыз. Талдау қадамдарын «INSERT» әдісі арқылы орындаңыз.

v	Махамбет туралы қандай ақпарат білесіз?	
+	Автордың «мен» тұлғасын ашып тұрған сөздерге түсініктеме бер.	
-	Өлеңдегі көнерген сөздердің мағынасын ашып, қолданылу себебін түсіндір	
?	Автордың «мен» тұлғасын ашып тұрған сөздер мен көнерген сөздердің автор бейнесі мен өлең идеясын ашудағы рөлі қандай?	

Дескриптор:

- автор туралы ақпарат жинақтайды;
- автор бейнесін ашып тұрған сөздерге түсініктеме береді;
- көнерген сөздердің қолданылу себебін түсіндіреді;
- автор бейнесін ашуда сөздердің рөлін талдайды.

2-тапсырма. Махамбет стиліндегі «едім» сөзін қолдана отырып, поэтикалық үлгіде «Менің арманым» деген тақырыпта 2-3 шумақтан тұратын өлең құрастырыңыз.

Дескриптор:

- автор стилінде өлең құрастырады.

Сабақтың соңы.

Рефлексия. «» тақтасында кері байланыс беріңіз:

Бүгінгі сабақта жеңіл болған 3 қадам

Бүгінгі сабақта қиын болған 3 қадам

Тақырып. Бейімбет Майлин. «Шұғаның белгісі» хикаяты.

Сынып: 9

Оқу мақсаты:

9. 1. 2. 1 әдеби шығармадағы психологизмді анықтау;

9.3.2.1 шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру;

Сабақ мақсаты:

- шығармадағы психологизмді анықтайды;
- шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырады;

- жаңашылдығына баға береді.

Сабақтың басы.

Ұйымдастыру кезеңі.

Сынып білім алушыларын түгендеу.

Өткен сабаққа шолу.

Оқу мақсатымен таныстыру.

Сабақтың ортасы:

1-тапсырма. Шығармадағы кейіпкердің ішкі толғанысын сипаттайтын эпизодтарды тауып, іс-әрекетіне психологиялық баға бер

Кейіпкер	Кейіпкердің ішкі толғанысын суреттейтін эпизодтар	Кейіпкер әрекетіне психологиялық баға
Әбдірахман		
Шұға		

Дескриптор:

- кейіпкердің ішкі толғанысын суреттейтін эпизодтарды табады;
- кейіпкер әрекетіне психологиялық баға береді.

2-тапсырма. Екі кезең көрінісін салыстыра отырып, жаңашылдығына баға беріңіз.

Кезең	Махаббатқа көзқарас	Әлеуметтік жағдайдың әсері	Ұрпақтар сабақтасытығы
Оқиға болған кезең			

Қазіргі кезең			
Шығармадан қандай жаңашылдықты байқадыңыз?			

Дескриптор:

- екі кезең көрінісін салыстырады;
- жаңашылдығына баға береді.

Сабақтың соңы.

Рефлексия. «» тақтасында кері байланыс беріңіз:

Бүгінгі сабақта жеңіл болған 3 қадам

Бүгінгі сабақта қиын болған 3 қадам

Тақырып. Фариза Оңғарсынова. «Өлең, мен сені аялап өтем!»

Сынып: 9

Оқу мақсаты:

9. 3. 3. 1 шығарманың идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу;

1-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Өлеңде ақын поэзияны қалай сипаттайды?

2. Бұл көзқарасты жаһандық әдеби кеңістіктегі қандай ақындармен салыстыруға болады?

3. Өлеңнің идеясы қазіргі қоғамдағы рухани құндылықтармен қалай үндеседі?

Дескриптор:

- берілген сұрақтарға жауап береді.

2-тапсырма. Берілген жауаптар негізінде өлеңнің идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, «Өлең - деген құдірет қой, шынында» тақырыбында 120-150 сөзден тұратын әдеби эссе жазыңыз.

Дескриптор:

- өлеңнің идеясын анықтайды;
- ғаламдық тұрғыдан талдайды;
- әдеби эссе жазады;
- эссе талаптарын сақтайды.

Сабақтың соңы.

Рефлексия. «» тақтасында кері байланыс беріңіз:

Бүгінгі сабақта жеңіл болған 3 қадам

Бүгінгі сабақта қиын болған 3 қадам

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі білім беру жүйесінде оқыту мен бағалаудың өзара тығыз байланысы айқын көрініс табуда. Орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесін тиімді ұйымдастыру маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Әсіресе, 5–9-сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша бағалау түрлерін дұрыс және бірізді қолдану – білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға, функционалдық сауаттылығын дамытуға, білім сапасын арттыруға ықпал етеді.

Формативті және жиынтық бағалау – оқу жетістіктерін үздіксіз бақылап, оқу процесін жетілдіруге бағытталған құрал. Осы әдістемелік ұсынымда аталған бағалау түрлерінің теориялық және практикалық негіздері жүйеленіп, 5–9-сынып білім алушыларының жас ерекшелігіне, пәндік мазмұнға және оқу мақсаттарына сәйкестендірілген нұсқаулықтар берілді.

Формативті бағалау – оқыту барысында жүзеге асырылатын, кері байланыс арқылы білім алушыны ілгерілетуге бағытталған бағалау түрі. Оның негізгі мақсаты – білім алушының білім алу процесін қолдау және оқу мақсаттарына жетуін қамтамасыз ету.

5–9-сыныптарда формативті бағалау:

білім алушылардың білімін үнемі бақылауға мүмкіндік береді;

жеке оқу қарқыны мен қабілеттерін ескеруге жағдай жасайды;

білім алушыны өз жетістігін бағалауға, өздігінен даму дағдыларын қалыптастыруға үйретеді;

пәнге деген ынтасын арттырады.

Формативті бағалаудың әдістері ретінде педагогтар жиі қолданатын құралдар: ауызша және жазбаша кері байланыс, бақылау парақтары, өзін-өзі бағалау, жұптық және топтық бағалау, оқу күнделіктері және тағы басқалары.

Жиынтық бағалау оқу мазмұны мен оқу мақсаттарын меңгеру деңгейін анықтауға бағытталады. Бұл бағалау оқыту кезеңінің соңында (тоқсан немесе бөлім аяқталғанда) өткізіледі.

5–9-сыныптарда жиынтық бағалау тапсырмалары:

оқу мақсаттарына сәйкес құрастырылады;

түрлі деңгейдегі тапсырмаларды қамтиды (білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау);

пәндік білім мен дағдыны тұтастықта тексереді;

білім алушылардың функционалдық сауаттылығын бағалауға мүмкіндік береді.

Жиынтық бағалау кезінде педагог нақты бағалау критерийлері мен дескрипторлар негізінде бағалайды. Бұл бағалаудың әділдігі мен ашықтығын қамтамасыз етеді. Қазақ тілі және әдебиеті пәндерінің мазмұны білім алушылардың тілдік дағдысын, сөйлеу мәдениетін, әдеби-танымдық дүниетанымын қалыптастыруға бағытталған. Сондықтан бағалау жүйесі де осы мақсаттарға бейімделуі қажет.

Қазақ тілі пәні бойынша:

грамматикалық ережелерді дұрыс меңгеру; сөйлеу, жазу, тыңдау және оқу дағдыларының деңгейі; тілдік нормаларды сақтау арқылы өз ойын жеткізе білу.

Қазақ әдебиеті пәні бойынша:

көркем шығармаларды түсіну және талдау;

авторлық позицияны ұғыну;

әдеби кейіпкерлерге баға беру және өз көзқарасын білдіру;

мәтінмен жұмыс дағдысы, шығармашылық жұмыс жасау қабілеті.

Осы пәндерге тән бағалау тапсырмалары тек білімді тексерумен шектелмей, білім алушының ойлау, талдау және пікір айту қабілеттерін дамытуы қажет. Бағалаудың тиімділігін арттыруда педагогтың кәсіби құзыреттілігі маңызды рөл атқарады. Ол үшін:

бағалау критерийлерін дұрыс құру және қолдана білу;

объективтілік пен әділдікті сақтау;

білім алушыларға түсінікті, нақты кері байланыс ұсыну;

бағалау нәтижесін талдап, келесі оқыту стратегиясын жоспарлау қабілеттері қажет.

Сапалы бағалау:

оқу процесін жандандырады;

білім алушы мен педагог арасындағы өзара түсіністікті арттырады;

білім алушылардың рефлексия дағдыларын дамытады;

оқытудың нәтижелілігін қамтамасыз етеді.

Практикалық ұсыныстар:

Педагогтар формативті және жиынтық бағалау тапсырмаларын әзірлеу барысында оқу мақсаттарын басшылыққа алуы қажет.

Бағалау критерийлері мен дескрипторлар білім алушыға түсінікті тілмен құрылуы тиіс.

Бағалау тапсырмалары өмірмен байланысты, пәндік және метапәндік дағдыларды дамытуға бағытталған болуы керек.

Әр білім алушыға жеке оқу траекториясын анықтауда бағалау нәтижелерін талдау маңызды.

Бағалау нәтижесі бойынша жүргізілетін кері байланыс — білім алушының даму векторын дұрыс бағыттауға көмектесетін негізгі құрал.

5-9-сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен формативті және жиынтық бағалауды тиімді ұйымдастыру — оқыту сапасының артуына, білім алушылардың пәнге деген қызығушылығының нығаюына, жеке және академиялық дамуына негіз болады. Бұл әдістемелік ұсыным бағалаудың мазмұны мен құрылымын нақтылап, педагогқа әдістемелік қолдау көрсетеді.

Бағалау жүйесін жетілдіру – білім беру сапасын көтерудің негізгі кепілі. Сондықтан бағалауды оқытудың құрамдас бөлігі ретінде қарастырып, оны педагогикалық шеберлікпен үйлестіру – әрбір ұстаздың кәсіби жауапкершілігі. Алдағы уақытта бағалау мәдениетін дамыту мен жаңғырту бағытындағы жұмыстар жалғасын табуы тиіс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. (2021). Орта білім беру ұйымдары үшін оқу бағдарламалары (5–9 сыныптар). Астана.
2. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ. (2020). Формативті және жиынтық бағалау бойынша әдістемелік нұсқаулық. Астана.
3. ҚР Оқу-ағарту министрлігі. (2022). Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша критериалды бағалау жүйесі. Астана.
4. Black, P., & Wiliam, D. (1998). Inside the Black Box: Raising Standards Through Classroom Assessment. Phi Delta Kappan.
5. Омарова, А.Ш. (2019). Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы бағалау жүйесінің ерекшеліктері. – Алматы: Қазақ университеті.
6. ҚР БҒМ Ғ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. (2021). Орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында бағалау жүйесі.
7. Wiliam, D. (2011). Embedded Formative Assessment. Solution Tree Press.
8. Сейітова, З.Ә. (2020). Білім беру сапасын бағалау: әдіснамасы мен тәжірибесі. – Алматы: Рауан.
9. ҚР БҒМ. (2016). Бағалау критерийлеріне негізделген критериалды бағалау жүйесі туралы әдістемелік ұсынымдар. Астана.
10. Hattie, J., & Timperley, H. (2007). *The Power of Feedback*. Review of Educational Research, 77(1), 81–112.
11. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. (2021). Орта білім беру ұйымдары үшін оқу бағдарламалары (5–9 сыныптар). Астана.
12. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ. (2020). Формативті және жиынтық бағалау бойынша әдістемелік нұсқаулық. Астана.
13. ҚР Оқу-ағарту министрлігі. (2022). Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша критериалды бағалау жүйесі. Астана.
14. Black, P., & Wiliam, D. (1998). Inside the Black Box: Raising Standards Through Classroom Assessment. Phi Delta Kappan.
15. Омарова, А.Ш. (2019). Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы бағалау жүйесінің ерекшеліктері. – Алматы: Қазақ университеті.
16. ҚР БҒМ Ғ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. (2021). Орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында бағалау жүйесі.
17. Wiliam, D. (2011). Embedded Formative Assessment. Solution Tree Press.
18. Сейітова, З.Ә. (2020). Білім беру сапасын бағалау: әдіснамасы мен тәжірибесі. – Алматы: Рауан.
19. ҚР БҒМ. (2016). Бағалау критерийлеріне негізделген критериалды бағалау жүйесі туралы әдістемелік ұсынымдар. Астана.
20. Hattie, J., & Timperley, H. (2007). *The Power of Feedback*. Review of Educational Research, 77(1), 81–112.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	4
1. «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерінен формативті және жиынтық бағалаудың критерийлері мен әдістері.	5
2. «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерінен формативті және жиынтық бағалауды өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар.	70
Қорытынды	159
Пайдаланылған дереккөздердің тізімі	160